Частота ворса плюшевого трикотажа, получаемого на базе глади, равна 1. Это значит, что каждой петле грунта соответствует одна плюшевая протяжка. В данной работе решается задача изыскания таких способов вязания плюшевого трикотажа, которые позволяли бы снизить защемление нити и обеспечить нормальный процесс вязания без увеличения диаметра игольного цилиндра автомата. Для этой цели, было рекомендовано несколько вариантов структур платированного плюшевого трикотажа на базе глади, одним из которых является перекидной плюш, структура которого изображена на рис.2,б. Плюшевые петли 1 и 2 образованы из плюшевых нитей *би* попеременно через петельный столбик, поэтому плюшевые протяжки соединяют остовы плюшевых петель через иглу. Плюшевые петли закреплены в структуре грунта так же, как в обычном плюшевом трикотаже. Перекидной плюш может быть как полным, так и неполным. В полном перекидном плюше (см.рис.2,б) каждый ряд образован из трех нитей (двух плюшевых и одной грунтовой), а в неполном - из двух нитей (плюшевой и грунтовой). Количество плюшевых протяжек в полном перекидном плюше равно количеству грунтовых петель в трикотаже, а в неполном их в два раза меньше.

В неполном перекидном плюше плюшевые петли в структуре трикотажа могут располагаться по петельным столбикам (без сдвига) или в шахматном порядке (со сдвигом).

Недостатками неполного перекидного плюша являются неравномерная толщина трикотажа в результате чередования остовов петель из одной и двух нитей и более низкие теплозащитные свойства по сравнению с обычным плюшем, в связи с пониженной густотой ворса на поверхности полотна. Но расход сырья при выработке такого трикотажа значительно меньше, чем при выработке обычного плюшевого трикотажа.

Достоинства полного перекидного плюша по сравнению с неполным - это равномерная толщина полотна, повышенная вдвое густота ворса, лучшие теплозащитные свойства, а по сравнению с обычным плюшевым трикотажем - уменьшение защемления плюшевой нити при кулировании. Недостатком выработки полного перекидного плюша является увеличенная протяженность петлеобразующей системы.

Еще один вариант: плюшевый трикотаж, выработанный на базе глади, где плюшевая нить образует остовы петель на всех иглах подряд, а плюшевые протяжки - через иглу (рис.2,в). Такой трикотаж был назван комбинированным плюшевым трикотажем. Каждый ряд его состоит из петель грунта, образованных нитью *а*, и плюшевых петель 2, образованных плюшевой нитью *б*. В таком трикотаже в тех местах, где плюшевая протяжка не образована, плюшевая нить ввязывается в структуру грунта как обычная грунтовая. Таким образом, плюшевая петля оказывается провязанной вместе с грунтовой в остовах двух петель. Комбинированный плюш имеет более прочное закрепление плюшевых протяжек в структуре грунта, чем у рассмотренных выше вариантов плюша. Однако поскольку плюшевые протяжки образуются через петельный столбик, данный трикотаж обладает более низкими теплозащитными свойствами.

С целью повышения стабильности петельной структуры и уменьшения расхода сырья в работе [2] рекомендуется вырабатывать плюшевый трикотаж на базе глади при чередовании плюшевого петельного ряда с гладким. В этом трикотаже плюшевые протяжки образуются через петельный ряд, т.е. в одном петельном ряду плюшевая нить провязывается с грунтовой и формирует платированные петли, а в следующем ряду плюшевая нить провязывается с грунтовой и образует плюшевые петли.

Другой разновидностью трикотажа этого вида является плюшевый трикотаж, в котором плюшевые ряды чередуются с гладкими; при этом гладкий петельный ряд может быть образован только из одной грунтовой нити или плюшевой. Недостатки такого трикотажа: более низкие теплозащитные свойства по сравнению с обычным плюшевым трикотажем, появление поперечных полос на полотне из-за наличия в структуре трикотажа гладких петельных рядов.

С целью повышения качества трикотажа путем увеличения густоты плюшевого покрова в работе [2] предлагается вырабатывать плюшевый трикотаж на базе глади, в котором гладкие ряды, провязываемые из одной грунтовой нити, на некоторых участках образуют плюшевые протяжки. Структура этого вида трикотажа показана на рис.2,г. Трикотаж состоит из плюшевых и гладких петельных рядов. Плюшевый ряд образован из плюшевой нити *б* и грунтовой нити *а*, а гладкий ряд - из одной грунтовой нити *а*.

#### ВЫВОДЫ:

Наличие удлиненных протяжек на некоторых участках гладкого петельного ряда увеличивает густоту плюшевого покрова и повышает теплозащитные свойства трикотажа. Но необходимо отметить, что в связи с отсутствием второй соединительной нити во втором петельном ряду удлиненные

петельные протяжки 1, образованные из второй грунтовой нити, легко перейдут в остов петли, образовав увеличенные петли в полотне. Поэтому этот способ выработки плюшевого трикотажа нельзя рекомендовать для улучшения теплозащитных свойств трикотажа, его можно применять для создания рисунчатого эффекта на полотне.

#### **Literatura**

1. Мукимов М.М. Кулирный плюшевый трикотаж.- М.: Легпромбытиздат, 1991 г.- с.135.
2. Кудрявин Л.А. Основы технологии трикотажного производства: Учебное пособие для вузов 2001-496с.

#### **Abstract**

*This article considers the problem of finding ways to knit plush knitted which would allow to reduce the jamming of the thread and ensure the normal process of knitting without increasing the diameter of the needle cylinder machine. Also as a result of the study revealed that in the method of production of plushknitted-based coats with the location of plush broaches on the front side provides a higher heat-shielding properties of knitted fabric and products.*

УДК 629.366

**Ж.М.Тлеуова, М.М.Зерхатбек, А.М.Сейтханов**  
ЮКГУ им. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

### **РАЗВИТИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОГО СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО МАШИНОСТРОЕНИЯ**

В настоящее время важным вопросом экономического развития нашей области, как и всего нашего государства является повлиять на эффективность работы предприятий сельскохозяйственного машиностроения и пищевой промышленности.

Высокий экономический потенциал страны обеспечивается большой долей машиностроения в структуре обрабатывающих отраслей. Уровень развития машиностроительной отрасли характеризует развитие сфер базовых социальных производств и услуг сфера социальных производств потребляет машины для сельскохозяйственного производства. Производство машин разнообразного назначения углубляет разделение труда, специализацию предприятий на производстве отдельных комплектующих для конкретных машин. Разделение и специализация труда обусловили формирование трехстадийного процесса производства машин:

1. Создание заготовок, из которых производят детали и части машин. Одна заготовка может содержать металла на 30-50% больше, чем необходимо на одну деталь или часть.
2. Механическая обработка металлических заготовок и изготовление деталей и частей, вследствие которой 30-50% металла попадает в отходы и вновь переплавляется на металлургических предприятиях.
3. Сборка деталей, частей, то есть создание комплектующих агрегатов для выпуска готовых машин. Каждую стадию обеспечивают специализированные предприятия, которые изготавливают отдельные детали, узлы, агрегаты.

Специализация, то есть разделение функций, связанных с производством отдельных деталей, обуславливает потребность в кооперации - объединении усилий для изготовления конечного продукта. Кооперация проявляется в формировании внутриотраслевых и межотраслевых производственных, а также межотраслевых, и внутриотраслевых экономических связей. Углубленная специализация и кооперации производства обеспечивают снижение себестоимости единицы продукции, рост продуктивности, то есть увеличение единицы продукции в единицу времени. В настоящее время стоит вопрос преобразования отрасли таким образом, чтобы внутри страны изготавливались и машины и их комплектующие. Сельскохозяйственное машиностроение привязано к потребительскому фактору размещения. Развитые страны, добившиеся высочайшего уровня механизации сельского хозяйства, сокращают производство сельскохозяйственной техники, уделяя внимание повышению ее качества и технологических возможностей, постепенно уступают свое лидерство развивающимся странам по абсолютным показателям производства.

В результате развития агропромышленной интеграции, объединение и слияние сравнительно самостоятельных звеньев производства и переработки сельскохозяйственного сырья, доставки ее к потребителю формируется агропромышленный комплекс (АПК). Он является сложной производственной системой. Структуру АПК характеризуют по сферам деятельности, интеграции специализированных звеньев и территориальности.

Сельское хозяйство является стратегически значимой отраслью в экономике страны, поскольку вместе с пищевой индустрией формирует рынок продовольственных товаров и обеспечивает государственные резервы продовольствия. Уровень и качество развития сельскохозяйственного сектора напрямую определяет продовольственную безопасность страны, на которую в последние годы оказало влияние сокращение производства отечественных пищевых продуктов и рост объемов импорта продовольствия.

В Стратегии "Казахстан - 2050" сельское хозяйство и пищевая промышленность отмечены в числе приоритетных отраслей. К отраслям, играющим важную роль в развитии сельского хозяйства и экономики в целом, относится сельскохозяйственное машиностроение.

Развитие агропромышленной интеграции на основе формирования взаимовыгодных экономических отношений между сельскохозяйственными товаропроизводителями и переработчиками, а также другими участниками технологической цепочки требует паритета цен на промышленную и сельскохозяйственную продукцию. Данное условие определяет необходимость государственного регулирования цен на сельскохозяйственную продукцию, а также на основные виды материально-технических ресурсов, введения предельных цен на энергоносители, как это принято в большинстве развитых стран. Об этом в республике говорят многие ученые-аграрники, однако, на практике к установлению механизма государственного регулирования цен республика пока идет методом проб и ошибок, ведущим к потерям.

Развитие агропромышленного комплекса должно осуществляться на основе роста производительности, конкурентоспособности аграрно-индустриальных отраслей за счет развития конкурентных преимуществ отечественной продукции, диверсификации ее производства, наукоемких отраслей.

Как всякое современное производство, сельское хозяйство нуждается в эффективных средствах производства, их постоянном техническом обслуживании, современном сервисе. В

настоящее время наиболее актуальной задачей является обновление машинотракторного парка сельскохозяйственного производства. Так, средний возраст 80-84% зерноуборочных комбайнов и тракторов составляет 13-14 лет, при нормативном сроке эксплуатации 8-10 лет. Из наличия всей имеющейся техники подлежит списанию свыше 80% зерноуборочных комбайнов, более 85% тракторов и сеялок, около 90% жаток. Согласно экспертным расчетам, в масштабах страны потребность сельских товаропроизводителей в обновлении техники составляет 8 тысяч тракторов, 4 тысячи комбайнов, тысяча сеялок и жаток в год, на приобретение которых требуется денежных средств около 50 млрд. тенге.

#### **Производство продукции сельскохозяйственного машиностроения в Республике Казахстан**

<b>Наименование показателя</b>	<b>2009</b>	<b>2010</b>	<b>2012</b>	<b>2011</b>	<b>2013</b>	<b>1 полугодие 2014</b>
Производство сельскохозяйственной и лесохозяйственной техники, млн. тенге	10 357,4	8 319,5	8 317,1	12 242,7	21 536,3	7 485,7

Однако, в настоящее время, обновлять сельхозтехнику и оборудование в указанных объемах не представляется возможным. Это обусловлено низким платежеспособным спросом сельхозпроизводителей, диспаритетом цен на продукцию сельского хозяйства и машиностроения, низким уровнем услуг, оказываемых машинотракторными станциями (сервис-центрами) ввиду их неукomплектованности как техникой, так и оборудованием.

Вместе с тем, крупные и эффективные сельхозпроизводители располагают определенными возможностями обновления технико-технологического парка, однако, такая ситуация не характерна для большинства хозяйств. Предстоящее вступление Казахстана в ВТО (Всемирная Торговая Организация) в значительной степени отразится на развитии сельского хозяйства, поскольку усилится конкуренция на внутреннем рынке. В этой связи конкурентоспособность отрасли сельхозмашиностроения играет важную роль в обеспечении конкурентоспособности и устойчивости всего сельского хозяйства страны.

Вместе с тем, данная отрасль экономики потенциально располагает возможностями производства практически значительного перечня сельскохозяйственной техники и оборудования.

В стране в данное время работает более 100 ремонтных и производственных предприятий, выпускающих запасные части и оборудование сельскохозяйственного назначения. Объемы производства составляют около 6-7,5 млн. долларов США продукции, их доля на рынке равна 5%. В настоящее время на рынке сельхозмашиностроения наблюдается тенденция укрупнения основных игроков, которые занимаются как производством, так и продажами сельскохозяйственного оборудования и техники. Структурные изменения имеют место также среди основных потребителей сельхоз оборудования и техники, при этом характеристики спроса зависят от географического региона, климатических условий, размеров хозяйства.

Основными покупателями являются крупные зерновые компании (45%); сельскохозяйственные товаропроизводители (40%); реализаторы -посредники (15%).

На долю средних и малых предприятий, продающих запасные части, приходится около 50% рынка. По экспертным оценкам емкость рынка запасных частей для парка техники сельхозпроизводителей республики составляет 127 млн. долл. Объемы потребности в запасных частях варьируются по регионам республики в следующей последовательности: Северный Казахстан (Костанайская, Акмолинская, Северо-Казахстанская и север Карагандинской области); Южный Казахстан (Алматинская, Шымкентская, Жамбылская и Кызылординская области); Западный Казахстан (Актюбинская и Западно-Казахстанская области); Восточный Казахстан (Павлодарская и Восточно-Казахстанская области).

В настоящее время развитие сельхозмашиностроения Республики Казахстан характеризуются следующими особенностями:

1. Неустойчивость развития производства, которое имеет сильные периоды спада и относительного роста. В целом по объемам производства данный сектор экономики не достиг уровня докризисного периода и уровня 1992 г.

2. Опережающими темпами роста импорта над экспортом по всем видам сельскохозяйственного оборудования и техники.

3. Слабыми экспортными позициями, несмотря на наличие определенного производственного потенциала.

4. Низкой инвестиционной активностью и слабой материально-технической базой предприятий сектора.

5. Узким внутренним рынком и слабой динамикой потребления сельхоз-оборудования в силу недостаточной финансовой состоятельности основных потребителей – предприятий сельского хозяйства.

Слабость и неконкурентоспособность отечественного сельхозмашиностроения проявляется также в экспортных позициях отрасли. Так, в 2007 г. Казахстан, с долей в мировом экспорте менее 1%, занимал среди 180 стран мира следующие места по экспорту продукции сельскохозяйственного машиностроения в разрезе групп: сельхозоборудование для обработки почвы и культивации земли - 68 место; сельхозоборудование и техника для уборки урожая – 57 место; сельхозоборудование и техника для производства продуктов питания – 65 место; тракторы - 67 место.

Сельскохозяйственное машиностроение имеет приоритетное значение для развития экономики в целом, поскольку, производя продукцию со сложными технико технологическими параметрами, способствует достижению долгосрочной конкурентоспособности страны. Предполагается, что одним из перспективных направлений развития экономики Республики Казахстан является создание в стране кластера сельхозмашиностроения. Эта задача строится на объективных предпосылках, поскольку основной потребитель – сельское хозяйство формирует потенциально емкий рынок, учитывая долгосрочные цели выхода на экспортные рынки.

Министерство сельского хозяйства РК для разрешения указанной проблемы проводит комплекс мер, направленных на изучение потребности и определение оптимального парка машин. Очевидно, что данная работа требует четкой координации и взаимодействия различных структур - государственных органов, производителей, научно-исследовательских институтов, маркетинговых и консалтинговых организаций по оценке развития рынка продукции сельскохозяйственного машиностроения в РК.

Казахстан является привлекательной страной с точки зрения иностранных инвесторов, в том числе значительный интерес представляет агропромышленной сектор страны и сопряженные с ним отрасли, такие как сельскохозяйственное машиностроение. Сельхозмашиностроение РК имеет значительный потенциал развития, который позволяет обеспечить конкурентоспособность отрасли и добиться производства современных машин и оборудования, востребованных на внутреннем и внешних рынках.

Учитывая задачи предстоящего вступления РК в ВТО, необходимо обратить внимание на следующие моменты в управлении этой отраслью:

- повышение конкурентоспособности за счет сокращения издержек и оптимизации производства сельхозмашиностроения при условии объединения предприятий в единый технологический процесс;
- финансовая поддержка научно-исследовательской инфраструктуры отрасли;
- создание условий для роста инвестиций за счет налогового режима;
- выравнивание условий налогообложения импортной и отечественной продукции сельхозмашиностроения;
- оптимизация структуры отрасли сельхозмашиностроения и совершенствование механизмов ее управления;
- расширение производственной кооперации с зарубежными предприятиями по освоению производства высокотехнологичного сельхозоборудования и техники.

Анализ показывает, что отрасль сельхозмашиностроения РК имеет ряд основных проблем и узких мест с позиции развития конкурентоспособных производств. Изучение всей технологической цепочки производства сельхозмашиностроения в Казахстане показывает, что практически ни на одном из этапов страна не обладает значительными конкурентными преимуществами. Потенциал существует в зачаточном

виде и без соответствующей синергии между связанными в технологическом плане производствами достаточно сложно конкурировать с ведущими странами-экспортерами данной группы товаров

#### **Литература**

1. <http://depositfiles.com/>
2. Версан В.Г. Алгоритм анализа и выбора регулирующих воздействий в сфере оценки соответствия продукции требованиям технических регламентов // Сертификация. – 2009. – №3.
3. Абалкин Л.И. Экономическая энциклопедия. – М.: Экономика, 1999
4. И.П. Ксенович, В.М. Шарипов и др. Тракторы. Конструкция. М., Машиностроение, 2000.

#### **Түйін**

*Бұл мақалада ауыл шаруашылық машина жасау өнеркәсіп нарығының даму тенденциясы қарастырылған. Ауыл шаруашылық машина жасау өнеркәсіптерінің даму мәселелері және даму болашағы анықталған.*

#### **Summary**

*In the article the conceptions of tendency the development price the agricultural machine-building industry this article will consider. Questions the development price and perspective the development already determined.*

ИНФОРМАТИКА, ИТ – ТЕХНОЛОГИЯСЫ  
ИНФОРМАТИКА, ИТ-ТЕХНОЛОГИИ

---

ӘОЖ 004.42.056.53

**Н.С.Жұматаев, Р.Ж.Туребеков**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті,  
Шымкент, Қазақстан

**НЕЙРОНДЫ ЖЕЛІЛЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ АЛГОРИТМДЕРІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**Андатпа**

Бұл мақалада нейронды желілерді үйретудің заманауи алгоритмдерін бағдарламалық қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Ол үшін нейронды желілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандарды ажыратып тану үшін құрылған алгоритм бағдарламасы жасалған.

**Кілттік сөздер:** Нейрон, нейрожелі, эталон, тану, оқыту.

Қазіргі уақытта жасанды нейронды желілерге қызығушылықтың күрт өсуі байқалуда. Оның негізгі себептері: перцептрон моделінің ішіндегі теориялық қиындықтардың шешілуі; пайда болған қуатты да арзан процессорлар; нашар формализацияланған нақты есептерді нейрондық желі технологиясымен модельдеу мүмкіндігінің артуы [1].

Қазіргі кезде символдарды танудың бірнеше белсенді жүйелер бар. Олар шектелген тілдерді және шектелген мүмкіндіктерді іске асырады. Осы жүйелердің өзінде де кемшіліктер бар.

**Зерттеу жұмысының мақсаты.**

Арнайы терезедегі сандарды ажыратып танудың оңтайлы әдісін өңдеу, еске сақтау; мәтіндерді ажыратып танудың ең тиімді деген және ең қолайлы деген әдістерін түзету және толықтыру; қолдануға ыңғайлы, қолайлы және ықшам келген анықтау жүйесін жасау; суреттегі бейнені ажыратып-тану әдістерін бағдарламалық қамтамасыз ету; осы уақытқа дейінгі анықтау әдістерін зерттеу, жетілдіру.

Нейрожелілерді құрмас бұрын, келесі мәселелердің басын айқындап алу керек:

1. Желінің түрін (сәулетін) таңдау (қанша нейрон, кірістер саны, беретін функциялар түрі, кіріс және шығыс мәндері қалай анықталады т.с.с.)

2. Желінің салмағын (оқыту) таңдау (оқытудың қажеттілігі қандай, оқыту режимін анықтау, салмақтарын өзгерту әдістері мен алгоритмдері т.с.с.).

Ғылыми жаңалығы: осы уақытқа дейін болмаған, ең қарапайым әдіс – пиксель саны бойынша эталонмен салыстыру әдісінің өңделінген; осы әдісті анықтау жүйесіне енгізу және сандарды анықтау жүйесінен қатесіз өткізу ұйымдастырылған.

Нейронды желілердің кірісіне ақпаратты беру тәсілі және шығысымен ақпараттың бөліну тәсілі бойынша жіктеледі.

Оқытуды ұйымдастыру бойынша оқытушымен нейронды желілер (supervised neural networks) және оқытушысыз (nonsupervised) оқыту болып бөлінеді [4]. Оқытушымен оқыту кезеңінде нейронды желілердің дұрыстығын бағалайды деп тұжырымдалады және өзінің критерийлеріне сәйкес, нейронды желінің күйін өзгертеді немесе нейронды желіні, осылайша оның күйін өзгерту тетігін жібере отырып жазалайды. Оқыту тәсіліне қарай кіріс және шығыс бойынша оқыту деп бөлінеді. Кіріс бойынша оқыту кезінде оқытылатын мысал, тек кіріс сигналдар векторын көрсетеді, ал шығыс бойынша оқыту кезінде оған кіріс векторға сәйкес шығыс вектор сигналдары да кіреді.

Нейрондар моделінің ерекшеліктері бойынша әртүрлі сызықты емес бір параметрлі функциялармен бөлінеді [2, 3]. Сонымен қатар берілу функциялары көппараметрлі болуы да мүмкін.

Желіні оқыту – күрделі және ауқымды ғылыми процесс. Оқыту алгоритмдерін басқару олардың әртүрлі параметрлер мен баптауларын іске асыруға негізделеді.

Оқытуға қабілеттілік мидың негізгі қасиеті болып табылады. Әдетте, нейронды желі оқытуды оқытатын таңдама бойынша байланыстар салмағын баптауға сәйкестендіруге болады, яғни салмақтық коэффициенттерді интерактивті баптау бойынша іске асырады. Оқыту үдерісін құрастыру үшін бәрінен бұрын нейронды желі қолданылатын пән аймағынан желі үшін қажетті ақпаратты білетін сыртқы орта моделіне ие болуы қажет. Екіншіден, желінің салмақтық параметрлерін қалай өзгертуге

болатынын және баптау үдерісін қандай оқыту ережелері басқаратынын түсіну қажет. Оқыту алгоритмі салмақтарды баптау үшін оқыту ережелерін қолданатын процедураларды білдіреді.

Нейронды желіні оқыту үшін тану сапасын анықтау қажет. Біз мұнда кең тарлаған нейронды желінің ортақквадратты қателік функциясын (СКО, MSE) пайдаланамыз:

$$E^p = \frac{1}{2} (D^p - O(I^p, W))^2$$

Бұл формулада  $E^p$  — р оқыту жұбының қателігі,  $D^p$  — жоспарланған желі шығысы,  $O(I^p, W)$  — желі шығысы. Оқытудың тапсырмасы мынадай: кез келген оқытылатын  $(I^p, D^p)$  жұптары үшін  $E^p$  минималды қателігін беруі үшін  $W$  таразысын күйге келтіру

$E^p$  қателігін минимизациялау үшін ең тиімді әдіс градиентті әдіс болып табылады. Егер  $E^p$  үшін Тейлора қатарын ашып жазсақ:

$$E(W) = E(W_c) + (W - W_c) \frac{dE(W_c)}{dW} + \frac{1}{2} (W - W_c)^2 \frac{d^2E(W_c)}{dW^2} + \dots$$

Мұнда да  $E$  — қателік функциясы,  $W_c$  — таразының кейбір бастапқы мәні. Мектеп математикасынан белгілі функцияның экстремумын табу үшін оның алғашқы туындысын алып, нолге теңестіру керек. Солай жасап, таразы бойынша қателіктің туынды функциясын аламыз:


$$\frac{dE(W)}{dW} = \frac{dE(W_c)}{dW} + (W - W_c) \frac{d^2E(W_c)}{dW^2}$$

Осыдан қателік функциясының минимал болуын есептейтін келесі формуланы аламыз:

$$W_{min} = W_c - \left( \frac{d^2E(W_c)}{dW^2} \right)^{-1} \frac{dE(W_c)}{dW}$$


Ажаратып тану- танылатын символдың 16·16 пикселдегі матрицасын эталон матрицасымен салыстыру арқылы жүзеге асады. Салыстыруды хог операциясының көмегімен элемент бойынша жүргіземіз. Нәтижесі - тестілінетін символ және эталондағы сәйкессіздік орындарындағы бірліктері бар 16x16 матрицасы. Сәйкессіздіктер санын есепке алу жолымен әрбір эталондық символ үшін мұндай ақпараты бар векторды құрастырамыз.  $(1 - \text{Result}[i] / 256) * 100\%$  параметріндегі  $\text{Result}[i]$  - i-ші символ үшін сәйкессіздіктер саны, бейненің нақты символға сәйкестік «ықтималдығын» көрсетеді.

Төменде қолжазбалық символды анықтайтын бағдарламалық жүйе терезесі көрсетілген. Мұнда анықтау жүйесі іске асырылады.



Сурет-1. 0 санын анықтау терезесі





Сурет -2. Нейрожелінің анықтау және оқыту терезесі.

Жалпы айтқанда, мәтінді ажыратып-тану жүйесі ақпараттық технологиялар жүйесінде толығымен жетілдірілмеген, зерттелмеген сала болып саналады. Ары қарай зерттеп, толықтыруларды енгізуді қажет етеді.

Эталонмен салыстыру әдісінің бірнеше құрылымы анықталды. Олардың өзіндік ерекшеліктері қарастырылды.

Зерттеу жұмысы көлемінде анықтау жүйесі, яғни бағдарламалық қамтама құрылды. Бұл бағдарлама оңтайлы, қарапайым түрде жасалынды. Құрылымы өте ықшам, қолданушыға арналған нұсқамасы бар.

Қазіргі кезде мәтінді анықтайтын бірнеше белсенді жүйелер бар. Олар шектелген тілдерді және шектелген мүмкіндіктерді іске асырады. Осы жүйелердің өзінде де кемшіліктер бар.

Зерттеу жұмысы кезінде келесілер орындалды:

мәтінді анықтаудың оңтайлы әдісін өңделінді; мәтіндерді анықтаудың ең тиімді деген және ең қолайлы деген әдістерін түзетілді және толықтырылды; қолдануға ыңғайлы, қолайлы және ықшам келген анықтау жүйесін жасалынды; осы уақытқа дейінгі анықтау әдістерін зерттеу, жетілдірілді;

Жұмыстың қорытындылары мен нәтижелерін тек мекемелер ғана емес, сонымен қатар жеке пайдаланушылар да қолдана алады. Ақпаратты өңдеумен айналысатын орындарда осы бағдарламалық қамтаманы кеңінен қолдануға болады. Баспахана және т.б. орындарда оңтайлы жүйені пайдалану мүмкіндігі бар.

#### Әдебиеттер

1. Розенблатт Ф. Принципы нейродинамики. Персептрон и теория механизмов мозга. – М.: Мир, 1965. – 480 с.
2. Розенблатт Ф. Принципы нейродинамики. Персептрон и теория механизмов мозга. – М.: Мир, 1965. – 480 с.
3. Фу К. Последовательные методы в распознавании образов и обучении машин. – М.: Наука, 1971.
4. Загоруйко Н. Г. Методы распознавания образов и их применение. – М.: Советское радио, 1972. – 288 с.
5. Айзерман М.А., Браверман Э.М., Розоноэр Л.И. Метод потенциальных функции в теории обучения машин. – М.: Наука, 1970. – 384 с.
6. Ту Дж., Гонсалес Р. Принципы распознавания образов. – М.: Мир,

#### Резюме

*В статье рассмотрено реализация алгоритмов обучения нейронных сетей*

#### Summary

*The article deals with the implementation of learning algorithms of neural networks*

ӘОЖ 003.26(043.3)

**Р.Т.Медетова, Г.А.Исахова, Ф.Ж.Аманова**

Шымкент Университеті, Жаңа технологиялар колледжі, Шымкент, Қазақстан

## **АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

### **Аңдатпа**

Көптеген ақпаратты қорғау криптографиялық шифрлауды жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

### **Базалық принциптер.**

Мәліметті қорғау қазіргі кезде ақпараттық жүйе есебінде белгілі бір ашық проблемалардың бірі болып тұр. Қазіргі кезде ақпаратты қорғауда үш базалық принципі тұжырымдалған:

• Тұтастық мәліметі – үзілуден қорғап және ақпаратты жіберіп алуда немесе оның жойылуын жүргізу;

- Ақпараттың конфиденциалдылығы;
- Авторластырылған қолданушыларға ақпараттың қатынасы.

Мәліметті қорғаумен байланысты проблемаларды қарастыра отырып қалаусыз мәліметтердің өзгерісіне немесе жоғалтуға әкеліп соқтыратын классификация үзілуіне және кіруге рұқсат сұрауы туындайды. Бұл қолданушыға қызмет көрсетуші және дөрекі қолданушының жұмысын жоғалтылған ақпараттың құрал – жабдықтың үзілуі болып табылады (архивтік мәліметтерді дұрыс сақтамас үшін мәлімет қолайлылығында міндетті бұзғаны үшін). Жұмысты бұзу түрлі қажетті ақпаратты қорғау үшін шифрлар құруға мүмкіндік туғызады.

Оларды үш түрлі класстарға бөлуге болады:

- Физикалық қорғау әдістері;
- Програмалық әдістері;
- Ұйымдастырушы шараларды қорғау;

*Ақпаратты қорғау* дискіні физикалық зақымданудан сақтау, дұрыс жұмыс істемейтін программаларды қолданбауға және жұмыс істеп отырған адам қателіктерін жібермеуге тырысуды айтамыз.

### **Ақпаратты қорғау негізгі функциялары:**

- Ақпаратты тасымалдаушыға пайдалану үшін беруді және сақтауды есептеу, кілттерді қорғайды;

- Құпия ақпаратты қорғау жүйесінің функциясын оперативті бақылау;

- Жаңа бағдарламалық құралдардың ақпаратты қабылдап өңдеу технология процесінің барысын бақылау;

- Қауіпті жағдайды хабарлау.

Ақпаратты қорғаудың базалық жүйесін құрудың келесі принциптеріне сүйенеді:

- Өңделетін ақпарат процедурасына мүмкіндігінше қатынасты шектеу;

- Санкциаланбаған қатынау мүмкіндігін тіркеу және кең түрде бақылау;

- Қорғаныс жүйесінің функцияналдық бақылауды қамтамасыз ету;

- Ақпаратты қорғау жүйесінің көлеңкесіздігі;

- Қорғау жүйесін пайдаланудың экономикалық тиімділігі.

Ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- Қорғалатын ақпаратқа жаман ниетті адамның жолын физикалық әдіспен жабу;

- Қатынасты басқару – компьютерлік ақпаратты жүйенің барлық ресурстарын пайдаланып бақылау;

Бүгінгі күні конфеденциалдық хабарламалардың көпшілігі (мысалы, юристік құжаттар, аурулар тарихы, банк операциялары т.б) компьютер арқылы беріледі. Ал компьютер арасындағы байланыстар қарапайым жүйедегі қорғалмаған байланыс, олай болса оп – оңай хабарламаларды ұрлауға, өшіруге т.б өзгертулер енгізуге болатындығы көрініп тұр. Бұдан біз қорытынды шығарсақ қоғамымызға криптологияның қажет екендігін айтуға болады.

Көне заманнан бастап 1949 жылға дейінгі кезеңді криптологияның ғылымға дейінгі дәуір деп атауға болады. Әрине, бұл сол кездегі криптология тарихына ешбір назар аудармағандық емес, керісінше онымен ғылым ретінде емес, бірыңғай өнер ретінде ғана айналысқан.

*Криптология термині* «sturtos–құпия» және «logos-хабар» деген ұғымдарды білдіретін грек сөздерінен шыққан.

*Криптология* екі бөлімге бөлінеді: криптография (шифрлау) және криптоанализ (криптоталдау).

*Криптография* мәліметтердің математикалық әдістердің іздеумен және зерттеумен айналысады және қарсылыстың хабарламаны ұрламауынан, өшіруінен, көруінен және тағы басқада өзгертулерден қорғау үшін хабарламаның түрленуін қарастырады.


*Криптоанализ* мәліметтерді кілтсіз ашудың жолдарың зерттеумен айналысады.

*Шифрлау* деп шифр арқылы ашық мәтіннің шифрмәтіне айналу процесін айтады. Ашық мәтінді шифрлау үшін криптограф әр қашан құпия кілті қолданады. Бұзып ашылуына қарсы тұра алатын шифрдың қабілетін шифрдың ұстамдылығы немесе мықтылығы дейміз.

*Дешифрлау* деп белгілі бір ережелер бойынша шифрланған мәтінді бастапқы мәтінге келтіру.

*Криптоталдаушы* шифрланған хабарды бұзып ашуға немесе кодталған сигналдарды өзгерте отырып хабарды нақтылы қабылдайтындай кері амал орындауға тырысады. Криптографиялық әдістердің негізгі бағыттарын пайдалану-байланыс каналдарды арқылы құпия мәліметтерді жеткізу (мысалы, электрондық почта), берілетін хабарлардың түпнұсқасын анықтау, құжаттар мен мәліметтерді құпияланған түрде сақтау.

Барлық криптографиялық әдістерді мынадай класстарға бөлуге болады (1-сурет)



1.1-сурет. Криптографиялық әдістер класы

*Кілт* — алушы қол жетерліктей жасайтын шифр және ол хабарды шифрлау жөніндегі нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Кілт шифрлау программасымен жасалады және әрбір пайдаланушының өзінікі болады. Мәтін шифрланған соң оны алушы өзінің жабық кілтінің көмегімен аша алады. Жеке кілтті пайдаланушы программа орнатқанда жасайды және оған бастапқы ақпарат ретінде беріледі.

Қорғау амалдарының мақсаты – бұл ақпараттық жүйе администраторын (АИС) тексеру ықтималдылығын ойластыру, залалданған жүйенің фактілерін анықтау; ақпараттық инфекцияның нәтижесінің әсерін азайту, вирустардың жайылып кетпеуін қадағалау немесе жою, ақпараттық жүйенің ақпараттарын қалпына келтіру болып табылады.


Ақпаратты рұқсат етілмей қол жетуден қорғау мәселесі жергілікті, әсіресе, ғалымдық компьютерлік желінің кеңінен таралуымен байланысты елеулі түрде шиеленісті. Ақпаратты қорғау иесі үшін бағалы ақпаратты жоғалту немесе жаңғыртып, жетілдіру, тарап кету ықтималдығын азайту үшін қажет.

Ақпарат пен оның құпиялығын немесе автономды жұмыс режиміндегі қорғау стратегиясы сайып келгенде біреу: ақпаратты бақылау. Сіз ақпараттың сақталу орнын, оған қол жеткізуді шектеу мен оның тұтастығын сақтауды бақылауыңыз керек. Негізгі стратегияларды атап көрсетейік.

*Жүйені қорғау.* Жұмыста да, үйде де компьютеріңізге пайдаланушылардың қолы жетуін, мүмкіндігінше, әрқашан және қайда болмасын шектеңіз. Бұл үшін компьютерді заттай орналастыру және парольмен қорғау сияқты мүмкіндіктерді қарастыруға болады. Бұл шығу тегі белгісіз программамен қамтамасыз ету көмегімен жанама жетуге де қатысты, бұл вирус программасы немесе Троян аты болуы мүмкін.

*Ақпаратты жасыру.* Егер сіздің ақпараттарыңыздың қайда сақталатындығын өзіңізден басқа ешкім білмесе, ақпараттың құпиялығының бұзылуы немесе ақпараттың бүліну қаупі едәуір азаяды. Бұл үшін файлдардың жалған аттары немесе файлдар немесе каталогтардың «көрінбейтін» аттары сияқты айла – шарғыны қолдануға болады. Мәліметтеріңіздің барлық іздерін өшірген жән, бұл бәрінен бұрын ашық файлдар мәзірін және Windows құжаттарын тазалауды меңзейді.

Шифрлау жүйесінің классификациясы



2-сурет. Шифрлық мәліметтерді классификациялау әдісі


Мыңдаған жылдар бойы криптография ұғымы әскери және дипломатиялық байланыстарды қорғау үшін қолданылып келеді.

Криптографиялық әдістерді қолдану барысында симметриялық және ассимметриялық криптожүйелер және Хэш функциялары пайда болды.

DES, IDEA (Enternational DATA Encryption Algorithm), AES, SkipJack, Blowfish, RC 5, RC 4, ГОСТ 28147- 89 және т.б криптожүйелер симметриялық криптоалгоритмдер қатарына жатады, ал RSA (R. Rivest, A. Shanir., Adelman), Эль-Гамаль, Полига-Хелман, Месси-Омур және т.б криптожүйелер ассимметриялық алгоритмдер қатарына жатады.


Симметриялық криптоалгоритмдер деп ақпаратты шифрлау және дешифрлау бірғана кілт арқылы қолданады. Мұндай шифрлауды бір кілтпен екілік шифрлау дейміз. Мәтін бірінші кілтпен шифрланып, сосын алынған шифрмәтін бірінші кілтпен дешифрланады (3-сурет).

Симметриялық шифрлау екіге бөлінеді *блокты* шифрлау және *толассыз* шифрлау. Блокты шифрлау деп мәлімет алдын ала берілген ұзындықтағы блоктарға (32, 64 және 128 бит) бөлінуді, ал толассыз шифрлы мәліметтерді блоктарға бөлу мүмкін болмаған жағадайды айтамыз.



3-сурет. Симметриялық криптожүйенің орындалу блок-схемасы

Ассиметриялық криптожүйе деп ақпаратты шифрлау және дешифрлау үшін екі кілт қолданыды. Біріншісі ашық кілт, ал екіншісі-құпия кілт болуы тиіс (4-сурет). Қазіргі кезде шифрлау әдістерін ашық кілтпен шифрлауды 1976 жылы Уитфилд Диффи және Мартин Хеллман ұсынды, ал оны бірінші тәжірибе жүзінде жүзеге Рональд Ривест, Эди Шамир және Леонард Эдлеман RSA криптоалгоритмінде қолданған болатын.



4-сурет. Ассиметриялық криптожүйенің орындалу блок-схемасы

**Әдебиеттер**

1. Атака из Internet/ И. Д. Медведовский, П. В. Семейнов, Д. Г. Леонов, А.В. Лукацкий – М.: Солон – Р, 2002.-368 с.
2. Абуов.А.Х, Абуова.Ж.К «Компьютер үйренудің нәтижелі әдісі»
3. Белов Г.В «Информационные технологий предпринимательства»
4. Бояринов Д.Б Интернет скоро умрет? // Новое время, 2003, №5,с.39
5. Балапанов.Е.Қ, Бөрібаев.Б.Б, Дәулетқұлов.А.Б «Жаңа информациялық технологиялар»
6. Байжұманов.М.Қ, Жапсарбаев.А.Қ «Информатика»
7. Баричев.С «Криптография без секретов»
8. Байшоланова.Қ.С «Ақпараттық жүйелер теориясы»
9. Козлов.Д.А, Парандовский.А.А, Парандовский.А.К «Энциклопедия компьютерных вирусов» – М: Солон-Р, 2002.-458с.
10. Салисонов.Б.Б «Теория информации и кодирование»
11. Семенов.М.И, Трубилин.В.И, Барановская.Т.П «Автоматизированные информационные технологий в экономике»
12. Симоновича.С.В «Информатика для юристов и экономистов»
13. Фаронов. В.В Turba Pascal 7.0
14. Э.П. Голенищев, И.В. Клименко «Информационное обеспечение систем управления»

**Резюме**

*Рассматриваются виды шифрование в трех базовых принципах: без перебойные информации, конфиденциальность информации, авторские права.*

**Summary**

*The types cryptooperation are Considered in three base principles: without nepeбойные of information, confidentiality to information, copyrights*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

---

ӘОЖ 241.5

Ж.Ж.Айтүреева

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ–ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Мектеп оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру олардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуына, оқыту-тәрбиелеу ұстанымдары мен әдістеріне, формаларына тәуелді екендігі белгілі. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру проблемасының өзектілігі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің қарқынды жүруімен, сонымен бірге мектеп жасындағы балалардың қарым-қатынасқа түсу қабілеттеріне, оқушының жеткіншек шағындағы мінез-құлқының қалыптасуына мектеп, қоғамдық орта, отбасы ерекше әсер ететіндігі анықталды.

**Кілттік сөздер:** «коммуникативтік құзыреттілік», «құзыреттілік», «құзырет», «шағын топ», «жас ерекшелік кризисі», «жеткіншек», «мінез-құлқы», «тұлға»

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді жас ерекшеліктері деп атайды. Педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын коммуникативтік қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Әрине, оқушылардың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқтық емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады. Сана-сезімнің, дене күш-қуаттарының даму адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Оқушының жасы өскен сайын бойлары өсіп, денелері тұлғаланып, ақыл-саналары дамып, білімдері тереңдей бастайды. Оқушылардың жас ерекшелігін есепке алу, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі болып саналады. Қоғамда атқаратын рөлі, белгілі құқығы бар адамды жеке адам деп түсінеміз, ал, қалыптасу дегеніміз – адамның жеке басының даму мен тәрбиесінің нәтижесінде жетілуі, саналы өмір сүруге дайын болуы. Жас ұрпақтық қоғамдық өмірге және еңбекке араласуға дайындау міндетін іске асыруда, оқушының жеке басын қалыптастыруға әсер ететін тәрбие, қоғамдық, әлеуметтік орта және тұқым қуалаушылық.

Тәрбие ісінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі педагогтер Я. Коменский, Ж. Руссо тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруға үндеген болатын. Қазіргі педагогика және психология ғылымдары балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордың рөлін айрықша көрсетеді. Педагогика ғылымы жас ерекшеліктерін анықтауға баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады.

Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бет бұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл ең тынымсыз, ең қиын, ең қызба кезең. Жеткіншек кезеңнің дамуының аса маңызды факторы – оның белсенділігі, ол белгілі бір игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады.

Жеткіншек кезеңінде балалар өздерін ересек етіп сезінгенмен, олардың сырт пішіні, мінез-құлқы ересектерге ұқсамайды. Жеткіншектер көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып тентектіктер жасайды, әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін» - деген түсініктің пайда бола бастауы, өзіне жұрттың осылай деп қарауын қалайды. Мектеп пен оқу жеткіншектердің өмірінде алкен орын алады. Оқу қызметіндегі олқылықтардың сырттай көріну дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін. Жеткіншектер білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдерді бағалайды және оларды жақсы көреді. Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақты дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының

жеткіншек шағы ең қиын кез болып есептеледі. Балалардың тәртібі нашарлап, сабаққа үлгерімі төмендейді, қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас та қалыпты болмайды. Ол өмірдің тұрмыстық қарым-қатынастарына еніп, енді тек өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ғана емес, сонымен бірге өзі теориялық жағынан игерген қағидалар бойынша коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі және адамдардың мінез-құлқын, қоғамдық құбылыстарды бағалауда ешкіммен ымыраға келмейтін, өз дегенім болсын дейтін әдет табады. Ол -айналадағының бәрінің сыншысы. Ол өзі жақсы көретін адамдардың кемшілігін де көргіш болады және сол үшін қиналады. Кез келген жалғандық оның ызасын тудырады және көңілін қалдырады.

Жолдастарымен қарым-қатынас жеткіншек үшін ерекше құндылыққа ие болады. Л.Я.Гозман көрсеткендей, бұл қатынастардың бала үшін маңыздылығы соншалықты жоғары бағаланатындығынан олар ата-ана, туандарымен қарым-қатынастардың тартымдылығын едәуір азайтып, оқудың өзін екінші қатарға ығыстырады [1]. Жеткіншек үшін құрдастарымен қарым-қатынасы оның жеке басының қатынас сферасы болып сараланып, бұл бағытта ол дербес іс-әрекет етеді. Ол бұған хақым бар деп санайды, өзінің құқығын қорғайды, нақ осы себептен де ересектердің бұл салаға араласуын жәбірлеу деп санап, оған қарсы шығады.

Л.Я.Гозман эмоционалдық қарым-қатынасты жолдастық, достық, сүйіспеншілік, қастандық түрлерге бөліп көрсетеді. Олардың әрқайсысының жеткіншек өмірінде өз орны бар. Жеткіншекте, бір жағынан, құрдастарымен қарым-қатынас, бірлесіп іс-әрекет жасауға ұмтылу, ұжымда өмір сүргісі келіп, жақын жолдас, дос тауып алуға ұмтылу өте айқын көрінеді, екінші жағынан, жолдастарының арасында қабылданып, танылуға, олардың мұны сыйлауына жетуге ұмтылу одан кем түспейді. Мұның өзі аса маңызды қажеттілікке айналады. Сыныптастары мен қарым-қатынастардағы қолайсыздықтар, жақын жолдасының, досының болмауы немесе достарының одан ажырасып кетуі барынша күйзелтіп, баланың жеке басының драмасы деп қабылданады. Жеткіншек үшін ең қолайсыз жағдай - ұжымның, жолдастарының оны шындап кінәлауы, онымен қарым-қатынас жасағысы келмеуі болады, ал ең ауыр жаза өзіне ашықтан-ашық немесе жасырын бойкот жасауы болмақ. Өзінің жалғыздығын сезіну жеткіншек үшін төзгісіз, ауыр жағдай. Сыныптастарымен қатынастардың қолайсыздығы оны өз мектебінен басқа жерден жолдас, дос іздеуге итермелейді. Әдетте, оларды тапқанымен, бұлар әр кезде бірдей жақсы болып шыға бермейді. Мұндай фактілердің күйінішті зардаптары болатын жағдайлары көп кездеседі.

Жеткіншектің жолдастарының назарын өзіне аударуға, олардың ынтасын туғызып, жақсы көрінуге ұмтылуы түрліше болып көрінуі мүмкін: бұлардың өз қасиеттерін тікелей көрсетуде ересектер қоятын талаптарды орындамау да болуы, сондай-ақ қиқандап, сайқымазақтану, күлдіруге тырысқан іс-әрекеттер, өтірік-шыны аралас әр түрлі жайларды айту болуы мүмкін. Е.Я.Мелибурданың жүргізген зерттеуінде жеткіншектердің қырсық мінез көрсетуінің бір себебі өз жолдастарының назарын аудару екендігін дәлелдеген [2].

Жолдастық қарым-қатынас жеткіншектер өмірінде үлкен орын алады. Жеткіншектердің өзара және топтасқан қарым-қатынастары көбінесе ересектермен қарым-қатынастарға тәуелсіз тіпті олардың дегендері мен ықпалдарына қарсы болып та қалыптасады. Бұл қарым-қатынастардың өз мазмұны мен даму логикасы болады. Егер төменгі сыныптарда ұжымтегі алатын орны негізінен оқу үлгеріміне, тәртібі мен қоғамдық белсенділігіне, яғни баланың ересектер қоятын талаптарды қалай орындайтынына байланысты болса, жеткіншектер үшін басқа қасиеттер: досы мен жолдасының қасиеттері, зеректігі мен білімділігі (тек оқу үлгерімі ғана емес), батылдығы өзін-өзі ұстай білуі неғұрлым маңызды бола бастайды. Әр түрлі сыныптарда (жеткіншектер топтарында) бұл жақсы жақтардың құндылық дәрежесінің түрлі баспалдағы бар, бірақ олардың біреуі- жолдастық қасиеттер әрқашан бірінші орынға қойылады. Жеткіншектер әншейін танымал болып қана қоймай, олардың ризалығы мен құрметіне бөлену үшін ең алдымен жақсы жолдасы болуы керек. Осыған байланысты жеткіншектік кезеңнің басында бұрын танымал болған балалардың тобында өзгеріс болатыны жиі кездеседі: біріншіден, бұрынғы беделділер, кетіп, олардың орнына жаңалары шығады, екіншіден, сынып активінің неғұрлым сыйлы әрі беделді жеткіншектер тобы болмауы жиі байқалады, өйткені көптеген мұғалімдердің активті құрғанда олардың жолдастық қасиеттерін ескермей, үлгерімі жақсы және тәртіпті балаларды алатыны жиі кездеседі. Жеткіншектер мұны әсте қабылдамайды, өйткені олар ересектердің де, жолдастарының да қарым-қатынастарына сол бір негізгі талап тұрғысынан қарайды - адамшылық қадір-қасиет пен жеке басты құрметтеуді талап етеді.

Бұл талап жеткіншектердің жолдастық кодексінің өзегі болып табылады, оның нормалары әр түрлі негіздерден: ересектерден, жасы үлкенірек балалардан, кітаптар мен кинофильмдерден (олар бұл нормаларды көрсетіп, түсіндіруде маңызды роль атқарады) ұғынылып, қабылданады. Жеткіншектердің жолдастық кодексінің ең маңызды нормалары қадір-қасиетті сыйлау, теңдік, шын берілгендік, жолдасына көмектесу, адалдық. Жеткіншектердің ортасында әрбіреуінің өз жолдасына, тобына, сыныпына қатысты іс-әрекеттері ескерусіз қалмайды және бұл нормаларға сай келетіні-келмейтіні



бағаланып отырады. Сондықтан жеткіншектер жолдасына, тобына «опасыздықты», уәде бұзуды, көмектеспей қоюды, өзімшілдік пен сараңдықты, бірінші болсам, басқарсам деген ниеттерді, менменсіп, өзін-өзі дәріптеуді, жолдасының пікірімен санасқысы келмеуді, сөзімен, күш көрсетіп, айламен, көзінше немесе сыртынан, тікелей не жанамалап болсын жолдасының қадірін түсіруді бірауыздан айыптайды. Мұндай қылықтар жәбірлесу, қақтығыстар, жанжалдар туғызады. Жолдасының өзін-өзі сыйлаушылығы, өз пікірі болмауы, өзінің айтқанынан қайтпай, жәбірлеушіге қарсыласа алмауы да айыпталады, ал «жағымпаздар», алуан түрлі бейімделгіштер мүлдем жеккөрінішті болады. Бұл айтылғандарға қарама-қарсы қасиеттер жеткіншекте қалыптасатын этикалық мұраттың негізі болып, жолдасының қасиеттерімен қарым-қатынасқа осы тұрғыдан талап қойылады.

Жеткіншектер өз құрдастарының іскерлігін жоғары бағалап, олармен іскерлік қатынасқа түскенде барлық берген нұсқауларын ризашылықпен, сыйластықпен орындайды. Олар іскер басшы құрдастарына бағына біледі, жолдастарымен қатар тұра алады, өз міндеттерін үлгілі атқарады, ортақ табысқа жанын салады, басқалар үшін қиын не жағымсыз жұмысқа бірінші болып кіріседі, жолдастарын құрметтеп, айғай шусыз мазасыз ақыл үйрете бермей, сабырлықпен қарайды, қажет бола қалса көмекке келеді жолдасын сыйлай білу жеткіншектермен іскерлік қарым-қатынас жасау үшін қажетті қасиет. Жеткіншектерді іскерлік қатнастарында мінез құлықтың дұрыс формаларына баулу мұғалімнің жұмысының маңызды міндеті болуға тиіс.

Жеткіншектік жас кезеңінде балалар арасында достық қатынас ерекше орын алады. Жеткіншектердің достығын зерттеген И.С.Кон [3]. оны терең мазмұнды, асыл қазына ретінде бағалайтынын атап өтеді. Жеткіншектің жеке басының әлуметтік-моральдық ересектігінің дамуында қарым-қатнастың ерекше түрі – жақын жолдастармен және досы мен қарым қатынас маңызды роль атқарады. Жылдар өткен сайын олар неғұрлым қажет бола түседі. Жеткіншектер сыйлы, беделді, қайсы бір салада озық сыныптастарымен қарым-қатынас жасауға ұмтылады. Мұндайда жолдастық қасиеттер, білімділік қолынан бәрі де келетіндіктер батылдық, спорттағы жетістіктер, сырт пішінің ересек болып көрінетіндігі, өзін-өзі ұстау мәнері романтикалық сипаттағы қарым-қатынастардағы тәжірибе, қатынастардағы дербестік секілді алуан түрлі жайлар тартымды болуы мүмкін.

Жеткіншек өтпелі кезеңнің ең басты процесінің бірі - жеткіншектің өз ата-аналарымен, мұғалімдерімен және жалпы үлкендермен, құрбыларымен, барлық жағдайы бойынша өзіне тең немесе тең еместермен қарым-қатынасында қайта бейімделу байқалады. Бұл қайта бейімделу жағдайы бірте-бірте болуы мүмкін немесе аяқ астынан мінез көрсетеді. Жеткіншек үшін үлкендер мен өз қатарластары мәртебесінің деңгейі бірдей болмайтындығынан қайта бейімделу процесі әртүрлі көрініс береді.

Жеткіншектерді өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі – өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасын, әлемдегі өзінің орнын Жеткіншек өзіне дос болатын адамды өз ұжымындағы жолдастарының арасынан табады. Жеткіншектің досы – ол тек бірге ойнайтын, жанжалдасып қалатын, татуласатын, бірге сапарға шығатын жолдас қана емес. Ол – жеткіншектің екінші өзі, ол оның ойын білетін қызығушылықтары мен сезімдерінің куәгері және жақсы ниеттегі сыншысы.

Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идея:

- іс-әрекет түрлеріндегі жетістікке жағдай жасау;
- сынып ұжымы алдында өзін-өзі сенімді ұстауына мүмкіндік береді;
- құндылықтарын қалыптастыру;
- мінез-құлқы мен рухани дамуына қарым-қатынастарын ұлғайтады.

Осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті мұғалімдердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады.

Оқушы, мұғалім, ата-ана балаларды тәрбиелеудегі бірлікті қамтамасыз ету. Мұғалім мен оқушылардың қатынасуында көптеген жағдайлар бар. Жеткіншек жасөспіріммен қарым-қатынастың жетілуі олардың көңіл-күйінің төмендеуіне байланысты күрделіленеді – ол жеңіл және еркіндіктен бастап, тез жараланатын күйбелектікке дейін өзгеруі мүмкін. Мұғалім кез-келген нақты жағдайда дұрыс бағытталған оқушының көптеген сапаларын жұмсартуға арналған ерекше жалғыз қатынасу жолын таба білуі қажет. Мұғалім оқушыларға өз сезімдерін басқара алуға, шындықты қабылдай алуға, басқа адамдармен қатынасуын бағалай алуға үйреткені жөн.

Жеткіншек жастың ерекшеліктері:

- барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкендердің қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келуі;
- үйге берілген тапсырмаларды жаттап алмастан өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысуы;

– үлкендерге сын көзбен қарап, олардың айтқанын сынап-мінеп, кей кезде өрескіл мінез көрсетуі; жеткіншек істі игеру жағынан өлі бала болса, ал талап қою жағынан ересек, өз мүмкіндігін жоғары бағалап, бәрін өзі істей алатындай сезінуі.

Жалпы, жеткіншектік жас адам өміріндегі критикалық кезеңге жатады. Оның пайда болу себептері, сипаты мен мағынасы әртүрлі психологтармен түрліше түсіндіріледі. Көптеген авторлар бұл кезеңді кедергісіз де өтудің мүмкіндігін атап көрсетеді. Кризис бұл жағдайда үлкендердің толығымен жеткіншектерге деген дұрыс емес қатынасы ретінде қарастырылады және баланың жаңа жас кезеңіндегі алдында тұрған мәселелерді қарсы ала алмауынан түсіндіріледі Л.С. Выготский кризистің әрбір негативті симптомдарында «белгілі бір позитивті мазмұн болады» деп атап көрсетеді. Яғни, бұл мәлімет бойынша, үлкендердің жаңа қажеттіліктерді реализациялау үшін жағдай жасау жолымен кризистің пайда болуымен қашуы нәтижесіз болып табылатындығы шығады. Жеткіншектік кезеңдегі кризис дамудың басқа да критикалық кезеңдері сияқты үш фазамен орындалады:

1. Негативті, яғни ескі әдеттердің, стереотиптердің қалуы, бұрынғы қалыптасқан құрылымдардың құлауы.

2. Кризистің кульминациялық нүктесі жеткіншектік жаста -13 жас.

3. Посткритикалық фаза, яғни, жаңа құрылымның қалыптасуы, жаңа қатынастың құрылуы.

Психологияда жас ерекшелік кризисінің пайда болуының екі негізгі бағыты көрсетілген:

1. Тәуелсіз кризис-біршама кең тараған түрі. Оның симптомдары -еріктік мінезділік, негативтілік, үлкендерлі мойындамау, олардың талаптарына деген бейкөзқарас, қызғаныш т.с.с. Әрине бұл «симптомдар жиынтығы» әр жас ерекшелігіне байланысты әртүрлі көрінеді.

2. Тәуелді кризис - бұл біріншіге қарама-қарсы: шектен тыс тыңдаушылық үлкендерге немесе күштілерге тәуелділік, бұрынғы қызықтарға, мінез-құлық формаларының регрестілік т.с.с.Егер тәуелсіздік кризисі- алға ұмтылу, ескі нормалармен ережелерден шығу болса, тәуелділік кризисі- артқа шегіну болып табылады.

Бұл екеуі де өзін анықтау варианттары. Бірінші жағдаймен енді бала емеспін қызбын» десе, екінші жағдайда «мен әлі баламын және бала болып қалғым келеді» деген бір-біріне қарама-қарсы ағымдар. Даму бойынша біршама жақсы әсер ететін бірінші вариант. Ж.Плаженің зерттеулеріне сүйенетін болсақ, тұлғаның ағымдық қасиеттерінің дамуы 12-13 жаста жаңа мағынаға ие болады екен,яғни шын өмір рамкасынан шығатын бағалықтар мен идеалдар мен адам үшін маңызды болып табылады: әлеуметтік шындық, бостандық достық, махаббат, ашық, ашықтық т.б.Бұл түсініктердің барлығы жеткіншектер үшін эмоционалды боялған, жекелік маңызды. Бірақ бұл құндылықтар даму ерекшеліктері қабылдауға әсер етеді, ең алдымен «танымдық эгоцентризм» жеткіншек үшін айналадағы өмірге қарағанда біршама реалды болып табылады. Жеткіншектер қызығуларының өзіндік сипаты болып, олардың алды-артына қарамай бір нәрсемен айналысу. Жеткіншектердің мұндай мінез-құлқына әсер ететін нақты әсерлер - қажеттіліктің күштілігі, интенсивтілік және эмоционалды реакцияның өткірлігі. Бұл кезеңдегі оқушылардың жоғары бағалылық орын алады, бұл кезде оқушы еш нәрсе көрмейді де естімейді де. Егер мұның бәрі ситуативті туса онда одан оншалықты қорқуға болмайды. Бірақ оның жиі қайталануы жеткіншектерді инфантилизмге ұшыратады, өйткені 13-14 жастағы балада мотивтер иерархиясы қалыптаса қоймаған, жүйелі қызығушылық жоқ,оның мотивациялық сферасы әлі кедей. Бұларменжұмыс істегенде олардың қызығушылығын арттыру керек.

Жеткіншектік қатарларымен дұрыс қатынас жасамауы, қатарластарымен дұрыс достық қатынасты құра алмау, оларда даралық аномалды дамуды туғызады.

Жеткіншек жас кезеңінде организмнің қайта құрылуымен байланысты жеткіншектер жаңа проблемаларды шешуі керек. Бала бұл проблемаларды өз бетімен шешуге мүмкіндігі болмай қалады.

Мектеп жасында негізінен есте ұстау, ерік аңғарымдылығы сияқты психологиялық қабілеттерқалыптасып, баланың ерік-жігері жетіле түседі. Бұл – психологиялық жағынан ерекше атап өтетін кезең.

Жеткіншектің психикалық іс-әрекет динамизмі ұқсас мөлшерде оны әлеуметтік жағымды, сол сияқты әлеуметті теріс ықпалдар бағытына бейімді етеді.

Адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі - жеткіншектік кезең (12-13жас). Бұл кезеңде жеткіншек бала да емес, ересек те емес. Осы кезең адамның «әлеуметтік импринтинг» жасы.Яғни, адам барлық жағдайға жоғары деңгейде әсерлене отырып, ересек бола бастайды.

Осы жас кезеңіне тән бірқатар мінез-құлық стереотиптері бар:

1) Оппозиция реакциясы - жеткіншек мінез-құлқы және іс-әрекетіне қарсылық мөлшерден тыс шектеулер, үлкендердің оның қызығушылықтарына немқұрайлы қарау негізінде туындайды.

2) Имитация реакциясы-белгілі бір адамға, бейнеге еліктеу негізінде байқалады.

3) Теріс имитация реакциясы-белгіленген модельге қарама-қайшы мінез-құлық негізіндепайда болады.

4) Орын толтыру (компенсация) реакциясы - бір саладағы сәтсіздік екінші саладағы табыспен толықтырылады.

5) Гиперкомпенсация реакциясы - өзі үшін қиын салада табысты ұмтылу.

6) Эмансипация реакциясы - үлкендердің қорғауынан босануға ұмтылу, өзіндік тұжырымдалу.

7) Топтау реакциясы - құрбыларын топтарға біріктіру.

8) Қызығушылық реакциясы жеткіншек қызығушылықтарының түрлі бағыттарында көрінеді.

Жеке адамның бір-бірінен ажырағысыз және оған пәрменді түрде ықпал ететін тұлғалық ерекшеліктері өзара байланысты. Анықтауыш қасиеттер - жеке адамның әлеуметтік сипаттамасы, оның себептері, мүдделері, мақсаттары. Жеке адам болу үшін психикалық дамудық белгілі бір дәрежесіне өтіп, басқа адамдарға қарағанда ерекшелігі бар екенін білетіндей біртұтас тұлға болуы тиіс. Өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның орнығып, жетілуін қалыптасу деп атайды.

Сонымен, оқушының жеткіншек шағындағы мінез-құлқын қалыптасуына мектеп, қоғамдық орта, отбасы ерекше әсер ететіндігін белгілі болды.

Педагогикалық, әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік, оқу жүйесіндегі сәтсіздік - ауытқымалы мінез-құлқтың қайнар көзі. Жеткіншектің мінез-құлқындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы жас кезеңінің ерекшеліктерін ата-аналар, мектеп мұғалімдері, сынып жетекшісі, басқа да жеткіншектің айналасындағылар жақсы түсінетін болса, барынша төзімдік көрсетіп, түсінушілік білдірсе, балалар жас қиындығын оңайырақ көтереді. Жеткіншек шақта жолдастарымен қарым-қатынас жасау жеткіншектің жеке басының қалыптасуына үлкен, көбіне шешуші ықпал жасайды. Жолдастары оған үлгі болады, балалар бір-бірімен бірлесіп көптеген іс-әрекеттерге белсене қатысады. Осы іс-әрекет барысында олар бірін-бірін тәрбиелейді.

Сондықтан жеткіншектердің үлкендермен қарым-қатынастары ғана емес, жақын жолдастарымен, достарымен, ұнатқан адамдарымен қарым-қатынастары да педагогикалық-психологиялық ықпал жасау барысында қамтылуы тиіс.

#### **Әдебиеттер**

1. Л.Я.Гозман. Процессы межличностного восприятия в семье // Межличностное восприятие в группе. М.: МГУ, 1981.
2. Мелибурда Е. Я. Ты - Мы. Психологические возможности улучшения общения / Е.Я. Мелибурда. - М.: Прогресс, 1986.- 256 с.
3. Кон И.С. Психология ранней юности. Книга для учителя. М., 1989.
4. Емельянов Ю.Н. Ключевые компетенции возможности применения стандарты и мониторинг в образовании, - М., 1999, №4.

#### **Резюме**

*В данной статье рассмотрены стереотипы характера и особенности формирования коммуникативной взаимосвязи учащихся в юном возрасте*

#### **Summary**

*This article examines the nature of stereotypes and features of formation of the communicative relationship of students at a young age*

**А.А.Ауелбекова**

№5 колледж өндірістік оқыту шебері, Шымкент, Қазақстан

## **ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ**

### **Аңдатпа**

Қазақ халқының қолөнері және ұлттық киімдері ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан аса бай мұра. Оның шығу және қалыптасып даму тарихы тәрізінде жатқаны туралы баяндалады.

**Кілттік сөздер:** қолөнері, ұлттық киімдері, ою – өрнектер, тігінші, халық, дәстүр.

Қазақ халқының қолөнері және ұлттық киімдері ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан аса бай мұра. Оның шығу және қалыптасып даму тарихы тәрізінде жатыр. Қолөнер түрлері сан алуан; зергерлік өнері, тоқыма өнері, ағаш ұқсату, сүйек ұқсату және т.б. Әрбірінің өзіне тән мазмұндық және қолданылу ерекшеліктері бар. Сондай-ақ, жасалу әдіс-тәсілдері әр басқа. Сол сияқты қазақ ұлттық киімдерінің түрлеріне, әлуметтік таптарына, жас ерекшеліктеріне және жыныс ерекшеліктеріне қарай бірқатар топтарға бөлінеді. Байырғы қазақ ұлттық киімдерінің бүгінгі күнге дейін жеткен түрлері бар. Олардың қазіргі сән дамуына қойылатын талаптарға сәйкес дамып, жетілдірілген түрлері де жоқ емес. Қазақ халқының қолөнері және ұлттық киімдерінің шығу және даму тарихынан және оның бай мазмұнынан бүгінгі жастар хабардар болуы тиіс. Оған қоса “Тігінші” және “Модельер-пішуші” мамандығы бойынша даярланатын болашақ мамандар олардың шығу және даму тарихын, сондай-ақ, қолдану тәсілдерін меңгеру қажет. Халық шеберлерінің көптеген қолтұмарлары жас өнердің өлмес туындыларына айналды. Олар қазақ халқының мәдени қазынасынан лайықты орын алады. Бүгінгі киімдер әрбір адамның жеке талғамына орай тым жиі өзгеріп отыратын болса, бұрынғы кезде олар ұлттық дәстүрге сай тігілетін еді. Сондықтан қазақ халқының киімдері талай ғасырлар өтседе, былайша өзгерістерге ғана ұшырап отыр.

Қазақ киімдері іштік, сырттық, сулық, бір киер делініп төрт топқа бөлінеді. Іштік киімдерге - көйлек, дамбал, желетке, қамзол, кәзекей, сырттық киімдерге - шапан, күпі, тон, шидем, сулық киімдерге - шекпен, қаптал шапан, брезент, кебенек, кенеп, сырттық жатады. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, жат елге сапар шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Қазақтың «таныған жерде бой сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы» дейтін мәтелі де осыны аңғартады. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдерінің ең жақсы көрнектісін киетін.

Шапан - қазақ үшін өте сыйлы киім. Оны қалың матадан қазақтың ою-өрнегін салып, астарлап сырып тігеді.

Шапандар әртүрлі тігіледі: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыз - келіншектерге арналған қималы шапан. Шапанды ерлер де, әйелдер де, балалар да киеді. Қазақ халқында сыйлы қонаққа шапан жабу дәстүрі әлі жалғасып келеді.






**Тон** көбінесе иленген күздік қой терілерінен тігіледі. Орта денелі адамдарға 11—12 қойдың терісінен тон шығады. Олардың шап терілері мен пұшпақ терілері, таңлықтары, мойын терілері бөлек алынады, яғни олар тон тігісіне пайдаланылмайды. Тондардың жүндері ішіне қарайды, ет жағы қынамен, қабықпен, томар бояумен боялады. Тонды тебен инемен басып тігіп, немесе шалып тігіп кестелейді. Кейде сыртына тыстық жапсырып қаптама тон да тігеді. Қаптама тондардың тыстарын әр түсті жіппен кестелеп, елтірі, сеңсең, аң терілерінен қайырма жаға жасап, етек-жеңіне жұрын ұстайды.

Ішік - аң терісінен немесе мал терісінен матамен қапталып тігілетін қыстық сырт киім. Ішік тон сияқты ұзын тігіліп, сәнді мол жаға салады.



**Шалбарды** барқыт, пүліш, шұға, тібен, шөшінше, шибарқыт, шегрен, ләмбөк, мәлескен, қырмызы, қамқа, көк мауыты сияқты ширақы маталардан, қой-ешкі терілерінен тігеді. Шалбардың бауы ышқырға өткізіледі, қалтасыз, кең балақ болып келеді. Оның кең тігілуі салт атқа мініп-тұруға, малдас құрып отыруға өте қолайлы болған



Шалбардың балағы кейде етік қонышының ішіне салынып, кейде қоныштың сыртында жүреді. Жеңіл шапан мен бешпенттің етегін де ышқыр астынан жіберіп, шалбарланып алатын. Шалбарланып жүру әсіресе аңшылар мен батырларға, балуандарға тән әдет еді. Шалбардың балағы екі жанынан ойық (жырық) болып істелетін де, ол кестеленіп қойылатын. Сондықтан да шалбар өте сәнді және көрікті киімдердің бірі саналған. Қой терісінің әр түрлерінен (жүндес, қырықпа, тақыр және т. б.), ешкі және құлын терілерінен, былғарыдан тігілген шалбарды көбінесе тыстамайды. Оны бір түске бояп, кестелейді, балағын құндыз, сусар сияқты аң терілерімен жұрындайды. Теріден тігілген шалбарды матамен тыстап та жүрген. Еркектер көбінесе сырт киімдерін түймесіз, тек белбеумен ғана киген. Белбеуді бірнеше метр матадан ораған. **Белдікпен** кісені қайыстан, былғарыдан



қабаттап, күмісті мықтармен, білезіктермен, көзді күміс бұдырлармен сәндітейтін. Бұлардан басқа құр, терме, шекпен белбеулер де болған. Оларды да өрнектеп, шашақтап, әдемілеп істеген. Әйел киімдерінің ең бастысы көйлек болып саналған. Әйел көйлегінің кеудесі мен етегі екі бөлек тігіліп, соңынан етектегі кеудеге бүріп қосатын. Кеуденің етекке қосылған жерін көйлектің белі немесе бүрмесі деп атайды. Әйел көйлегінің кеудесі тар, етегі кең болады. Өңірі бүрмеге дейін ашық, оның асты – үсті әдіптеліп сырып өрнектеледі, шұ н қақпа деп атайды. Ана болған әйел осы қақпа арқылы бала емізеді. Көйлектің жағасы тік шығарылып ол артынан, кейде бір жақ иық үстінен түймеленеді. Ал қыз келіншектердің көйлегінің жағасының өңіріне бірнеше түймені тізіп қадайды.



Қос етек көйлек әдетте ақ түсті қымбат жібектен, асыл матада тігіліп таза матадан тоқылады. Сонымен қатар қызыл, жасыл, сары, көк, қара, құбақан, жолақ, түсті шыттар мен қырмызы, манат, қамқа, барқыт, пүліш, шұға, үш топ, атлас және т.б.

Сәукеле -қызды ұзатқанда киетін бас киім. Сәукелені қыз ұзатылғанда күйеу еліне киіп бару үшін тіктіреді. Сәукеле арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырған матадан жасалып, сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, шұға) қапталып, шетін құндыз, кәмшәт терісімен айналдыра тігіледі. Сәукеленің төбесіне, өн бойына алтын, күміс, маржаннан әшекей тағылып, алтын жібек жіппен кестеленеді. Сәукеленің төбесіне жібектен желек тағылып, оған үкі қадайды.

#### **Әдебиеттер**

1. Асанова С.Ж «Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы» «Фолиант» баспасы 2008ж. 248бет.
2. Асанова Б.Е, Птицина А.П, Әбдіғапбаров Ұ.М. «Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы» Астана, «Фолиант» баспасы, 2008-2008бет.
3. Асанова С.Ж «Ұлттық киімдерді жобалау және тігу технологиясы» Астана, «Фолиант» баспасы, 2008-120бет.
4. Жолдасбекова С.А. Киімді көркемдеп сәндеу.-Шымкент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ 2003.- 114б.
5. Т.Тілеубекұлы «Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары» «Фолиант» баспасы Астана 2008

ӘОЖ 517(075)

#### **Н.К. Аширбаев, А.Ж.Ерданқұлов**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

### **ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ САЛУ ЕСЕПТЕРІН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУЛЕР ЖӘРДЕМІМЕН ШЕШУ**

Мектеп геометрия курсы қай аксиоматика негізінде құрылса да, онда міндетті түрде есептерді шығарудың және теоремаларды дәлелдеудің әр түрлі әдістерін қолдануға болатындығы белгілі. Сондай әдістердің арасында геометриялық түрлендірулер әдісі, векторлар әдісі, координаталар әдісі ерекше орын алады.

Орта мектеп геометрия курсының авторлары жоғарыда аталған әдістердің біреуіне басымдылық бере отырып оқулықтарды ұсынған. Мәселен, А.Н. Колмогоровтың авторлығында жазылған оқулығында курстың теориялық бөлімін құрудың іргетасын геометриялық түрлендірулер әдісі құрайды. Геометриялық түрлендірулер оқушылардың геометриялық есептеулерін толығымен қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Геометриялық түрлендірулерді орындау процесі кезінде оқушылар геометриялық фигуралар және олардың арасындағы қатынастар қасиеттерімен танысады, сызбалық құралдарды қолдануды үйренеді, графикалық дағдыларды қалыптастырады. Математикалық тұжырымдардың дұрыстығына оқушылар көптеген жағдайда геометриялық түрлендірулерді қолдану процесінде көз жеткізеді.

Геометриялық түрлендірулер көмегімен оқушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйесінің атқаратын ролі үлкен. Дәл осы іскерліктер оқушының жазықтықта ойлауын дамыту үшін шешуші болып табылатын мәселелер соңғы жарты ғасырдың көптеген психологиялық зерттеулерінде дәлелденген. Олардың көбісі, оқушылардың жазықтықта ойлауын дамыту үшін геометриялық объектілердің көрнекілік модельдерімен қолдану керек деп ұйғарады. Шынында, психологиялық және педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, көрнекілік бейнелер жазықтықта ойлаудың дамуына көмектеседі, бірақ оқытудың бастапқы сатыларында ғана. Одан әрі ол, керісінше, бұл дамуды тежеуі мүмкін, өйткені оқушылардың өздеріне заттың геометриялық формасын көруі, оны түрлендіру мақсатымен осы формамен амалдар жасауы талап етілмейді.

Геометриялық түрлендірулер тек математикада ғана үлкен мағынаға ие болып қоймай, сонымен қатар оқушылардың математикалық дайындықтарын жүзеге асыруда да қатысы бар. Есептің ешқандай түрі салу есептері сияқты оқушылардың математикалық талабын және логикалық дағдыларын дамыту үшін мұншама көп материал бере алмайды. Геометриялық түрлендірулерге арналған есептер мектеп курсы геометриясының кез келген бөлімі бойынша теориялық білімін бекітуге ыңғайлы.


Салу есебін шешу барысында берілген немесе ізделінді фигуралармен қатар олардан немесе олардың бөліктерінен қандай да бір түрлендіруді пайдалану нәтижесінде шыққан басқа фигураларды қарастыруға тура келеді. Оны салу оңайырақ болуы мүмкін. Ол фигураны салған соң оны кері түрлендіру арқылы ізделінді фигура салынады.

Салу есебін шешу барысында берілген фигураларды не олардың бөліктерін немесе ізделінді фигураны бір – біріне жақындатуға тура келеді. Осындай жағдайда параллель көшіру әдісін қолданған жақсы нәтиже береді. Бұл әдіс әсіресе көпбұрыштарды салуда пайдалы. Өйткені көпбұрышты параллель көшіру арқылы олардан салуға мүмкіндік беретін элементтері белгілі үшбұрыш шығарып алуға болады. Содан соң қайта жылжыту арқылы ол үшбұрышты ізделінді фигураға айналдыруға болады.

Геометриялық түрлендірулерді салу есептерін шешуде қолдану мысалдарын қарастырайық.

**1-мысал.** Екі қарама-қарсы қабырғасы және үш бұрышы берілген төртбұрышты салу керек.

**Шешуі.** Төртбұрышты салу үшін  $2n-3=2\cdot 4-3=5$  шарт берілуі керек. Есепте 5 шарт берілген (2 қабырға, 3-бұрыш).



1-сурет

**Талдау.** Ізделінді төртбұрыш салынған дейік (1-сурет). Ондағы  $\angle BAD = \alpha$ ,  $\angle ABC = \beta$ ,  $\angle ADC = \gamma$ ,  $AD = a$ ,  $BC = \ell$  болсын. Егер BC қабырғаны  $\overrightarrow{BA}$  векторға параллель жылжытсақ ол AE жағдайға келеді де,  $\triangle AED$  шығады. Мұның үш элементі белгілі:

$$AD = a, \quad AE = \ell, \quad \angle EAD = \angle BAD - \angle BAE = \angle BAD - (180 - \angle CBA) = \alpha - (180 - \beta) = \alpha + \beta - 180.$$

Сол үшбұрышты салып, оның AE қабырғасын  $\overrightarrow{AB}$  векторға параллель жылжытса іздеген ABCD төртбұрыш шығады.

**Салу.** а)  $AD = a$  кесіндіні салып, А нүктеде AD мен жасайтын бұрышы  $\alpha + \beta - 180$  болатын AE түзуін жүргізіп оның бойына  $AE = b$  кесіндіні саламыз.

б) Е нүктеден AE түзуімен  $\beta$  бұрыш жасайтын EC сәулесін саламыз.

в) D нүктеден AD мен  $\gamma$  бұрыш жасайтын DC түзуін жүргіземіз.

г) EC мен DC сәулелердің қиылысу нүктесін C дейік.

д) C нүктеден EA-ға, А нүктеден EC-ға параллель түзулер жүргізіп олардың қиылысу нүктесін B десек, іздеген ABCD төртбұрыш шығады.

**Дәлелдеу.**  $\angle AEC = \beta$ ,  $AB // EC$  болғандықтан  $\angle EAB = 180 - \beta$  болады. Сонда  $\angle BAD = \angle EAD + \angle EAB = (\alpha + \beta) - 180 + 180 - \beta = \alpha$  болады. Салу бойынша  $\angle ADC = \gamma$  және  $AD = a$ . Параллелограмның қарама-қарсы қабырғасы болғандықтан  $BC = AE = b$ . Сөйтіп, салынған төртбұрыш есептің 5 шартында қанағаттандырады. Сондықтан  $ABCD$  іздеген төртбұрыш болады.

**Зерттеу.** Есеп шешуі үшін берілген  $\alpha + \beta + \gamma < 4d$  және  $\alpha, \beta, \gamma$ -ның әр қайсысы  $2d$ -дан кем болуы керек. Үшбұрыш  $AED$  салыну үшін  $AD + AE > ED > |AD - AE|$  яғни  $a + b > ED > a - b$  болуы керек.

Жоғарыда айтылған салулардың барлығы біркәнді орындалады. Сондықтан есептің бір шешімі болады.

**2-мысал.**  $a, b, c$  үш түзу берілген. Бір диагоналы  $a$  түзуінде жататын және берілген  $m$  кесіндіге тең болатын, қалған 2 төбесінің бірі  $b$ , екіншісі  $c$  түзуінде жататын ромбы салу керек (2-сурет).

**Талдау.** Есеп шешілген, ромб салынған болсын:

$AC = m$ ,  $B \in b$ ,  $D \in c$ ,  $A, C \in a$ . Сонда ромбыны салу оның тағы бір (мысалы,  $D$  төбесін) төбесін салуға беріліп тұр. Өйткені  $AC = m$  кесіндісін салу арқылы  $A, C$  төбелері салынды. Егер енді  $D$  төбе белгілі болса, онда  $AC$ -ға қарағанда  $D$ -ға симметриялы нүктені салса  $B$  табылады.

$B$  нүкте  $AC$ -ға қарағанда  $D$  нүктесімен симметриялы болғандықтан,  $D$  нүктесі  $b$  түзуімен  $AC$ -ға қарағанда симметриялы  $v_1$  түзуінде жатады. Сондықтан  $D$  нүктесі  $c$  мен  $v_1$  түзулерінің қиылысу нүктесі болады.

**Салу:** Төмендегі салуларды тізбектей орындаймыз.

- $a$ -түзуіне қарағанда  $b$  түзуімен симметриялы болатын  $v_1$  түзуін саламыз.
- $c$  және  $v_1$  түзулерінің қиылысу нүктесі  $D$ -ны табамыз.
- $D$  нүктесінен  $a$  түзуіне перпендикуляр болатын  $DB$  түзуін жүргіземіз.
- $DB$  және  $b$  түзулердің қиылысу нүктесі  $B$ -ны табамыз.
- $DB$  мен  $a$  түзулердің қиылысу нүктесі  $O$ -ны табамыз.
- $O$  нүктеден  $a$  түзуіне  $OA = m/2$ ,  $OC = m/2$  кесінділерін өлшеп салып  $A$  мен  $C$  нүктелерін саламыз.

Сонда  $ABCD$  ізделінді ромбы болады.

**Дәлелдеу.** Салу бойынша  $AC = AO + OC = m/2 + m/2 = m$  және  $A, C \in a$ ,  $D \in c$ ,  $B \in b$ .  $v_1$  мен  $b$  түзулер  $a$  түзуіне қарағанда симметриялы болғандықтан,  $D \in v_1$  және  $DB \perp a$  болғандықтан  $B$  мен  $D$  нүктелер симметриялы болады. Сондықтан  $OB = OD$  және  $BD \perp AC$  болады.

Демек,  $ABCD$  ромб болады (Диагоналдары бір-біріне перпендикуляр және олар бірін-бірі қак бөледі) және есептің шарттарын қанағаттандырады.

Сондықтан  $ABCD$  ізделінді ромб болады.

**Зерттеу.**  $b$ -ға симметриялы  $v_1$  түзуі  $c$  түзуіне параллель болса есептің шешімі болмайды ( $D$  табылмайды.)

Түзулер  $v_1 = c$  (беттессе) есептің шексіз көп шешімі болады.  $v_1$  мен  $c$  түзулер  $a$  түзуден тыс нүктеде қиылысса есептің бір шешімі болады, ал  $a$  түзуінде қиылысса есептің шешуі болмайды.

**3-мысал.** Берілген  $A_0, B_0, C_0$  нүктелері қабырғаларының қак ортасы болатын үшбұрыш салындар (3-сурет).


**Салу.** а)  $D$  нүкте алып  $DC_0$  түзуге  $DC_0 = C_0E$ ,  $EB_0$  түзуге  $EB_0 = B_0F$ ,  $FA_0$  түзуге  $FA_0 = A_0N$  нүктелерін салып  $D, N$ -ді қосамыз.

б)  $DN$  кесіндінің ортасы  $B$ -ны табамыз.


в)  $BC_0$  түзуін жүргізіп, оның бойынан  $AB_0 = C_0A$  болатын  $A$  нүктесін саламыз.

г)  $AB_0$  түзуін жүргізіп оның бойынан  $AB_0 = B_0C$  болатын  $C$  нүктесін саламыз. Сонда  $ABC$  іздеген үшбұрыш болады.





2-сүрет



3-сүрет

**Дәлелдеу.** Салу боюынша  $DB=AE=FC=BN$ ,  $DB\parallel AE\parallel FC\parallel BN$ . Сондықтан  $\triangle C_0DB=\triangle C_0AE$  болады, бұдан  $AC_0=C_0B$ . Осы сияқты  $\triangle AEB_0=\triangle B_0FC$ , бұдан  $AB_0=B_0C$ ;  $\triangle CFA_0=\triangle NA_0B$ , бұдан  $BA_0=A_0C$ .

Демек  $A_0, B_0, C_0$  нүктелер  $\triangle ABC$ -ның қабырғаларының орталары. Сондықтан  $\triangle ABC$  іздеген үшбұрыш болады.

**Зерттеу.**  $A_0, B_0, C_0$  нүктелер бір түзудің бойында жатбаса есептің шешімі болады және ол біреу-ақ болады. Ал, ол нүктелер бір түзудің бойында жатса есептің шешімі болмайды.

#### Әдебиеттер

1. Есмұханов Ж.М, Мақышев Е.М, Есмұханов Е.Ж. Сызба геометрия есептері. – Алматы: «Білім», 1995. – 155б.
2. Бердімұратова Б. Салу есептерін шешу // Математика және физика, №6, 2004. – 185б.
3. Молдахметова И. Салу есебін шешу// Алгоритм, №2, 2006. – 190б.

#### Резюме

*В статье методом геометрических преобразований решены ряд геометрических задач. Обучение учащихся решению геометрических задач методом геометрических преобразований, убеждает в целесообразности обращения внимания учащихся на зависимость выбора преобразования от особенностей условия и требования задачи.*

#### Summary

*The article by geometric transformations solved a number of geometric problems. Education students solving geometric problems by geometric transformations, convinces the advisability of paying attention to the students' choice of conversion dependence on the characteristics of the conditions and requirements of the problem.*

**Г.Н. Ахай**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ӘЛ-ФАРАБИ – ШЫҒЫС МӘДЕНИЕТІНІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ**

### **Андатпа**

Аталған мақалада Ұлы ғалым-энциклопедист Әл-Фарабидің «Шығыс Ренессансы» дәуіріндегі Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін сабақтастыруда айрықша алатын орны сарапталған. Оның ұлылығы – өз елінің мәдени көңіл-қалпына ирандық, үнділік және антикалық мәдениеттерді ұштастыра білуі еді. Автор аталған мәселені зерттеуде зерттеуші-ғалымдардың ғылыми-салыстырмалық жұмыстары негізінде қарастырған. Зерттей келе, автор Әл-Фарабидің Аристотельдің, Әл-Киндидің ілімін жалғастырып, философиямен қатар астрономия, логика, музыка теориясы, математика, социология мен этика, медицина мен психология және құқық сияқты ғылым салалары бойынша үлкен жетістіктерге қол жеткізген, ғылымға адалдықтың үлгісін көрсетіп іргелі зерттеулер жүргізген және ғылымның философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалыптастырған деп қорытынды жасаған.

**Кілттік сөздер:** Шығыс Ренессансы, Әл-Фараби, антикалық мәдениет, ортағасыр, ғалым-энциклопедист, трактаттар т.б.

«Мұсылман Ренессансының» көптеген елдерді қамтыған, бес ғасырдан астам өркендеген типі мұсылмандық мәдени өрлеу дәуірі болғандығы мәлім. Оның әл-Кинди, әл-Фараби, ибн-Сина, Фирдауси, Ж. Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Омар Хайям сияқты өкілдерінің рухани мұрасын меңгермей бүгінгі күні мәдениетті адам деп есептелу қиын. Бұл ретте осындай ұлы құбылыстың мұсылмандықпен қатысы қанша деген заңды сұрақ туады. Оның әрине, негізі бар. Арабтар Орта Азия жерін VIII ғ. басынан бастап жаулап алды. Осының нәтижесінде бүкіл афро-еуразиялық даланы біріктірген ортақ мәдениет қалыптасуына мүмкіндік туды. Яғни, ислам діні осы елдердегі мәдениеттерді араластырып қорытып жаңа дәстүрлердің қалыптасуына игі әсерін тигізді. Орта Азия елдерімен тығыз байланысты Қазақстан жеріне ислам дінінің енуі жергілікті тайпалардың сол кездегі озық мәдениеттерге қосылуына мүмкіндік берді. Осы кезден басталған мәдени өркендеуге мұсылманның рухани өміріндегі бағыттың бірі – Платон, Аристотель сияқты грек философиясына сүйенген Шығыс перипатетикасымен байланысты еді. Оның негізін салушы– дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, ежелгі Отырар қаласында туған Әбу Насыр ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлак әл-Фараби ат-Түрки (870-950). Әл-Фарабидің жастайынан-ақ ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грекияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқаны жөнінде деректер бар. Ғұлама ғалымның өмірінің көп жылдары араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өтеді. Мұнда ол өз білімін тиянақты меңгеріп, толықтырады, көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, өзінің білімдарлығының нәтижесінде абырой-беделге ие болады. Бірақ, өресі тайыз кертартпа хадисшілер оның бүкіл ойының негізгі мәніне қарсы шығады. Ал, Әл-Фарабидің дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып-білуге, адам бақытын о дүниеден іздеп табуға мезгейтін еді. Сондықтан Хоранға келіп қоныстанады, ал өмірінің соңғы жылдарын Алеппо мен Дамаскіде өткізеді. Бұл ретте ойшыл өзінің «Фусул әл-мадани» («Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері») деген соңғы шығармасында: «Адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылыми өркен жайған елде тұруға тиіс»,– деп жазған[1,110].

«Шығыс Ренессансы» дәуіріне тән белгілері оның шығармаларымен белгілі бір дәрежеде өз орнын алады. Әл-Фарабидің шығармаларында көне замандағы дәстүрдің және «Бірінші ұстаз» деп шығыста аталып кеткен Аристотельдің тарих барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің, несторианшылдықтың әсері және исламның әсерінен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Десек те, ғалым Аристотель ілімінің формалдық жағынан ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сырттық дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының іргетасы болып табылатынын нақтылай түседі. Әл-Фарабидің болмыс туралы принциптерінің қалыптасуы жаңа платоншылдар мен Аристотельдің философиялық ықпалы нәтижесінде болды. Сондай-ақ, Аристотельдің ықпалы форма мен материя қарама-қарсылықтар категориялар туралы ілім, себептілік принциптері туралы категорияларды ашуда ерекше көрінді. Әл-Фараби әлемді екі қарама-қарсы дүниеге бөледі – жердегі дүние және аспан дүниесі. Ислам дінінің көзқарасы бойынша алғашқы орындағы болмыс – Құдай, Алла тағала. Әл-Фараби бойынша құдай – алғашқы қозғаушы, алғашқы себеп, алғашқы болмыс[2,33].

Ғалым Аристотельдің, Әл-Киндидің ілімін жалғастырып, философиямен қатар астрономия, логика, музыка теориясы, математика, социология мен этика, медицина мен психология және құқық сияқты ғылым салалары бойынша үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Немістің шығыстанушысы Ф. Дитеритстен бастап Дж. Сартонға дейінгі мәдениет пен ғылымның көрнекті өкілдері, тарихшылар әл-Фарабиді кереметтеп, ұлы тұлға екендігін ерекше баяндайды. Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш – 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуровтың есебі бойынша 200-ден астам трактат жазған [3, 262]. Әл-Фараби өзінің трактаттарын сол замандағы рухани-ғылыми құрал саналған араб тілінде жазғанымен, өз Отанының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінен әрқашан нәр алып отырған. Оның ұлылығы – өз елінің мәдени көңіл-қалпына ирандық, үнділік және антикалық мәдениеттерді ұштастыра білуі еді. Фарабидің қолжазбалары әлемнің көптеген кітапханаларында сақталған. Әл-Фарабидің еңбектері арқылы ортағасырлық ғылымның негізі қаланды, оның ықпалымен Ибн Руштың, Ибн Синаның, Омар Хайямның, Роджер Бэконның, Леонардо да Винчидің және өзге де ойшылдардың дүниетанымы қалыптасты.

Көп тілдерді жетік меңгерген ұлы ғалым философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» мен төрт сопылық еңбектеріне араб тілінде түсініктемелер жазды. Сөйтіп, ол Аристотель мұраларын жаңсақ пікірлерден тазартып, өз қалпында дұрыс түсіндіре біліп, өзінің бірінші ұстазға деген ғылым саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтығын таныта білді. Сондықтан шығыс философтары оны «Ал муалим ас-сана» – «екінші ұстаз» деп атаған [1, 112]. Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан да «Ғалымдардың шығуы», «Ғалымдар энциклопедиясы немесе тізбегі», «Кемеңгерлік меруерті», «Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не қажеттілігі жайлы», «Әлеуметтік-этникалық трактаттар», «Философиялық трактаттар» т.б. көптеген философиялық еңбектер жазды. Фараби ғылымның философиялық-логикалық ірге тасын дұрыстап қайта қалыптастырды. Оның еңбектері күні бүгінге дейін де мәні-маңызын жоғалтқан емес. Нәтижесінде оның ғылыми мұрасы Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін сабақтастыруда айрықша орын алды.

Шығыс философы, ғалым-энциклопедист Әл-Фараби өзінің таным теориясын Аристотельдің «Аналитика» және «Жан туралы» еңбегінің негізінде дамытты. Әлем дамуының мүмкіншілігін қолдай отырып, ол адам баласының ақыл-ой жетістігіне бас иеді және де адамның шындыққа жету жолындағы ақылы мен тапқырлығына тәнті болады. Бұл турасында ұлы ғалым сол кездегі философиялық ағыммен тартыста өз көзқарасын қорғай отырып, өзінің таным туралы ілімін қалыптастырды. Ғалым өзінің таным теориясында басты назарды сезімдік танымға аударған. Оның пікірінше, кімде-кім сезімдік қабылдаудан мақұрым болса, ол білімнен де мақұрым дей отырып, «жан» білімді тек сезімдік арқылы ғана алады» деген тұжырым жасайды [4, 110].

Әл-Фараби шын мәнінде әлемдік дәрежедегі ғалым болды, ол өзінің шығармаларында араб, парсы, грек, үнді мәдениетімен түркі мәдениетінің жетістіктерін бір-біріне жақындастырып біріктіре білді. Ол философия мен этикаға ерекше мән берді, өйткені осы ғылымдар арқылы бақытқа қол жеткізуге болады, бұл бақытты алдамшы бақыттан ажырата білу керек деген, ғалым жақсылық тілеуші қаланы надан, адасқан қалаға қарсы қояды, ақ ниетті адамдар үшін өтірік айту, алдап-арбау және астамшылдық жат нәрсе деген. Рухтың еркіндігі туралы оның шығармаларында өте анық жазылған.

Ұлы ғалымның мәдениет туралы пікірлері негізінен араб мәдениетінің төрт тармағына байланысты: біріншіден, хақиқат (бір Алланың ақиқаттығын дәлелдеу), екіншіден, шарифат (мұсылмандық тұрмыс-салт заңдары), тарихат (Аллаға қызмет еткен әулиелер өмірі), маарифат (білімділік, парасаттылық идеялары) қарастырады. Мыңжылдық тарихы бар Иран өркениетін бұл елді жаулап алған арабтар, осы мәдениеттегі өте терең парсылық әдебиетті меңгеру жолын әдеп деп түсінді. Әдепке жататын шығармалар өзінің қарапайымдылығымен, түсініктілігімен, ой ұшқырлығымен адамды баурап алды. Әдепті адам ілімін Әл-Фараби өзіне тән гуманистік тұрғыдан қарастырады және осындай адамдағы бірінші қасиет деп оның парасаттылығын көрсетеді.

Оның шығармаларында кездесетін адамды «хайуани ақли» (ақылды жан) деп анықтау кейінгі европалық ағартушылықтағы Homo sapiens-ке сәйкес келеді. Ақылды жанмен қатар ғалымның еңбектерінде адамды «хайуани мадани» (мәдениетті жан) деп анықтаудың негізі бар. Осындай тұлғалық деңгейге ең алдымен ел басшысы көтерілуі керек. Ол өзінің аңғарымпаз қасиетінің арқасында дана, философ, кемеңгер, парасат иесі болып шығады, ал оның қиялдау қабілетіне қасит ет дарыған адам пайғамбар, сәуегей және өмірдегі оқиғаларды түсінгіш, білгір болып көрінеді, – міне, осының бәрі оның тәңірлікті танып білетін болмысының шарапаты болмақ.

Мәдениетті адам тәрбиелеу мәселелерін ол «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Бақыт жолын сілтеу», «Ақылдың мәні туралы», «Дұшпандықтың інжу-маржаны», «Бақытқа жету жолында» және т.б. трактаттарында жан-жақты талдаған. Бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік.

Ғалымның пікірінше, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы, ақша, атақ, т.б. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар – данышпан адамдар деп түйіндейді[1,115]. Оның жиі қолданатын ұғымы – «қала». Қаланы ғалым жай ғана қоныс емес, тұрғын жер деп түсінбей, оны адамдардың мәдени топтары, мемлекет мағынасында қолданады. Тіліміздегі «маданият», мадина, яғни қала сөздерімен түбірлес екендігі сөзсіз. Ізгілер қаласының тұрғындары, ұлы ұстаздың пікірінше, өздерінің инабаттылығымен, әділеттілігімен, білімділігімен, өнерсүйгіштігімен көзге түседі.

Әл-Фарабидің «Китаб аль-музыка аль-кабир» атты еңбегінде музыка мәселесіне ерекше мән береді. Музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Ол ғылымды, білімді жаңғыртушы болды, бұл оның «Ғылымды топтар туралы сөз» деген еңбегінде қамтылды. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірде-бір білім саласы жоқ деуге болады.

Тарихи айғақтар негізіне жүгіне отырып, Әл-Фараби қазақ халқының құрамына қосылған түркі тайпасынан шыққан және ол Шығыс халықтарының мәдениетіне жақын қатынасы бар қайраткер болғандығы даусыз.

Мемлекеттің кейінгі дамуына, оның ішінде Шығыс, Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениетіне Әл-Фарабидің жасаған ықпалы әр тарапты болды және ұзақ уақытқа созылды. Барлық этникалық топтардың, әсіресе түркі текті халықтардың «мұсылман» Шығысының мәдени өміріне белсене араласуы әдеби тілді халықтық негізде дамуына мүмкіндік жасады. Оның рационалистік және гуманистік идеялары түркі тілінде жарық көрген М. Қашқаридің, Ж. Баласағұнидің рухани мұраларынан айқын көрініс табады. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді.

#### **Әдебиеттер**

1. Қасымжанов А., А. Әлінов Әл-Фараби // Қазақ. «Білім» баспасы –1994.- 110, 111, 115бб.
2. Қасымжанов А.Х. Абу-Насыр аль-Фараби. Алматы, 1997. – 33б.
3. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. Алматы: Қаржы-Қаражат, 2003.- 262б.
4. Оңалбайқызы Р., Көлеген Г.Б. Әл-Фараби мен қоғам қайраткерлері көзқарастарының әлеуметтік таным тұрғысындағы сабақтастығы//Қазақстанның ғылыми әлемі, 2011-5,6 (39-40). – 110б.

#### **Резюме**

*В данной статье рассматривается роль ал-Фараби как личность в культуре Востока, благодаря трудам которого заложена основа фундамент логико-философской науки средневековья.*

#### **Summary**

*In this article the person of al-Farabi in the Eastern Culture is considered. Thanks to his the basis of logical and philosophic science of middle Ages fundamental was set.*

ӘОЖ 81. 271 : (058)

**Б.М. Бекетов, А.У. Сарсенбаева**

### **ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Тіл өнері - дертпен тең**  
(Абай )

#### **Аңдатпа**

Ата заңымызда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде белгіленген, оның үстіне «Тілдерді дамытудың 2010 – 2020» жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама да бар. Осындай жасалған жағдайларға қарамастан мемлекеттік тіліміздің өзінің тұғырына осы күнге дейін қонған жоқ. Әрине, оның бірнеше себептері бар. Солардың ең бастысы орыс тілді БАҚ-тың өте көп тарауына байланысты. Мәселен, Республика аймағында тарайтын 8004 басылымның 2756-сы шықса, оның 453-і ғана қазақ тілінде басылады. 5248 газет пен журналдар сырттан келеді. Республикамызда тарайтын басылымдардың 90 пайызы орысша, 6 пайызы басқа тілдерде, 4 – ақ пайызы қазақ тілінде.

**Кілттік сөздер:** қазақ тілі, мемлекеттік тіл мәселесі, БАҚ, тіл мәдениеті, терминология

Егемендігіміздің арқасында Қазақстанды әлем жұртшылығы танып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық. Бұл түсінген адамға үлкен жетістік. Әлемнің алып мемлекеттері АҚШ-пен, Қытаймен, Ресеймен т.б. мемлекеттермен тереземіз тең болды.

Егемендік алғаннан кейін тіл мәселесін қолға алдық. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп таныдық. Ал бірақ 1731 жылдан айтар болсам, Кеңес өкіметі тұсында интернационализм және мазмұны социалистік түрі ұлтының деген саясат ұранымен өскен халыққа тіл мәселесінің шешілуі қиынның қиыны еді. Бұл-бір. Екіншіден, тағдырдың жазғаны шығар еліміз көп ұлтты мемлекет. Көпұлтты мемлекеттен бір ұлтты мемлекетке қарағанда тіл мәселесі күрделі болып келетінін тарихтан белгілі. Соған қарамастан құдайға шүкір, дейік Қазақстандағы 130 дан астам этностар өкілі бір-бірімен тату тұрып, ел тыныштығын сақтап мемлекетіміздің әл-қуатын асырып, экономикасын өркендетіп келеді. Соның арқасында Қазақстан халықаралық беделге ие мемлекеттердің бірі.

Осындай жетістіктерімізбен қатар кемшіліктеріміз де бар. Солардың ең батысы – тіл мәселесі. Тіл болғанда да қазақ тілінің мәселесі. Қазақ тілін басқаға емес, қазақтың өзіне үйретуіміз қиынның қиыны болып тұр. Елімізде тұратын өзге ұлттың өкілдеріне рахметіміз көп. Оларға шексіз ризамыз. Герольд Бельгер тәрізді азаматтар шыққан, саналады десе де болады.

Осы орайда ауыз әдебиетіндегі мынандай аңыз еске түседі. Ормандағы ағаштарды шетінен бір нәрсе қиратып келе жатыр, - депті. Сонда біреуің барып көріңдерші, не нәрсе екен ол? –депті. Барып көрген келін айтса керек, басы темір, сабы ағаш екен, - деп. Онда өзімізден екен ғой. «Өзімізден шыққан жау жаман» деген осы, – депті. Сондай-ақ қазақ тілінің көсегесін көгертпей тұрған қазақтардың өзі. Басқаны кінәлаудың керегі жоқ. Дұрыс, көп жыл бойы жүргізген Кеңестік саясаттан белгілі. Сауаттылық орыс тілін білумен бағаланды. Осыны білген ата-аналар өздері білмесе де ұрпақтарын орысша оқытуға ұрынды. Есіткен құлақта жазық жоқ, орталық облыстарда ауылда бір орыс болмаса да, мектептері орыс тілінде оқытатын ауылдар бар деп есіттік. Сонда бұлар қазақшаға қашан беті бұруда. Егемендігіміздің 25-ші таңы атып жатыр.

Тіліміздің бағының жанбай жүргені бірінші – орфоэпиялық және орфографиялық заңдылықтардың қайшылықтарына байланысты. 1983 жылдың 25 тамызында қабылданған толықтыруда 18 бабында «Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғалары сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады» десе, ол 19 бабында «Араб, парсы тілдерінен енген сөздер өзгеріп, сол қалыптасқан күйінде жазылады» деген. Міне, тілдегі осындай ала-құлақтарда тіліміздің өркендеуіне зиянын тигізіп тұр ма, - деп ойлайсың.

Қазақ тілінің күнделікті сөйлеу және жазу мәдениеті тек бүгінгі күннің мәселесі емес, бір ғасырдан көбірек, тарихы бар мәселе. Қазақтың ұлттық баспасөздеріміз болған. «Дала уалияты» газеті (1888-1902), «Қазақ» газеті (1913-1918) және «Айқап» журналы (1911-1913) беттерінде қазақ тілінің сол дәуірі үшін ең өзекті мәселелері жарияланып тұрды. Бұл мәселеге ең алғаш атсалысып, мақала жариялаған Б.Адықов деген азамат 1888 жылы «Дала уалияты» газетінің 41 санында: «Бұл уақыттағы бір кемшілік қазақ тілінде жазылған бір кітап жоқ, баршасы ноғайша, саритша һәм ғайры тілде аралас» -деп тілек білдірді.

Б.Адықовтың бұл мақаласын қазақ тілінің мәселесін көтерген ең алғашқы мақала деп саналды. [2.8]

Бұдан кейін «Дала уалияты» газеті беттерінде Т.Шонаев, Ж.Көпеев, Р.Дүйсенбаев, Д.Сұлтанғазин, А.Құрманбаев, О.Әлжанов т.б. мақалалары үздіксіз жарияланып тұрды. Аты аталған авторлардың мақалаларында алфавит, орфография мүмкін болғанша басқа тілдерді қоспай таза қазақ тілінде жазу керектігі, қазақ тілінің жеке тіл екендігін көрсетуді мақсат етіп қойды.

Жоғарыдағы алты алғандардың ішінде А.Құрманбаевты айрықша айтып өтуге тұрарлық. «Дала уалиятының» 1894 жылғы 27 санында жариялаған. Мақаласында мынандай деп жазды: «Орта Азияны ұшы-қиырсыз жапан даласын мекендеп, тек қана мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы әлденеше ғасырлар бойы оқшау өмір өткізіп, өзіндік ерекшеліктеріне толы тұрмыс кешті. Осыған орай оның тілі өз бойынша дамып, өзімен бір түбірден (түрік) тараған басқа Азия халықтарының тілінен мүлде бөлек тіл болып қалыптасты»- дейді. Сонымен А.Құрманбаев сөйлегенде қазақша сөйлеп, ал жазғанда басқаша жазғанды сынамайды. Білімі дегенде татарша сөздерді қолданатын мысалдар келтірді. А.Құрманбаев тілді таза сақтауды сөз жүзінде айтып қоймай, артында жазып қалдыруды Ыбырай Алтынсариннен үйрену керектігін айтады.

Кеңес үкіметіне үшін қазақ тілінің тазалығы үшін Ш.Сайынбаев деген «Айқап» журналының 1913 жылғы №7 санында «Тіл жоғалу турасында» мақала жариялап мынандай деп жазады: «Біздің сахарда қазақ халқының тілі бұл күнге шейін өзгермей келген деуге болады. Бұған себеп, бөтен жұртқа араласпай, жеке күнелтуіміз еді. Бұл күнде арамызға басқалар келіп кіріскеннен соң саф тілімізден айырылып қаламыз ба деген қауіп кіре бастады»-деп жазды. Сондай-ақ мақалада жастардың тіліндегі кездесетін орыс сөздерін атап көрсетеді. Осы қалыппен барса, бара-бара не болар? деп түйіндейді.

А.Байтұрсынұлының еңбектеріне байланысты А.Жанталин, Ғ.Мусин, И.Бисенұлы, М.Сералиндер т.б. орфография мәселелері мен тіл тазалығын сақтау туралы құнды-құнды пікірлер айтқан. Қазақ тіліне төніп келе жатқан қауіптің алдын алу үшін барлығы сол кездегі баспасөздерді пайдаланып, қазақ тілінің тазалығын сақтап қалу үшін атсалысты. Бірақ қоғамдағы өзгерістер қазақ тілінде өз бейнесін қалдырды.

Қазақ тілінің құты қашып қаша бастағалы XX ғасырдың басында белгілі болған. Кеңес заманының алғашқы жылдары 1921, 1923, 1924 жылдары Қазақстанға екі тіл (қазақ және орыс) мемлекеттік болып танылған. [4,206]

Қазақ тілінің таза күйін сақтап қалу үшін XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары бар жігер күшін аямаған. Олардың айтқан пікірлері күні бүгінге дейін ғибратты. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» [5.11] деп жазған болатынын қазақтың рухани көсемі.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының көсегесінің көгеруіне қабырғасы қайыса еңбек еткен Алаш зиялыларының бірі - Халел Досмұхамедұлы. Ғалымның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген еңбегінде қазақ тіліне жай сөздердің жаулап кіріп жатқандығы, мәдениет қуған жұрттың ең алдымен тілі өзгермекші [6.82] дейді. Осы мақаласының қорытындысын мынандай оймен түйіндейді: «Біздің айтайын дегеніміз мынау. Бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек. Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең бұл күйініш» [6.99] Ғалымның бұл пікірі өзі жасаған дәуірде қандай құнды болса, бүгінгі дәуірдегі жасап жатқан шала қазақтар үшін бес есе артық құнды. Себебі, бүгінгі ана тіліміздің өз тұғырына қона алмай отырғанына басқа емес, өзіміздің қандастарымыз кінәлі. Өзіміздің шала қазақтарымыздан гөрі басқа ұлттардың өкілі бір қазақтан кем білмейтінін көріп жүрміз. Олардың қазақ тілі үшін жаны ашып жазған мақалалары да жеткілікті, мысалы, Герольд Бельгер.

Кеңес заманының алғашқы жылдарында-ақ қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанын жоғарыда келтірдік. Сол жылдары белгілі Алаш қайраткері М.Дулатов 1926 жылы «Қазақ тілінің мұңы» деген мақаласында қазақ тілі туралы мынандай деп жазған екен: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымның бұлбұлдай сайраған едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасынуым, мұқалуым. Мен не көрмедім!» Осы жылдардан бері қазақ тілі не көрмеді. Ол жай бүгінгі қазақ тілі сол кездегі қалған тілдің жұрнақтары.

Осы орайда Қайнар Олжай 2013 жылдың қаңтардың 8 жұлдызында кешкі 19:30-да «Шалқар» арнасынан шығып сөйлеп, қазіргі журналистердің сөз қолданысы туралы сыни пікір айтты. Мысалы «Командаға Айнұр келе жатыр» Ол команда болса қалай келе жатыр? Ғарыштың көк жиегіне... журналист ғарыштың көк жиегі болмайды. «Көк жиек» аспан мен жердің тиіп тұрған жері деген мыналарды дұрыс келтірді. Сөзінің соңында Қайнар Олжай қазіргі қазақ тілі туралы мынандай қорытынды жасады: «Мен ата-анамның білетін сөздерінің 60 % алып қалдым. Ал менің балам мен білетін сөздердің 20 % біледі», –деп сөзін аяқтады. Бұл жағдай кім-кімді болса да ойландырады. Бұдан шығатын қорытынды қазақ тілінің халі қандай екенінен мәлімет беретіні түсінікті

2013 жылдың 12-ші наурызында 19<sup>30</sup> – да «Шалқар» арнасынан шығып сөйлеген Фариза Оңғарсынова «Қазір біз сөздік қордан айырылып бара жатырмыз. Қазақтың бір мақалы бір сағаттық әңгімесінің арқауы болатын еді», –деп сөйледі. Бұл да көңілге қонатын пікір. Келтірілген пікірлердің барлығы қазақ тілінің жағдайынан хабардар етіледі.

Кешегі Кеңес өкіметі тұсындағы қазақ тілін барынша мақтап, мадақтап, ойды аспанға бірақ шығардық. Жасыратыны жоқ біраз жетістіктеріміздің болғаны рас. Үш алфавитті (арабша, латынша, кириллица) пайдаландық. Жазу мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін жетілдірдік. Ұлттық тілде мектептер, орта арнаулы, жоғары оқу орындары болып, олардан мыңдаған ұрпақтар сауат ашып білімін жетілдірді. Кітап шығаратын бапаханаларымыз болды. Әр түрлі атамдағы газет-журналдар шықты. 1922 жылы 47 атамда кітап шықса, 1913 жылы Қазақстанда 13 кітап шыққан болса, 1930 жылы 31 оқулық басылды. [7,140 – 142].

Қазақ халқының бай ауызекі мұрасы болған ертегілер, аңыздар, жыр-дастан халыққа баспасөз арқылы кең көлемде таралғаны анық. Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөздердегі тілге қатысты мәселелер Қазан төңкерісінен кейін де жалғасын тапты. Бұл дәуірдегі айрықша сөз болған мәселелер алфавит, орфография және терминология болды.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуының алғашқы дәуірі 1920-1930 жылдарда айрықша сөз етуге облады. Бұрынғы «Айқап» журналында кездесетін келділер, қағазлар, міллет һәм ғайри кітаби тілінің элементтері бұл жылдары жарыса қолданылып жүрді.

Академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаев осы жылдарда Абай, Ыбырай Сұлтанмахмұт бастаған жалпыхалықтық тілдің негізіне сүйенген таза қазақ тілі болды [8,7] дейді. Біздіңше,

1920-1930 жылдары баспасөз беттерінде Орта Азияның кітаби тіл элементтерімен жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілі араласып жарыса қолданылып жүрген болуы керек.

Тіл білімінде әдеби тілдің қалыптасуына негіз болатын бірнеше деректердің түрлері бар. Біздіңше қазақ әдеби тілі ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан. С.Аманжолов қазақ әдеби тілі солтүстік-шығыс диалектісі негізінде жасалған деген пікірді білдірді. [9.146]. Қазақ ғалымдары М.Әуезовтен бастап С.Аманжолов пікіріне қосылмайды. Себебі қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісінде де жергілікті ерекшеліктері бар. Оларда әдеби тілдің нормасы да жоқ.

«Әдеби тілді» деп қысқаша айтқанда барлық жағынан нормаға түскен тілді айтамыз.

Профессор Мәулен Балақаев тіл мәдениетіне мынандай түсінік береді: «Тіл мәдениеті дегеніміз - тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, солармен қатар тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдана білу дағдысы», - дейді. [10.4]

Шиеленіс индивидтердің өз статусына, билік пен қошеметтер көруге деген ұмтылыстардан айқындала отырып, әлеуметтік топ мүшелері арасында жағымды қарым-қатынастар орнатуда, олардың арасындағы қобалжулықты сейілтуге қатысты пайдалы функциялар да атқарады. Г.Зиммель «Конфликт» атты еңбегінде шиеленістерге себептердің жоқтығы терең де шынайы қарым-қатынастардың белгісі емес екендігін атап көрсетті.

Керісінше, мұндай жағдайлар түпкілікті және ессіз байланыстың жоқ екендігін көрсетеді. Қарым-қатынастағы бекемділік жоқтығы, адамдардың қандайда болмасын шиеленістерге болдырмайтын жолдармен, өзара қарым-қатынасты сақтап қалуға ұмтылуына алып келеді. Егерде жеке тұлғалар өзара қарым-қатынастарында, олардың сезімдері шынайылыққа негізделсе, «кез келген әдіспен қарым-қатынасты сақтап қалу» керек деген ой-пиғылдардан аулақ болған жағдайда ғана, бұл қарым-қатынас құлдырауға ұшырамайды.

Кейініректе Г.Зиммельдің еңбегіне сүйене отырып, Л.Козер әлеуметтік шиеленістің топты сақтаушы және топқұрушы функцияларына қарастыра келе жек көрушілік сезімдер басып-жаншылып тасталмауы тиіс. «Негізгі ара-жіктің ажырамауынан ғана туындамайтын, бірден байқалатын қанағаттанбаушылық топты сақтап қалуға ықпал етеді»

[1,21 б]. Сырт көзге байқала бермейтін латенттік сипаттағы жек көрушіліктің жинақтала беруі, топтағы шиеленістік жағдаяттардың жиілігіне қарағанда бүлдірушілік мүмкіндіктерге ие.

Сонымен шиеленістанулық теория контекстіндегі отбасы қарым-қатынастардың шешімін таппаған мәселелері әртүрлі сипатта болады – ол шешім қабылдау механизмін ескере отырып отбасы ішінде басшылықты бөлісу, материалдық құралдарға ие отбасы мүшелері үлкен билікке ие болады, отбасындағы құндылықтық-нормативтік шиеленістер, «әке мен бала» арасындағы ұрпақ аралық түсінбестіктер, эмоциональдық-психологиялық сыйыспаушылықтар және т.б.

### Әдебиеттер

1. Козер Л. Функции социального конфликта. М. «Идея-Пресс». 2000. Перевод с английского языка О. Назаровой

#### Резюме

*В статье рассматривается семья как социальная группа в основных категориях конфликтологических парадигм (от марксизма до конфликтных функционалистов и структуролистов), смена которых тесно связана с динамикой общественных изменений, что по-разному объясняет функционирование семьи и семейной структуры. Проблемное поле изучения семьи в контексте данных концепций разнообразно – от изучения характера распределения власти в семье до проблем межпоколенных отношений и ценностно-нормативных противоречий.*

#### Summary

*The article considers the family as a social group in the main categories conflictological paradigms (from Marxism to conflict of functionalists and structuralists), a change which is closely connected with the dynamics of social change, what explains the different family functioning and family structure. Problem field study of the family in the context of these concepts varied from study the nature of the distribution of power in the family, to the problems of inter-generational relations and normative contradictions.*

ӘОЖ: 821.512.122

### Д.Набиқызы

МКҚК № 5 колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,  
Шымкент, Қазақстан

## ҚАЗАҚ ҒҰЛАМА АҒАРТУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДІ ДАМУ

### Аңдатпа

Аталған мақалада жастардың қазақ ғұлама ағартушылардың шығармалары арқылы патриоттық сезімін, дүниетанымдық көзқарасын дамыту туралы жазылған.

**Кілттік сөздер:** қазақ, ағартушылары, ғұлама, патриоттық, қасиеттер, ұлттық, отан сүйіспеншілік, құнды еңбектер т.б.

Патриоттық сезім адамдардың, халықтардың өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әсерімен пайда болады. Бұл жағдайлардың патриотизм мазмұнының өзгеруіне алып келеді. «Патриотизм - Отанға сүйіспеншілік, өз Отанына, өз халқына берілгендік. Жастардың өзінің еліне деген патриоттық сезімін қалыптастыруда қазақ ойшылдары мен ақын – жырауларының шығармашылығында көрініс алған педагогикалық ой-пікірлер үлкен септігін тигізді.

Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады. Патриоттық сезім адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси, әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Осыған орай президентіміз Н.Ә.Назарбаев, - патриотизмді "әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау"- деп белгілеген.[1]

Қазақ ғұлама ағартушылары - Шоқан, Ыбырай, Абайдың саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымына, мәдениеті мен өнеріне аса көңіл бөлінеді. Олар халық шығармашылығын жинап, зерттеу арқылы қазақтардың патриоттық сезімін, туған жерге, елге, Отанға деген сүйіспеншілігін көрсете білді, патриоттық тәрбиеге байланысты көптеген құнды пікірлер айтты.

Қазақ ағартушыларының патриоттық көзқарастары мен құнды ой-пікірлерінің халықтың дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланысты болуы өздері өмір сүрген дәуірдегі тарихи жағдайлардан туындайды. Бұл әрине, заңды құбылыс. Өйткені ағартушылар патриоттық тәрбиені жан-жақты талдап зерттемесе де, сол мәселе жайлы сөз қозғап, өз көзқарастары мен пікірлерін білдірді.

Мәселен, Шоқан құнды еңбектерінде өзі жинап, зерттеген ауызекі шығармашылық арқылы (өлең, мақал-мәтелдер, эпостар және т.б.) халықтың патриоттық тәрбиеге байланысты талап-тілектерін, ой-пікірлерін көрсете білген. Қазақ халқының жастарға адамгершілік - патриоттық тәрбие берудегі үлгі-өнегесін өзінің күнделіктері мен сапарнама естеліктерінде тұжырымды баяндайды.

«ХУІІІ ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» деген еңбегінде сол дәуірдің белгілі батыр қайраткерлері: Абылай, Бөгенбай, Жанатай, Сырымбет, Жәнібек, Байғозы, Оразымбет, Елшібек, Малайсары, Баян жайында он төрт түрлі әңгіме беріледі. Мұнда қалмақ ханы Қалдан Жиренмен арада болған жорықтар, қарым-қатынастар туралы мағлұматтар көп кездеседі. Бұл тарихи деректеменің мәні өте зор. Өйткені олар ХУІІІ ғасырдағы жаугершіліктің мән-мағынасын жан-жақты танып білуге, осы оқиғаларға қатысқан батырлардың адами-патриоттық келбетін, адами-моральдық қасиеттерін, бір-біріне деген сыйластық көзқарасын білуге көмектеседі. Шоқан ел аузынан жинаған аңыз-әңгімелер арқылы кейбір тарихи шындықтың сырын бүкпесіз көрсете білген. Мысалы, ол Жанатай батырдың жау қолынан қалай өлгенін сипаттайтын оқиғаны өте әсерлі әңгімелейді. Мұндағы Абылайдың Жанатай өлімін естігенде, «қайраусыз қара болатым-ай» деп жылап жібергені, оның азаттық үшін күрескен батырдың ерлігін жоғары бағалағанын аңғартады.

Шоқанның еңбектерінде қазақ, қырғызбен бірге, ұйғыр, қалмақ, саха, телеут, бурят, моңғол тәрізді көптеген халықтардың ауыз әдебиеті, даналық дәстүрі, аңыз-әңгімелері туралы өте құнды тұжырымдар кездеседі. Бұл оның демократиялық, гуманистік патриоттық, интернационалистік көзқараста болғанын көрсетеді.

Шоқан адами-патриоттық қасиеттердің қалыптасуына табиғат әсерінің бар екендігін ескерген. Өзінің «Ыстықкөлге бару сапары», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар жайындағы жазбалар», «Жоңғария очерктері» еңбектерінде әрбір жердің табиғатын, оның өзіндік ерекшелігін, жануарлар әлемін әсерлі суреттейді. Мысалы, «...Ыстықкөл. Оны табиғат таңғажайыптарының бірі деп бекер атамайды. Тәкаппар таулардың (Күнгей Алатау мен Теріскей Алатау) ортасында көкпеңбек болып толқындап жатқан көл шынында да әсем. Көл де көк, аспан да көк. Екі түс нақ бір-бірімен әдейі ұласып кеткендей» - деп қырғыз көлінің әсемдігін бейнелі суреттеумен бірге, оған географиялық сипаттама береді, көл суының мөлдірлігіне, аумағы мен тереңдігіне, оған Алатау шыңдарының аңғар-аңғарларынан сылдырап аққан көп көусар бұлақтар келіп құятындығына тоқталады, көл туралы ілгеріден айтылып жүрген аңыздар жайлы әңгімелейді.

Ыбырай Алтынсарин өскен ортадан алған білім-ілімін, көңіліне түйгендерін өзінің тәлімдік қызметі арқылы жеткіншектердің бойына сіңісті ете білді. Оларды халық шығармашылығын қадірлеуге, аялап сақтауға, патриоттық сезіммен қабылдауға үйретті. Оны «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің мазмұны айғақтайды. Еңбекке енгізілген халық ауыз әдебиетінің үлгілері танымдық-адамгершілік, өнегелік сипатта болды, адамгершілік - патриоттық сезімнің қалыптасып, дамуына ықпал етті. Ыбырай жинақтап құрастырған хрестоматия халықтың ауызекі шығармашылығының негізгі салаларын (ертегі, эпос, шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өлеңдер, т.б.) қамтиды.

Мысалы, эпикалық дастандардан «Қобыланды» жырын «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деген атпен енгізеді. Мұнда Қобыландының Тайбурылмен алыс сапарға аттануы өте әсерлі суреттеледі. «...Жақсы атты жанындай көретін, «ер қанаты - ат» деп түсінетін қазақ баласы үшін бұдан көркем жыр табу қиын. Осында елін, жерін жаудан қорғайтын батыр, азамат ұлдың ер тұлғасы және оның жанына серік атты қазақ ұғымындағы бар жақсылық пен сұлулықты өз бойларынан мол таныта алады» Бұл Ыбырайдың баланың көркемдікке талғамын арттыратын, туған елге, Отанға, жерге патриоттық сезімін қалыптастыратын әсерлі шығарманы жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп ала білгенін дәлелдейді.

Ағартушы-ғалым балаларға патриоттық тәрбие беруде қазақ музыкасының рөлін жоғары бағалаған. «Өнер көзі - халықта» деп, халық әндері мен күйлерін атақты адамдардан «Нұржан, Орынбай, Сейтахмет, т.б. жазып алып, оқушыларына үйретіп отырған. Халық әндері мен күйлері арқылы адамгершіліктің асыл қасиеттерін, ұлттық патриотизмді дамытуды көздеген. Мысалы, «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» деген еңбегінде «...қыз ұзату, той жасау рәсімі мен салтанатына адамгершілік - эстетикалық тұрғыдан жан-жақты талдау береді. Бұл рәсім мен салтанатты «өмір театры» десе болады. Өйткені ән мен күй де, жыр мен терме де, айтыс, би де, әзіл-қалжың да, ұлттық ойындар мен жарыстар «қыз қуу, көкпар, алтыбақан, т.б., әр түрлі әшекейлі киімдер, сәндік - қолданбалы өнер бұйымдары, үй жиһаздары - бәрі-бәрі осында».[2]

Жастарға патриоттық сезімді қалыптастыру мәселесі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл философ Абай шығармаларында жақсы көрініс тапқан. Ол халық ауызекі шығармаларының рөлін өте жоғары бағалаған. Оның тәрбиелік мүмкіндіктерін бала жастан меңгерген, оны өзінің өлеңдері мен кара сөздеріне өте ұтымды пайдаланған.

Ол өзінің қара сөздерінде (отыз тоғызыншы, т.б.) және «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты еңбегінде он мақалға талдау береді. Мақалдарды халықтың өмірімен және тарихымен тығыз байланыста озып қарайды және қоғамдық мәні тұрғысынан бағалайды, мақал - мәтелдерді талдау барысында адамгершілік, ұлтжандылық, ынтымақтастық, татулық, әділдік, еңбекқорлық, адалдық, талапкерлік, талаптанушылық мәселелеріне аса назар аударады, оларды зұлымдық, сұрқиялық, екіжүзділік, барымташылық тәрізді жағымсыз мінез-құлықтармен салыстырмалы түрде қарастырады.

Абай «Отыз тоғызыншы сөздегі» мақалдары арқылы («Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретер», «Ағайынның азары болса да, безері бомайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жоығар») халықты гуманистік көзқарасқа шақырады, елдегі тыныштық ынтымаққа, татулыққа, отансүйгіштікке, елжандылыққа байланысты дегенді айтады.[3]

Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген зерттеу еңбегінде балаларды құнды тарихи деректермен таныстыра келіп, қазақтарды арабтан шыққан дейтін ел арасындағы қате шежірелерді ғылыми негізде жоққа шығарып, қазақтардың көне моңғол тайпаларымен туыс екенін дәлелдеу үшін тарихи еңбектерді қараумен қатар қазақтың әдет-ғұрпын, тарихи аңыздары мен мақал-мәтелдерін пайдаланған. Сонымен бірге, Шыңғыс тауы туралы тарихи аңызды, үш жүздің пайда болуы мен Алаша хан туралы шежірені, Шыңғыс хан мен Жошының билеген кезеңдерін баян ете отырып, «Ондағы «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би», «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды», «қой жылы зеңгер тоғыс болды», «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» деген мақалдарға түсініктемені Шыңғыс ханмен, оның жорықтарымен байланыстырады. Абайдың бұл арадағы мақсаты - жастарға қазақтың арғы тегін, қайдан шыққанын түсіндіру, «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз» дегізбей, оларды өз руын, шыққан тегін білуге баулу.

Жастардың бойында патриоттық сезімін қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. Оның «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай», т.б. өлеңдеріндегі туған жер табиғатының әсем көріністері, адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігі, іс-әрекеттері, балалардың Отанға, елге, туған деген сүйіспеншілігін арттырады, патриоттық сана-сезімнің оянуына әсер етеді.

Қорыта келгенде, ғұлама ағартушылардың шығармалары егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азаматтардың бойындағы патриоттық сезімді дамытуға септігін тигізеді.

#### **Әдебиеттер**

1. Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан, 2006.
2. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие.- Алматы: Ғылым, 1995.
3. Абай Құнанбаев. Қарасөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993.

#### **Резюме**

*В этой статье описываются о развитии патриотических чувствах с помощью произведениями казахских ученых -просветителей.*

#### **Summary**

*This article reveals the development of youth's patriotic sense through the works of Kazakh scholars.*

ӘОЖ 37.013:355.233.231.1

**З.Р.Сарбасова**

Мирас Университетінің магистранты, Шымкент

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### **Аңдатпа**

Жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауға және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіру.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан студенттердің ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастырады.

**Кілттік сөз:** Ұлттық тәрбие, Отан сүйгіштік, ұлттық дәстүрлер, әдет – ғұрыптар, адамгершілік.

Тәрбие деген сөздің түбінде терең мағына жатыр. Тәрбие нәрестенің өмірге келгенінен бастап бастау алады. Жастарға қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру ісінің маңызы зор. Егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық патриотизм тәрбиесі айқын көрінуге тиіс. Жастарға ұлттық патриоттық тәрбие беру отбасында, бала-бақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында, қоғамда кең көлемде жүргізілуі тиіс.

Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Қазақ этнопедагогикасы - өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым.

Ұлы ғұлама Әл-Фараби “Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі” - деп айтқан.

Заманауи қоғам талабына сай жастардың патриоттық тәрбиесі ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қоғамның даму тенденциясына сәйкес патриоттық тәрбие жүйесін қалыптастыруда жана жобаларды іздеу және құрастыру керек екендігіне көп көңіл бөлу қажет.

Соңғы кездері әлеуметтік жағдай ғана емес идеологиялық, мәдени-тарихи дүниетанам, отансүйгіштік т.б. бағыттарында патриоттық тәрбиеге деген көзқарас бағалы құндылықтар ретінде дамуда. Патриотизм санмен өлшеуге көнбейтін, адамдарды біріктіретін сезімдерден көрініс табады.

Қазақстанда 130 дан астам ұлт өкілдерінің бойына мемлекетті сүю, оны қастерлеу, оның тілін, дінін, дәстүрін құрметтеуге, білім алуға деген жауапкершілігін күшейтуге, азаматтық және патриоттық құндылықтарды, көзқарас пен сенімділіктерді қалыптастыруға, Ел таңбаны, Рәміздерді, Ән ұранды мақтаньш етіп, оларға құрметпен және қастерлеп қарауға, ұлтымыздың өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсетуге, Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің мәдениетіне толерантты түрде қарауға, әр түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге үн қосуға даяр болу сияқты иммунитет қалыптастыру мақсатында атқаралып жатқан іс-шаралар күннен күнге күшею қажет.

Еліміздің оқу-ағарту ісінде басшылыққа алатын негізгі идеялық бағыт Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілгендей қазақстандық патриотизм мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтауға, дәстүр мен мәдениеттің ұлттық көркеюіне ат салысуға, Қазақстанда тұратын түрлі өзге ұлттардың бірлігін қамтамасыз етуге, олардың өз ара саяси-экономикалық және мәдени байланысын күшейту айқын көрсетілген.

Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизм» студенттердің тәрбиелік деңгейін бағалудағы көрсеткіш болып қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2015 жылға арналған НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ Қазақстан халқына Жолдауында “Біз Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.” – деп айқын көрсеткен.

Жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауға және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді.

Студенттерді патриоттыққа тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін баланы адамгершілік мұратқа ерте бастан баулу оның отбасынан басталып, мектепте толықтырылып, жоғары оқу орындарында жалғасын табады. Жоғары оқу орындарына дейін жас жеткіншек адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, өзін - өзі тану, адамшылдық мінез-құлқының ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Жоғары оқу орындарының қабырғасында оқытушылардың көмегімен жүйелі түрде жалғасын табады. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының алдына қойатын ең басты мәселелер:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйрету;
  - ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптарды дамыту;
  - студенттердің жоғары білімді, тәрбиелі және азаматтық негіздегі патриоттық сапалары қоғамға қай дәрежеде маңызды екендігін түсіндіру;
  - олардың таңдаған мамандықтарының келешекте қоғамға, елге тигізер пайдасын түсіне білулерін, олардың болашақ мамандықтарының ерекшеліктерімен таныстыру;
  - студенттердің патриоттық сезімдерін дамыту және әрі қарай жетілдіру;
  - таңдаған мамандықтарын меңгеру маңыздылығын, келешекте жоғары мамандандырылған қызметкер болса, өз елі үшін зор пайда тигізуі мүмкін екендігін түсіндіру;
  - мемлекеттің әскери, саяси және экономикалық қауіпсіздіктерін жеке жауапкершілік ретінде түсінуін;
  - Отансүйгіштік сезімін ояту, Қазақстан үшін, Отан үшін мақтанш сезімін қалыптастыру, тәуелсіздік тұғыры мәңгі екендігіне кәміл сену сезімін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу;
  - батыр, қаһарман, елжанды азаматтардың ерлігін үлгі ете отырып отаншыл, ұлтжанды, намысшыл, ұлттық тілді меңгерген, тарихын білетін тұлға тәрбиелеу;
  - ата – бабадан мұра болып қалған жәдігерлерімізді сақтау, құрметтеу;
  - салт-дәстүрлерімізді сақтау, құрметтеу;
- Жоғары оқу орындарының студенттеріне қазақ этнопедагогикасын ендіре отырып ұлтжанды студенттерді дайындауға қол жеткізуге болады деп сенемін.

Қазақ этнопедагогикасындағы білім өз мәні жағынан студенттердің ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағыттала алуы мүмкін және солай бағытталуы тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Ал Қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады дей келе, Қазақстанның патриоты қандай болу керек екенін белгілесек, онда оның ерекшеліктері мынада:

1. Қазақстанда 130–дан астам ұлт өкілдері тұрады, көп ұлтты мемлекет. Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарайды, шын ниетімен қадірлейді. Қазақстан азаматының Конституциялық құқығын сақтайды. Әрбір ұлттың Қазақстанды ортақ үйіміз деп санай білуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы. Қазақстан халықтары Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдердің іске асуына өз септігін тигізуі.

3. Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.

4. Қазақстан халықтарын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтанш еткізу.

5. Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтанш сезімін тудыру.

6. Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сай Қазақстан халқының мүддесін көздеуде патриоттық сезімдерін ояту.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие - ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп,



толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер

#### **Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030. Білім 1998ж.
2. Назарбаев Н.Ә. НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ. 2015ж.
3. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдестемесі. Алматы Дарын 2004ж
4. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. Алматы. Атамұра 2000ж.
5. Білім беру мекемелерінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбие берудің
6. 2013-2015 жылдарға арналған кешенді бағдарлама.

#### **Резюме**

*Патриотическое воспитание студентов на основе казахской этнопедагогике.  
Одна из основных задач системы образования – воспитание гражданина, патриота своей страны.*

#### **Summary**

*Training students in patriotic upbringing on the basis of Kazakh ethnopedagogics.  
One of the main problems in the system of education – upbringing of citizen, patriot of his country.*

ӘОЖ 681.3.06.075.3

**Д.Е.Сейтимбетова, М.К. Кукеева**

Кафедра «Мәдениеттану, әлеуметтік жұмыс және мұражай ісі»

### **ҚР КӨЗІ КӨРМЕЙТІН ЖӘНЕ ӘЛСІЗ КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ КІТАПХАНАЛАРҒА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

#### **Андатпа**

Мақалада көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханаларда заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері мен болашақта дамыту жолдары қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** Зағиптарға арналған арнайы кітапхана, типлокітапханатану, «оқитын машина»

Бүгінгі қоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге көтерілуі, ашық ақпараттық кеңістікке өтуі, кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді. Кітапханаға ақпараттық мекеме ретінде қарай отырып, заманауи техника ғасырының дамуы жаңа автоматты-технологияларды пайдаланумен байланысты екенін көреміз. Компьютерлер мен Интернет ұсынатын жаңа ақпараттық технологиялар электронды құжаттар мен ақпарат құралдарын уақыт пен кеңістікті шексіз кең пайдалануына әкеледі.

Кітапханалардың ең негізгі қайнар көзі - ақпарат пен білім беру десек, көз жанарынан айрылған азаматтарға кітапханалық қызмет көрсетуде «ақпаратқа кедергісіз қол жетімділік» ұғымы кең таралған.

Өркениеттің дамуымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өз алдына оқып білім алуына мүмкіндіктерінің жоқтығы, қарапайым адамдарға лайықты мүмкіндіктерден шет қалып отырғандығы өмір шындығы. Мүгедектердің өмір жағдайларына бейімделуіне, өзін өзгелермен бірдей тең, өздерінің қоғамға қажет екендіктерін сезінуіне, ақпараттық ресурстарға ашық қол жеткізуіне көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханаларда өз септігін тигізуде [1, 32-34 б.].

Көзі жанарынан айрылған азаматтарға кітапханалық қызмет көрсетуде олардың ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз етуде жаңа технологиялардың пайда болуы зор мүмкіндіктер ашуда. Жаңа ақпараттық технологиялардың, тифлотехникалық құрылғылардың енгізілуі көзі көрмейтін азаматтардың мәтіндерді өздігінен оқуға, өңдеуге, құрастыруға, қарапайым мәтіндерді брайльдік түрге ауыстыруға, ғаламтор жүйесімен қамтамасыз етілуі, әртүрлі мәліметтер қорын толық пайдалануға мүмкіндік берді.

Көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханалардың қызметінің кейбір аспектілері: кітапханалық-библиографиялық қамту; кітаптарды басып шығару және арнайы тасымалдағыштарда әдебиеттер қорын қалыптастыру; оқырмандарға қызмет көрсетуде техникалық құралдарын қолдану болып табылады.

Дегенмен, қазіргі таңда бір де бір әлемдік кітапхана әртүрлі тасымалдағыштардағы әдебиеттермен, әр түрлі тілдердегі, әр түрлі салалар бойынша абоненттерді ақпаратпен толық қанағаттандыра алмайды. Әсіресе бұл қалпына келтіру әдебиеттеріне қатысты, оларды өндіру көлемі мен құны жағынан шектелген. Халықаралық ынтымақтастықсыз, кооперациясыз, қазіргі кезде әлемде бар ресурстарын өзара қолдану, және оларсыз келешекте пайдаланушыларға жедел және тиімді кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету мүмкін емес.

Қазақстан кітапханалары өз қызметінде Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық құжаттарына сүйене отырып жұмыс істейді. Бұл құжаттарға «Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясы», «Адам құқығы туралы конвенция», «Мүгедектер құқығы туралы декларация», «Мүгедектерге теңдік мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері» жатады. Осы құжатқа енгізілген ереженің бірі – ақпаратқа еркін қолжетілімділігінің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі.

Алайда зағиптарға арналған кітапханалардағы ең маңызды мәселелердің бірі – басылымдарды шығару және арнайы тасымалдағыштардағы материалдарды алудың қанағатсыз жағдайы, балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар мен оқулықтардың, кәсіби ақпараттардың жеткіліксіздігі. Қалыптасқан дәстүрлі қорлар пайдаланушылардың қазіргі ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі. Кітаптарды басып шығарудағы дағдарыстар және бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі – осылардың бәрі арнайы кітапханалардың ақпараттық потенциалын жетілдіруге кедергі болуда [2, 87 б.].

Көзі көрмейтін және әлсіз көретін зағиптарға арналған кітапханаларда дыбыс синтезаторлары мен арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен ғаламтор ресурстарын қолданады. Мысалы, арнайы кітапханаларда көзі көрмейтін пайдаланушы клубтары жұмыс атқарып келе жатыр. Клуб мүшелері әрдайым кездесулер өткізеді, олар жаңадан түскен басылымдар, ғаламтор желісі арқылы табылған мәліметтер, бағдарламалар мен техника құралдарын қолдану туралы ақпараттармен алмаса алады. Алайда ғаламтор желісінде ақпаратты алу үшін мүгедектерге жағдай жасалмаған. Сайт иеленушілері мен дизайнерлері мүгедек жандардың ақпараттық қажеттіліктерін ескермей келеді.

Қазіргі кезде кітапханаларда өз құжаттық қорлары қамтылған электронды каталогтар және де басылымдар туралы библиографиялық мәліметтері енгізілген жиынтық деректер қорлары құрылып жатыр. Ақпараттық технологиялар көзі көрмейтін зағиптарға фактографиялық деректер қорларын құру мен жедел толықтыруы: заңнамалық, әлеуметтік жеңілдіктер, оңалту қызметтері, білім, медициналық және басқада қызығушылықтары бойынша қосымша мәлімет қорларына қашықтықтан қолжетімділікті қамтамасыз етеді. [3, с.47-53] . Электрондық поштаны қолдану ұлттық және халықаралық деңгейлерде кітапханалар арасында ақпарат алмасуын тездетеді. E-mail арқылы шапшаң кітапханааралық абонемент арқылы кітаптарға тапсырыстар беріледі, ал ол пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Соңғы кезде отандық және шетелдік кітапханалар заманауи байланыс құралдары мен компьютерлермен, арнайы қосымша аспаптар мен құрылғылармен қамтамасыз етіліп жатыр. Ең маңыздысы бұл техника көзі көрмейтін зағиптарының талаптарына: тиімді, сенімді, сапалы, қымбат емес, көпфункционалды, үйлесімді болуы керек. Аталған қағидаларға қолдануда ыңғайлылығын және де зағиптарға меңгеру жеңілділігін қосуға болады.

Ақпараттық технологиялар зағиптардың ерекшеліктерін ескере отырып құжаттардың өндіруін арттыруға теңдесіз мүмкіндіктер береді. Арнайы кітапханаларда компьютерлік бағдарламалардың көмегімен электрондық құжаттарды керекті пішінге өзгертіп басып шығаруға және Брайль жүйесі арқылы ірі шрифтпен суретті кітаптар шығаруға арналған баспа кешендері қолданылады. Көз жанарынан айрылған азаматтар электронды мерзімді және энциклопедиялық басылымдарды брайльдік дисплей немесе дыбыс синтезаторы көмегімен оқу арқылы пайдалана алады. Оқитын машина алдынала баспа мәтінін сканерлейді, содан соң синтезатордың көмегімен сөйлеу, дыбыс шығару үрдісі іске асырылады. Ал егерде сол машинаға брайльдік немесе кәдімгі принтерді орнатса, онда мәтінді керекті пішінде басып шығаруға болады. Нашар көретіндер электронды лупа аспабының көмегімен баспа шрифтінің қажеттілігіне қарай керекті өлшеміне дейін үлкейтіп көре алады. Алайда мұндай баспа-полиграфиялық, сандық (цифрлік) студиялармен қамтылған тифлоақпараттық кешендер кең таралмаған, олар тек қана арнайы кітапханаларының құрамында кездеседі.

Ақпаратты жедел алу тұрғылықты жеріне немесе қызмет көрсету аясына байланысты емес, оның іске асырылуы кітапханаға жаңа электронды технологиялардың енгізуіне байланысты болуы тиіс. Кітапхана ақпаратты білім, ғылым және мәдениеттің даму ықпалының кепілі екендігі баршамызға мәлім. Өкінішке орай, жаңа ақпараттық технологияларды кітапханаларға ендіру күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Жаңа ақпараттық технологияларды кітапхана қызметіне енгізу ақпаратқа қолжетілімділікті жоғарылатады және сапалы ақпараттық қызметтің негізгі қағидаларын: мәліметтерді алуының толықтығы мен жеделдігін іске асырады. Сондықтан, кітапхананың болашақ даму бағыты ретінде электрондық ресурстарды: мәліметтер қорлары, соның ішінде толық мәтінді мәліметтер

қорлары, қашықтықтан қолжетімділікті ұйымдастыру, анықтамалық-ізденіс аппаратының электронды ресурстарын үйлесімді қолдануы болып отыр.

Зағиптар кітапханалары шешетін маңызды мәселелердің бірі және ерекше орын алатыны – кітапханалық қызмет көрсететін мамандардың құзіреттілігі. Бұрын кітапхана ұжымы тек қана кітапханашылар мен библиограф мамандардан тұратын болса, соңғы кезде дәстүрлі кітапхана қорына электронды ақпарат түрлерінің қосылуына байланысты арнайы білімдері бар дербес компьютер операторлары мен бағдарламашылар, «сөйлейтін» кітаптарды жазатын және тираждайтын ақпараттық техника қызметкерлері де қабылданатын болған.

Ақпараттық технологиялар көзі көрмейтін зағиптарға кітапханалық, мәдени, білім алу, оңалту қызметтерінің өрісін кеңейтуіне жақсы мүмкіндіктер туғызды. Арнайы компьютерлік техниканың, бағдарламалардың көмегімен есіту қабілеті кем, көзі көрмейтін зағиптар да басқа дені сау азаматтармен бірдей тең дәрежеде ақпаратқа қол жеткізе алады. Бұл орайда кітапханалар өз қызметтерін тиімді орындап, зағип жандардың ақпарат алу барысында кездесетін кедергілерден өтуіне көмектеседі. Болашақта әр адамның тағдыры жаңа ақпаратты табу, алу, қабылдау және тиімді қолдануына байланысты және тәуелді болатыны анық.

Сондықтан, ақпараттық қоғамның білімді мүшелерін тәрбиелеудің маңызды рөлі кітапханаға жүктелінеді. Көзі көрмейтін зағиптарға арналған кітапханалар – ақпараттар қоймасы, білім беру және ағарту жолындағы білікті мекеме болып қала береді.

#### **Әдебиеттер**

1. Библиотеки для слепых в новой социокультурной ситуации: Сб. статей/ Ред.-сост. Г.П. Коваленко. М.: ВОС, 2003. – с.57.
2. Диянская Г.П. Азиатский семинар по библиотечному обслуживанию инвалидов по зрению//Сов. библиотечноеведение.-1991.-№4.-С.85-88.
3. Марусич, Ж.В. Библиотечное обслуживание инвалидов по зрению средствами новых информационных технологий. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.-Краснодар.- 2001.-290 с.

#### **Резюме**

*Библиотеки для слепых, какой бы статус она не имела на данный момент — является элементом сложной инфраструктуры, включающей и специализированные издательства, и научно-методические центры, и систему подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров, профессиональные ассоциации национального и международного уровней и другие учреждения и институты. И для них актуальны все те проблемы и задачи, с которыми сталкивается весь библиотечный мир. Одной из решаемых проблем — это внедрение новых информационных компьютерных технологий. В статье представлены возможности применения современных информационных технологий в библиотеках для слепых.*

#### **Summary**

*Library for blind, what status it wouldn't have at the moment — is an element of the difficult infrastructure including both specialized publishing houses, and the scientific and methodical centers, and system of preparation, retraining and professional development of shots, professional associations of national and international levels and other establishments and institutes. And all those problems and tasks which all library world faces are actual for them. One of the solved problems is an introduction of new information computer technologies.*

УДК 392.3:130.123.4

**А.С.Онгарова**

ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

## **ВОЗНИКНОВЕНИЕ СЕМЕЙНО-БРАЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ КАК ОСНОВА ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

### **Аннотация**

Наиболее часто о семье говорят как об основной ячейке общества, которая непосредственно участвует в биологическом и социальном воспроизводстве общества. В последние годы все чаще семью называют специфической малой социально-психологической группой, подчеркивая тем самым, что для нее характерна особая система отношений, которые в большей или меньшей степени управляются законами, нравственными нормами и традициями.

**Ключевые слова:** семья, брак, духовное, классификация, репродуктивная, хозяйственная, воспитательная, супружество, социальная, психологическая, этап, стадия

В современной науке нет единого определения семьи, хотя попытки сделать это предпринимались великими мыслителями много веков назад (Платон, Аристотель, Кант, Гегель и др.), выявлено также много признаков семьи.

В.А.Мижериков дает такое определение семьи: «Семья - малая социальная группа, основанная на браке, кровном родстве, члены которой связаны общностью быта, взаимной материальной и моральной ответственностью. [1, с. 104]. В.Сатир в своей книге «Как строить себя и свою семью пишет, что «семья - это микрокосмос всего мира», чтобы понять его, достаточно познать семью». [2, с. 5]. Проявления власти, интимности, независимости, доверия, навыков общения, существующих в ней, - ключ к разгадке многих явлений жизни. Если мы хотим изменить мир, нужно изменить семью». [3, с. 121]. П.И.Шевандрин дает такое понятие: «Семья - это малая социально психологическая группа, члены которой связаны брачными или родственными отношениями, общностью быта и взаимной моральной ответственностью и социальная необходимость в которой обусловлена потребностью в физическом, духовном воспроизводстве населения. [4, с. 405]. Р.Немов в учебнике по психологии пишет, что «семья - это особо рода коллектив, играющий в воспитании основную, долговременную и важнейшую роль. Доверие и страх, уверенность и робость, спокойствие и тревога, сердечность и теплота в общении в противоположность отчуждению и холодности - все эти качества личность приобретает в семье. [5, т. 2, с. 276]

Из всех этих определений видно, что внутри семьи различаются два основных вида отношений - супружество (брачные отношения между мужем и женой) и родство (родственные отношения родителей и детей, между детьми, родственниками). В жизни конкретных людей семья многолика, поскольку межличностные отношения имеют много разновидностей. Для одних семья - оплот, надежный эмоциональный тыл, средоточие взаимных забот, радости; для других - своего рода поле брани, где все члены бьются за собственные интересы, рани друг друга неосторожным словом, невыдержанным поведением. Однако понятие счастья подавляющее большинство живущих на земле связывают, прежде всего, с семьей: счастливым себя считает тот, кто счастлив в своем доме. Люди, имеющие, по их собственным оценкам хорошую семью, дольше живут, меньше болеют, продуктивно трудятся, более стойко переносят жизненные невзгоды, общительнее и доброжелательнее по сравнению с теми, кто не сумел создать нормальную семью, сохранить ее от распада или является убежденным холостяком. Об этом говорят результаты социологических исследований, проведенных в разных странах.

Семья, как своеобразная общность людей, как социальный институт влияет на все стороны общественной жизни, с ней прямо или косвенно связаны все социальные процессы [6, с. 84]. В то же время семья имеет относительную автономию от общественно-экономических отношений, выступая одним из самых традиционных и устойчивых социальных институтов. [7, с. 151]

В житейских представлениях, да и в специальной литературе понятие «семья» часто отождествляется с понятием «брак». На самом деле эти понятия, по сути, имеющие общее, не являются синонимами.

«Брак - это исторически сложившиеся разнообразные механизмы социального регулирования (обычаи, религия, право, мораль) сексуальных отношений между мужчиной и женщиной, направленного на поддержание непрерывности жизни» (С.И.Голод, А.А.Клецин). Цель брака заключается в создании

семьи и рождении детей, поэтому брак устанавливает супружеские и родительские права и обязанности. Следует иметь в виду, что брак и семья возникли в разные исторические периоды.

«Семья представляет собой более сложную систему отношений, чем брак, поскольку она, как правило, объединяет не только супругов, но и их детей, других родственников или просто близких супругам и необходимых им людей» [8, с.68]. Каждая семья уникальна, но при этом содержит признаки, по которым может быть отнесена к какому-либо типу. Наиболее архаичным типом является патриархальная (традиционная) семья. Это большая по численности семья, где в одном «гнезде» проживают разные поколения родственников и свойственников. В семье много детей, которые зависят от родителей, почитают старших, строго соблюдают национальные и религиозные обычаи. Эмансипация женщин и все ей сопутствующие социально-экономические перемены подорвали основы авторитарности, которые царили в патриархальной семье. Семьи с чертами патриархальности сохранились в сельской местности, в мелких городах [9, с. 112].

В последнее десятилетие растет число малых семей, состоящих из двух человек: неполных, материнских, «пустых гнезд», супруги, дети которых «вылетели из гнезда».

Современная семья формируется и функционирует в условиях государства. Поэтому важно преодолевать традиционный взгляд на семью, как сугубо личное дело индивида. Урегулированию отношений «семья - общество» служат принятые Республики Казахстан закона «О браке и семье» (17 декабря, 1998г. №321-1). Семейная политика рассматривается как система мер, в центре которой семья с ее проблемами жизнедеятельности и, прежде всего, с семейной культурой в отношении воспитания детей в самых разных случаях, включая разводы, усыновление, их рождение вне брака. Провозглашена благородная цель семейной политики: создание условий, необходимых для достижения семьей благополучия, защиты ее институциональных интересов, обеспечивающих социальную безопасность в процессе общественного развития. «Семья - специфический социальный институт, в котором переплетаются интересы общества, членов семей в целом и каждого из них в отдельности». [10, с.30]. Будучи первичной ячейкой общества, семья выполняет функции (действие), важные для общества, необходимы для жизни каждого человека.

Под функциями семьи понимают направления жизнедеятельности семейного коллектива или отдельных его членов, выражающих социальную роли и сущность семьи. [10, с. 31].

На функции семьи влияют такие факторы, как требования общества, семейное право и нормы морали, реальная помощь государства семье. Поэтому на протяжении истории человечества функции семьи постоянно изменяются: появляются новые, отмирают или наполняются иным содержанием ранее возникшие [4, с.38].

В настоящее время нет общепринятой классификации функций семьи. Исследователи единодушны в определении таких функций, как продолжение рода (репродуктивная), хозяйственная, восстановительная (организация досуга), воспитательная. Между функциями существует тесная связь, взаимозависимость, взаимодополняемость, поэтому какие-либо нарушения в одной из них сказываются на выполнении другой.

Репродуктивная функция - это биологическое воспроизводство и сохранение потомства, продолжение человеческого рода (Мацковский). Единственным и незаменимым производителем самого человека является семья. Заложенный от природы инстинкт продолжения рода преобразуется у человека в потребность иметь детей, заботиться о них, воспитывать. В настоящее время лавной социальной функцией семьи становится обеспечение потребности мужчины и женщины в супружестве, отцовстве, материнстве. Этот социальный процесс обеспечивает воспроизводство новых поколений людей, продолжение человеческого рода [10, с.32]. Слова «семья» и «родительство» стоят обычно рядом, поскольку рождение новой семьи - важнейший смысл супружества. Такова традиция, идущая из глубины веков: раз есть семья, значит должны быть дети; раз есть дети, значит, при них должны быть родители.

«Хозяйственная функция обеспечивает многообразие хозяйственных потребностей собственной семьи. В настоящее время содержание хозяйственной функции обогатилось новыми формами, такими, как индивидуальная трудовая деятельность, семейный подряд и т.д. Важно, чтобы хозяйственная функция была общей для всех членов семьи, [10, с. 34].

Функция духовного общения (организации досуга) «проявляется в удовлетворении потребностей в совместном проведении досуга, взаимном духовном обогащении; организация досуга имеет своей целью восстановление и поддержание здоровья. Изучение уровня «социального самочувствия» показало, что в числе основных проблем, осложняющих жизнь современной семьи, чаще всего отмечаются проблемы здоровья, тревога за будущее детей, усталость и отсутствие перспектив.

Воспитательная функция - важнейшая функция семьи, заключающаяся в духовном воспроизводстве населения [10, с. 38]. Философ Н.Я.Соловьев говорил, что «семья - воспитательная колыбель

человека», т.к. в семье воспитываются и взрослые, и дети на всех возрастных этапах. Воспитание заключается в сотрудничестве, когда оба дают и оба чувствуют себя наделенными дарами. Выделяют три аспекта воспитательной функции семьи [11, с. 39]:

- Воспитание ребенка, формирование его личности, развитие способности. Через внутрисемейное общение ребенок усваивает принятые в данном обществе нормы и формы поведения, нравственные ценности.

- Систематическое воспитательное воздействие семейного коллектива на каждого своего члена в течение всей его жизни. В каждой семье вырабатывается своя индивидуальная система воспитания, основу которой составляют те или иные ценностные ориентации. Семья представляет собой своеобразную школу, в которой каждый «проходит» много социальных ролей. На протяжении всей совместной жизни супруги влияют друг на друга, но характер этого влияния меняется. В первый период семейной жизни идет «притирка» характеров, привычек, привыкание к вкусам, привычкам, реакциям. В зрелом возрасте супруги стараются избегать невротизирующих ситуаций, всячески подчеркивают достоинства друг друга, внушают веру в собственные силы и т.д.

- Постоянное влияние детей на родителей (других членов семьи), побуждающее их к самовоспитанию. Любой процесс воспитания основывается на самовоспитании воспитателей. Д.Б.Эльконин заметил, что «не столько семья социализирует ребенка, сколько он сам социализирует окружающих его близких, подчиняет их себе, пытается сконструировать удобный и приятный для себя мир...». Не зря многие великие педагоги считали, что семейное воспитание - это, прежде всего, самовоспитание родителей. Значение каждой из перечисленных функций меняется в зависимости от потребностей общества и потребностей индивида, а также в зависимости от стадий жизненного цикла семьи [12, с. 418].

Жизненный цикл семьи меняется в зависимости от функций. Каждая отдельно взятая семья проходит несколько стадий в своем развитии. На каждой из этих стадий перед членами семьи встают определенные задачи и трудности.

Существуют несколько периодизаций жизненного цикла семьи; у нас получила распространение периодизация Э.К.Васильевой, которая включает следующие стадии жизненного цикла. Молодая семья (зарождение семьи) с момента заключения брака до появления первого ребенка. Важнейшие задачи, решаемые на этом этапе: психологическая адаптация супругов к условиям семейной жизни и психологическим особенностям друг друга; взаимная сексуальная адаптация супругов; приобретение жилья и совместного имущества; формирование отношений с родственниками; определение своего репродуктивного поведения. Данный период включает в себя 7-10 лет существования семьи.

На данном этапе жизни семьи существуют определенные проблемы: материальные, жилищные, сексуальная дисгармония, несоответствие репродуктивных установок, незапланированная беременность.

С появлением в семье ребенка задачи видоизменяются: перераспределение обязанностей в связи с появлением ребенка; изменяется досуг, поиск новых форм; налаживание отношений с родственниками на новых основаниях; определение типа воспитания ребенка; выбор воспитательного учреждения.

Сложный процесс формирования внутрисемейных и внесемейных отношений протекает весьма интенсивно и напряженно.

На этом этапе возникают различные проблемы и нарушения жизнедеятельности семьи: высокая конфликтность супругов; неравномерное распределение обязанностей; неготовность к рождению ребенка (психологическая, материальная), приводящая к кризису; сексуальная неудовлетворенность; изменение или отсутствие досуга; противоречие между профессиональными и родительскими ролями.

Косвенное отражение этих трудностей - количество и причины разводов.

Основной этап жизненного цикла - сложившаяся зрелая семья, включающая в себя несовершеннолетних детей младшего школьного возраста и детей в возрасте от 12 до 20 лет.

Задачи зрелой семьи, имеющей детей младшего школьного возраста: преобразование быта семьи; организация рабочего места ребенка; налаживание взаимоотношений со школой; помощь ребенку в освоении школьного коллектива; контроль учебной деятельности.

На данном этапе семья может испытывать следующие проблемы: нехватку материальных средств; неготовность ребенка к школе; конфликтные отношения в классе или с учителем; страх влияния на ребенка детей с девиантным поведением; страх за физическую безопасность ребенка; организации свободного времени ребенка.

Задачи зрелой семьи, имеющих детей подросткового возраста меняются, т.к. дети данного возраста стремятся к большей автономности от родителей. Это: установление детско-родительских отношений на новых принципах: больше свободы; помощь подростку в самоопределении жизненных ценностей, профессии; организация досуга в связи с изменившимися интересами, потребностями; принятие мер безопасности по отрицательному влиянию окружающих; соотнесение профессионального роста, интересов с интересами семьи.

В связи с этим в жизнедеятельности семьи появляются следующие проблемы: конфликты с взрослеющими детьми по разным поводам; различные взгляды на...?; снижение авторитета родителей; вероятность вовлечения подростка в девиантную компанию, преступную группу, наркотическую зависимость; конфликты со старшим поколением; противоречие профессиональных и родительских ролей; незапланированная беременность.

Особенно значима на этом этапе воспитательная функция, т.к. основные нарушения жизнедеятельности связаны здесь с воспитательными трудностями.

Пожилая семья (завершение жизнедеятельности семьи)

Этот период включает следующие задачи: по-новому организовать быт; наладить и перестроить супружеские отношения; приспособиться к физиологическим изменениям; освоить роли бабушек и дедушек; приспособиться к новому статусу - пенсионера; подведение жизненных итогов.

На данном этапе характерны следующие проблемы: личностный кризис, связанный с завершением трудовой деятельности и выходом на пенсию; конфликты с детьми; ослабление физических сил, болезни; изоляция, сужение круга общения; неудовлетворенность жизнью; переживание гибели брачного партнера; бесполезность.

На каждой из стадий перед семьей стоят определенные задачи, без успешного решения которых, может произойти разлад (кризис) семейных отношений и развод [12, с. 408].

Бұл зерттеудің мақсаты кадрлық әлеуетті кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру факторы ретінде қарауынан тұрады. «Әлеует» ұғымы өзінің этимологиялық мәнінде латынның «potentia» сөзінен шыққан және ол жасырын мүмкіндік, қуат, күш деген мағынаны береді. «Әлеует» ұғымының кең түсіндірмесі оны әрекет етуге әкелетін қор, мүмкіндіктер көзі ретінде қараудан, белгілі бір мақсатқа қол жеткізу немесе қандайда бір міндетті шешу, жекелеген тұлғаның мүмкіндіктері, қоғам, белгілі бір облыстағы мемлекет үшін пайдаланудан тұрады [1]. «Әлеует» ұғымы және «ресурстар» ұғымын қарама қарсы қоюға болмайды. Әлеует (экономикалық, әскери, еңбектік, ғылыми, қаржылық, рухани, кадрлық) «жалпылама ресурстардың жинақталған, уақытқа және орынға байланысты сипаттамасын» көрсетеді [2].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі оның білім беру әлеуеті болып табылады. Білім беру әлеуеті дегеніміз мәселенің тиімді шешімін анықтау үшін қажетті персонал қабілеті мен дағдыларын пайдалану және дамыту мүмкіндіктерінің болуын анықтайтын болашақта және қазіргі уақытта бар ресурстардың жиынтығы.

Кәсіпорынның білім беру әлеуетінің құрамына келесідей құраушыларды (элементтерді) енгізуге болады: - кадрлық құраушылар (кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес персоналы);

- материалды-техникалық құраушылар (білім беру әлеуетінің қуатын арттыру және қолдауды қалыптастыру үшін қажетті негізгі қорлар мен айналмалы қорлар, оның ішінде кітапхана қоры, жабдықтар және кәсіпорын кадрларының біліктілігін арттыру, дайындау және қайта дайындауды қамтамасыз ететін бөлімшелер мекемесі және т.б.);

- ғылыми-ақпараттық құраушылар (ғылыми және техникалық идеялар банкі, конструкторлық, технологиялық құжаттар, бағдарламалық қамтамасыз ету, ғылыми, кәсіби ақпараттар және оларды тарату жүйесі).

Бұл құрамдас элементтер кәсіпорынның білім беру әлеуетінің күтілетін бәсекеге қабілеттілік деңгейінің талаптарына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның білім беру әлеуетінің негізін кадрлық әлеует құрайды. «Кадрлық әлеует» ұғымы әлеуметтік-экономикалық дамудың ресурстық аспектісін көрсетеді. Еңбек ресурстарының әлеуметтік аспектісінің экономикалық көрінісі кадрлық әлеует болып табылатын адам әлеуеті ретінде өрнектеледі.

Көптеген жарияланымдарда кадрлық әлеует еңбек әлеуетімен теңестіріледі, бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша бұл түсініктер бір-бірінен ерекшеленеді. Соңғы уақытта өндірістің адам факторының элементі ретінде, яғни әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде еңбек әлеуетін зерттеуге ыңғайлар жетілдірілуде. «Еңбек әлеуеті» ұғымының еңбек ресурстарынан айырмашылығы және адам капиталынан ерекшелігі, оның мағынасын құрап тұрған «әлеует» сөзінде, яғни қандай да бір жүзеге асу мүмкіндігінде [3]. «Кадрлық әлеует» ұғымы өндіріс қатысушысын жай ғана жұмыскер ретінде қарастырмайды, оны ұдайы өндірістік үдерістің барлық кезеңінің қозғаушысы, ажырамас бөлігі ретінде қарайды; қоғамдық қажеттілікті «тасымалдаушы» ретінде мақсатқа тұжырымдалған функциясын орындайды, экономиканың дамуының стратегиялық және тактикалық мақсаттарын шынайы көрсетеді. Кадрлық әлеует түсінігін жалпы әлеует мән мәтінінде қарастыруға болады [3]. Кәсіпорынның кадрлық әлеуеті кең мағынада әлеуметтік нәтижеге қол жеткізу немесе табыс (кіріс) алу мақсатында өндірістің әртүрлі сфераларында оның тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын жұмыскерлердің шеберлігі мен дағдыларын көрсетеді [4]. Кадрлық әлеуеттің мұндай анықтамасы таңдап алынған нысанға, зерттеу пәніне, сондай-ақ оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес шынайы экономикалық заңдылықтардың негізінде кадрлардың кез келген ұғымын жан-жақты талдау мүмкіндігін береді. Кадрлық әлеует неғұрлым тар мағынада қарастырылуы мүмкін – оларды дамыту және оқыту нәтижесінде мамандармен толықтырылатын резервті еңбек орны немесе уақытша бос орын. Кадрлық әлеуетті басқару персоналы дамыту мен жетілдіруге, сапалық ерекшеліктерін сақтауға, реттестіруге қатысуы тиіс [4]. Осылайша, кәсіпорынның стратегиялық және оперативті кадрлық әлеуеті жөнінде айта аламыз. Стратегиялық кадрлық әлеует лидерлік қабілеттері бар, жоғары кәсіби әлеуеті бар және өндірістің даму міндеттерін шешетін жас мамандардан тұрады. Сонымен қатар, стратегиялық кадрлық әлеует екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: ағымдағы және мақсатты жинақтаушы. Ағымдағы кадрлық әлеует өндірістің негізгі операциясын орындау үшін әкімшілікпен қаралатын персоналдан тұрады. Мақсатты жинақтаушы кадрлық әлеует өндірісті дамытуға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, стратегиялық дамыту міндеттерін шешуге арналған.

Оперативті кадрлық әлеует қысқамерзімді кезеңде жетекші қызметтің орын алмастыруға жұмыскерлердің қабілетін қарастырады (1-ден 3-айға дейін) және жоғары кәсіби шеберлікпен сәйкес жұмысты орындауға мүмкіндік береді. Ереже бойынша, бұл белгілі бір дайындықтан өткен және жалпы техникалық, кәсіби қабілеттердің даму деңгейімен, құзыреттілігімен, шешім қабылдаудағы даралығымен және инновацияға қабілеттілігімен ерекшеленетін оны жүзеге асыруға ұмтылған адамдар. Кадрлық әлеуеттің құрамы мен негізгі белгілерін «кадрлар» түсінігін анықтауға негізделе отырып қалыптастыруға болады. Кадрлар – кәсіби дайындығы бар, арнайы білімді, тәжірибені және дағдыларды игерген жұмыскерлердің тұрақты жиынтығы. Кадрлық әлеует өз қабілеттерімен кәсіпшіл бола отырып функцияларын орындайды, өндірістің тиімді қызмет етуін білім тәжірибесімен қамтамасыз етеді. Сондықтан кадрлық әлеуетті талдау экономикалық салдарларды ескере отырып, ғылыми-техникалық, еңбектік, өндірістік әлеуетпен тығыз байланыста болады және кадрлық әлеуеттің сандық және сапалық параметрлеріне, оның даму заңдылықтарына және тиімді қолданылуына тікелей ықпал етеді. Кадрлық әлеуеттің құрылымы 1 суретте көрсетілген. Кадрлық әлеует тіршіліктің әртүрлі сфераларында қандайда бір функцияны орындау шеберлігі мен дағдыларын жасайтын, табиғи және әлеуметтік мәдени сапалардан тұрады. Кадрлық әлеуетті бірқатар элементтер арқылы қарастыруға болады. Психофизиологиялық әлеует – минималды энергетикалық шығындарымен белгілі бір іс-әрекет түріндегі адамның қабілеті. Танып білу әлеуеті – теориялық білімнің деңгейін арттыру мүмкіндігі. Құндылық – дүниетанымды әлеует адамның жеке ядросынан тұрады және онымен механизмдер, қалыптасу үдерістерімен және әлеуметтік мәнің қызмет етуімен, реттегіштер, мөлшерлер мен мінез-құлықтар, этикалық, эстетикалық, діни және т.б. бағыттармен, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі дамытумен

байланысты болады. Эмоционалды-ерікті әлеует – тікелей сыналатын қажеттіліктің билігіне қарсы тұратын қабілет, импульсивті тілек. Қажеттілік-мотивациялық әлеует - мотивтер мен стимулдардың реакциясының жиынтығы ретінде оның белсенді мінез-құлқын негіздейтін тұлғаның іс-әрекетінің қозғалыс күшін көрсетеді.



1 сурет. Кәсіпорынның кадрлық әлеуетінің құрылымы

Коммуникациялық әлеует – коммуникаторлар арасында ақпараттарды берудің әртүрлі жүйелерінің сәйкес болуы. Шығармашылық әлеует – стандартты емес шешімдер арқылы көрінетін, мінез-құлық пен өз іс-әрекетінің табысты инновациялық жүзеге асуының субъективті шарттары болып табылатын тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттері. Лидерлік әлеует – қандай да бір топтың беделін жаулап алуға және оның мүшелерінің бірінің мінез-құлқына ықпал етуге қабілеті. Командалық әлеует – кәсіпорын мақсатына жету үшін ұжымдық өзара әрекетке және бірлестікке тұлғаның қабілеті.

1 сурет кадрлық әлеуетті бағалау жүйесінің сызбасын кадрлық әлеуеттің жеке көрсеткіштерін қалыптастыратын негізгі элементтерін бөліп көрсеткен [1].



Осылайша, кадрлық әлеуеттің элементтері кәсіпорын жұмыскерінің іс-әрекеттерінің аспектілерін тұлға ретінде көрсетеді.

Жіберілген мүмкіндіктер, уақыт, іздеуге жұмсалған жоғары шығын және жаңа персоналдың бейімделуі мұның барлығы кадрлық әлеуетті дамыту жүйесін құруға жетекшілерді ынталандырады. Бұл күрделі, ұқыпты дайындықты талап ететін жүйелі үдеріс.

Шаруашылықтың кез-келген субъектісінің экономикасының кадрлық әлеуеті еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігі мен құрамымен, сондай-ақ ұйымдастырушылық-кәсіпкерлік қабілеттерді қоса алғанда инновацияны қабылдау қабілеті мен пайдалануымен анықталады.

Еңбек әлеуетін бағалау кезінде экономиканы жаңғыртуға қатысқысы келетін халықтың экономикалық белсенді қозғалысы мен басқа да категориялар санын талдау қажет. Еңбек әлеуетін бағалауда кадрлардың жас құрамы, біліктілік құрылымы, жұмыс өтілі және білім деңгейі, жұмысының тиімділігі, еңбекақы деңгейі анықталады.

Инновациялық-техникалық әлеует жалпы түрде экономикадағы жұмысбастылардың әртүрлі жаңалықты енгізу мен жасау қабілетімен, көлемділігімен, өндірістік қуатымен, материалды емес активтердің шамасымен және т.б. анықталады.

Ғылыми әлеует зерттеу және әзірлемелермен, жұмысбасты персонал санымен, сондай-ақ орташа есеппен жоғары кәсіби білімі мен жоғары оқу орынынан кейінгі білімі бар тұлғалардың үлесімен анықталады. Ұйымдастырушылық-кәсіпкерлік әлеует өндірісті ұйымдастыру, басқару деңгейімен, инновациялық өнім мен қызметті жүзеге асыру көлемімен анықталады.

Кәсіпорынның кадрлық әлеуетін талдау мен бағалаудың қажетті шарты барлық құраушыларын жиынтықта қарастыру болып табылады. Бұл шарт шаруашылықтың нақты шартында экономикалық субъект жоғары еңбек, инновациялық және ғылыми әлеуетке ие болатындығымен байланысты, бірақ ол төмен ұйымдастырушылық-кәсіпкерлік әлеует жиынтығы шамасын төмендетеді.

Персоналдың әлеуетіне ықпал ететін факторларды екі топқа бөлуге болады: ішкі және сыртқы факторлар. Сыртқы факторлар болып табылатындар: экономикалық дамудың деңгейі, әлеуметтік саясат, ҒТП деңгейі, еңбек нарығының жағдайы, білім беру жүйесі, мемлекеттік кадрлық саясат және т.б. Ішкі факторлар – бұл кәсіпорынның материалды-техникалық базасы, басқару стилі, ұйымдастырушылық мәдениеті, еңбек шарты мен оны ұйымдастыру, қызметтік және біліктілік қозғалысы, мотивация және еңбекті ынталандыру, әлеуметтік даму және т.б.

Жоғарыда аталған факторлардан басқа кәсіпорынның кадрлық әлеуетінің деңгейіне миссия, мақсаттар және кәсіпорынның міндеттері ықпал етеді, олар нақты кәсіпорынның персоналына қойылатын талаптарды анықтайды. Сондай-ақ, кәсіпорынның кадрлық әлеуеті нақты кәсіпорынның синергетикалық нәтижесінің деңгейі мен бағытына тәуелді болады – басқаша айтқанда кәсіпорында жасалған шарттар бұл көрсеткішті толығымен арттырады немесе төмендетеді.

#### **Кадрлық әлеуетті дамыту жүйесін ұйымдастыруды ұсынатын мүмкіндіктер:**

- негізгі позицияларда кандидаттың ішкі көзі болып табылады;
- әлеуетті, талантты қызметкерлерді ұстап тұруға мүмкіндік береді;
- болашақтағы күрделі міндеттерге қызметкерлерді дайындауға мүмкіндік береді;
- талантты қызметкерлердің дамуын жеделдетеді;
- персоналға мансаптық өсу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады;
- шығындарды төмендетеді, өйткені кәсіпорын ішіндегі қызметкерлерді дамыту, – жаңа қызметкерлерді бейімдеу, жалдауға қарағанда инвестицияны аз талап ететін үдеріс.

Кәсіпорынның кадрлық әлеуетін пайдалану нәтижесі оның бәсекеге қабілеттілігін көрсететін және оның мүмкіншіліктерін арттыратын көрсеткіштерден тұрады, олар келесідей топтар: [5].

1. Кәсіпорынның тауарлары мен қызметтерін тұтынушының қанағаттанушылығын жоғарылату, оның ішінде:

- өнім сапасы деңгейін арттыру;
- өнімнің ғылыми-техникалық деңгейін арттыру;
- нарықта кәсіпорын өнімінің үлесін арттыру;
- сату көлемін арттыру;
- тұтынушыларды қосалқы бөлшектермен жабдықтауда үзіліс санының азаюы.

2. Кәсіпорын іс-әрекеті нәтижелерінің жақсаруы:

- ҒЗҰКЖ шығындарының үнемі;
- өндірістік және өндірістік емес шығындардың үнемі;
- бағаның түзілімін оңтайландыру немесе сату көлемін арттырудан түсетін қосымша пайда;
- әртүрлі себептермен болатын шығындарды қысқарту.

3. Кәсіпорын беделін арттыру:

- кәсіпорын өнімін сатып алушылар арасында тұрақты клиенттердің үлесін арттыру;
- маркетингтік сұрақ-жауаптарда кәсіпорын өніміне дұрыс көзқарас білдірген респонденттердің үлесін арттыру;

- билікті құрылымдарда кәсіпорын өкілдерінің санын арттыру (оның ішінде мемлекеттік билік органдарында, бірлестіктерде кәсіпорын ассоциацияларын басқару органдарында және т.б.).

Кадрлық әлеуеттің тиімділігі – ол кадрлық ресурстарды жүзеге асыру деңгейін көрсетеді. Өз кезегінде кадрлық әлеуеттің сапалы деңгейі экономикалық даму дәрежесін көрсетеді.

Адамға мүдделі салым мемлекеттің әл-ауқатының өсуінің салдары емес оның себебі болып табылады. Сонымен бірге, мемлекеттің нақты адамға салымының (оның кәсіби дамуына) белгілі бір оңтайлы мөлшері болуы тиіс. Яғни, белгілі бір қабілеттілікке ие кадрларды алу мақсатында нақты тұлғаларға салым жасау үшін ең алдымен кадрларды дамытудың стратегиялық бағыттары мен ресурстардың ұтымды санын анықтау болып табылады. Осыған байланысты адамға салынатын салымды экономикалық негіздеу қажеттілігі туындайды.

Қорытындылай келе, егер кәсіби дамуды басқаратын және өз қызметкерлеріне ресурстар салатын нақты кәсіпорынды қарастыратын болсақ, онда жұмыскерлердің дамуын басқару үдерісінің негізгі кезеңі кәсіпорынның кадрларға деген қажеттілігін анықтау болып табылады. Осылайша, кадрлық әлеуетті қалыптастырудағы негізгі мәселе мақсатқа жету үшін осы кәсіпорынның жұмыскері ие болуы тиіс (қазіргі уақытта және болашақта) білім және дағдылар (құзыреттіліктер) арасындағы сәйкессіздікті анықтау болып табылады.

Кәсіпорында кадрларды кәсіби дамыту қажеттілігін анықтау кезінде кәсіпорынның өз жұмыскерлерінің дамуы қажеттіліктеріне белгілі бір ықпал көрсететін факторлардың әсерін ескеру қажет: сыртқы ортаның серпіні; жаңа өнім, қызметтер және өндіріс әдістерінің пайда болуына алып келетін техника мен технологияларды дамыту; кәсіпорынның даму стратегиясының өзгерту; жаңа ұйымдастырушылық құрылымды құру; жаңа іс-әрекет түрлерін игеру.

Кәсіпорында кадрлық әлеуетті дамыту мен жетілдіру үдерістерін үнемі реттеу және жоспарлау қажеттілігі күмән тудырмайды ол кәсіпорында кез келген уақытта әрбір бөлімде қажетті білікті ынталандырылған қызметкерлердің санына ие болуы үшін бағытталған әрекеттерді жүзеге асыруды ұсынады және оның кадрларының әлеуеті кәсіпорынға тән үдерістерді басқарудың қазіргі талаптарына сәйкес келуі қажет.

#### **Резюме**

*В статье рассмотрена сущность кадрового и образовательного потенциала как факторов повышения конкурентоспособности предприятия. Определена структура кадрового потенциала, методология разработки и создания эффективной системы управления кадровым потенциалом предприятий. Проведен комплексный анализ научной литературы по проблемам управления кадровым потенциалом, концепции, практике и перспективам его развития. Выявлены возможности, которые предоставляет организации система развития кадрового потенциала.*

#### **Summary**

*In article essence of staff and education potential are considered as factors of increasing enterprise competitiveness. Staff potential structure, development methodology and creation effective management systems are defined. Scientific literature about staff potential, conception, perspective its development are analyzed. Possibilities that present system staff potential development are defined.*

#### **Әдебиеттер**

1. Советский энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1981. -673 с.
2. Абалкин Л.И. Диалектика социалистической экономики. - М.: Наука, 1987.- 314 с.
3. Омаров А.М. Управление и человек. - М.: Наука, 1989. -345 с.
4. Берглезова Т.В. Понятие кадрового потенциала и его влияние на эффективность деятельности промышленного предприятия. //www.cfin.ru.
5. Мухамбетов, Т.Н. Мотивационный механизм управления трудом. Алматы: Ғылым, 2009. - 223 с.

ӘОЖ 338.24:626.81

**П.Т.Байнешева, Л.Рахымбаева**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## **ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТЫҚ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ БАСҚАРУ**

### **Аңдатпа**

Мақалада Қазақстан Республикасында кадрлық әлеуеттің қалыптасуы мен оның тиімді қолданылуына қажетті шарттар зерттелінген, еңбек нарығының дамуының аймақтық ерекшеліктері мен негізгі көрсеткіштеріне және демографиялық жағдайға бағалау орындалған, экономикалық іс әрекет сферасы бойынша кадрлардың бөліну құрылымына талдау жүргізілген.

**Кілттік сөздер:** Кадрлар, еңбек ресурстары, кадрлық әлеует, адам ресурстарын басқару, еңбек нарығы, аймақтық экономика, жұмысбастылық, жұмыссыздық, кадрлық саясат, бәсекеге қабілеттілік.

Қазіргі жағдайда аймақтың кадрлық әлеуетінің қалыптасуы және оның тиімді қолданылуы экономикалық өсімнің басты шарты болып табылады. Аймақтың дамуының серпінді сипаты, жалпы аймақтық өнімнің қалыптасуы, стратегия мен тактиканың басымдықтарын анықтау кадрлық әлеуетті басқарудың адекватты тетігін құру қажеттілігін негіздейді.

Экономиканың дамуындағы жаңа үрдістер және адам факторының өспелі рөлі аймақтың кадрлық әлеуетін қалыптастыру мүмкіндігін едәуір кеңейтеді. Адам капиталына инвестициялар, өнеркәсіптік өндірістің тәжірибелі және білікті мамандарға өспелі қажеттіліктері экономиканың нақты секторының қарқынды дамуы мен өркендеуі мақсатында инновациялық ойлау типіндегі менеджерлерді дайындау қажеттілігін анықтайды. Адам ресурстарын басқару тұжырымдамасының шеңберінде кадрлық әлеует экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы болып табылады. Аймақтың кадрлық әлеуетінің ұдайы өндірісінің қалыптасуы мен дамуының негізгі үрдістерін талдау салалық және аймақтық кескіндегі еңбек нарығының жағдайын сипаттайды. Осыған байланысты еңбек нарығының дамуының жалпы заңдылықтарын зерттеудің маңыздылығы тек мемлекеттік реттеу тұсында ғана емес, сонымен қатар демографиялық, әлеуметтік-экономикалық және табиғи-климаттық факторларды ескергендегі оның аймақтық ерекшеліктерін зерттеу өзекті болып табылады.

Ел Президенті Н.А.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында мемлекет басшысы халықтың табысын өсіру және еңбекке ынтасын арттыру, өнімді жұмысбастылық мүмкіндігін кеңейту мақсатында халықтың кадрлық әлеуетін арттыру қажеттілігін көрсетті [1]. Елде серпінді дамитын еңбек нарығы жасалған, экономикалық белсенділік және халықтың жұмысбастылық деңгейі тұрақты артуда. Дағдарысқа қарсы реттеулер тәжірибесі жинақталған. Елде жасалған жұмыс орнын сақтау шаралары мен жұмысбастылыққа қатынасу әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстың ықпалымен байланысты уақытша экономикалық қиындықтар жылдарында жұмысбастылықтың жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар әлемдік дамудың тұрақсыздығы және әлеуметтік жаңғыру шартындағы серпінді өзгерістерде ішкі өзгерістер еңбек нарығын реттеуге және өнімді жұмысбастылыққа қатынасуға жаңа талаптарды қояды.

ҚР-да кадрлық әлеуетті жүзеге асырудың қазіргі ыңғайы адам ресурстарын басқару формалары мен жаңа тетіктерін әзірлеу мен ендіруді ұсынады. Елімізде еңбек нарығының даму болашағын анықтауда аймақтың стратегиялық дамуының басымдықтарын қалыптастырудың рөлі ерекше. Бұл тұста аймақтың ерекшеліктерін: инвестициялық әлеуетті анықтау, инфрақұрылымды дамыту, адам капиталына инвестициялар, аймақтың еңбек нарығын реттеу сияқты сипаттамаларды ескеру қажет.

Аймақты дамытудың негізгі тұжырымдық ережелеріне сәйкес оның кадрлық саясатын дамытудың негізгі бағыттарын анықтау бәсекелік артықшылықтарды қалыптастыру бойынша міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты жекелеген аймақтың өнеркәсіп өндірісінің кадрлық әлеуетін басқаруды ұйымдастырудың үлгілерін әрі қарай құру және жетілдіру, аймақтың кадрлық әлеуетін пайдалану және сақтау тетігін әзірлеу, кадрлардың сандық және сапалық құрамын сақтау және жаңарту үдерісінің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету өзекті болып табылады.

Кадрлық әлеуеттің мәнін қарастыра отырып, оның ішкі құрылымын көрсету және оның сапалық және сандық сипаттамаларын анықтау қажет. Сандық параметрлер кәсіпорын персоналының сандық құрамынан тәуелді болады. Аймақтық деңгейде кадрлардың сандық параметрлері экономикалық белсенді халық санымен, экономиканың әртүрлі салалары мен сфераларындағы жұмыскерлер санымен сипатталады. Елдің кадрлық әлеуетінің сандық көрсеткіші экономикалық белсенді халық саны болып табылады.

Аймақтың кадрлық әлеуетінің ұдайы өндірісінің қазіргі үрдістері мен ерекшеліктерін анықтау бүгінгі күні ерекше мәнге ие және оны аймақтың басқару және билік органдарынан тез арада жетілдірудің тиімді тетіктерін әзірлеуді талап етеді. Құрылымдық өзгерістердің ықпалы, ең алдымен салалық және аймақтық еңбек нарығының теңгерімсіздігінен, аймақ экономикасының басым салаларында жұмысбастылар санының едәуір қысқаруынан, жоғары білікті жұмыскерлердің кетуінен, кәсіби және жас бойынша сәйкессіздіктен көрініс табады.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін кешенді бағалау экономиканың барлық сфераларын кадрлармен қамтамасыз ету мен дайындау жүйесіндегі қарама-қайшылықтармен негізделген мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Аймақтың кадрлық әлеуетінің ұдайы өндірісі мәселесінің өткірлігі жұмыскерлер мотивациясы мен жұмыс берушілердің мүдделеріндегі теңгерімсіздіктен және кадрлық әлеуеттің ұдайы өндірісі мен мамандарды дайындау арасындағы қарама-қайшылықтан көрінеді. Қалыптасқан теріс жағдай аймақтық нарықтың талаптары мен мүдделеріне сәйкес жоғары кәсіби білімді мамандарды дайындауға мемлекеттік тапсырыс негізінде кадрларды дайындаудың тиімді мемлекеттік реттеу жүйесін құру қажеттілігін негіздейді.

Қазіргі жағдайда экономикалық кеңістікте аймақтық өзара байланыстардың күшеюіне, биліктің аймақтану және деңгейлену үдерістеріне байланысты кадрлық әлеуетті кәсіби-біліктілік негізінде де, сонымен қатар аймақтық-басқарушылық белгіні ескере отырып та қарастыру тиімді деп есептейміз. Осыған байланысты еліміздің басқару және билік органдарының өзекті міндеттерінің бірі аймақтың инновациялық дамуының әкімшілік, құқықтық және экономикалық критерийлеріне сәйкес кадрлық стратегияның адекватты стратегиясының үлгісін жүзеге асыру тетігін әзірлеу және құру болып табылады.

Қойылған міндетке жетудің қажетті шарты кадрлық әлеуетті жетілдіру, персоналды жетілдіру, оқыту жүйесін құру, біліктілікті арттыру, кадрлық әлеуеттің аудиті мен бақылауын жүзеге асыру болып табылады. Басқару тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бүгінгі күні персонал аудиті еңбек қатынастары аясында мәселені уақытылы шешуге мүмкіндік беретін басқару құралы болып табылады. Кадрлық әлеуетті нысаналы талдауды жүзеге асыру үшін елдегі демографиялық жағдайды бағалау қажет (1 кесте).

1 кесте - Қазақстан Республикасы бойынша демографиялық көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштер	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Халық саны, мың адам	15982,3	16203	16440,1	16673	16909,8	17165,2
Өткен жылға % -бен	102,6	101,4	101,5	101,4	101,4	101,5
Өмір ұзақтығы, жыл	67,1	68,4	68,5	69,0	69,6	70,5
Туу коэффициенті (1000 адам)	22,6	22,2	22,5	22,5	22,7	23,1
Өлім коэффициенті (1000 адам)	9,7	8,9	9,0	8,8	8,5	8,1
Халықтың табиғи өсімі, адам	203,86	213,14	221,57	227,85	238,12	255,79
Табиғи өсім коэффициенті (1000 адам)	12,9	13,2	13,6	13,8	14,2	15,0

Ескерту: <http://www.stat.kz> мәліметтерімен құрылған

Кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, Қазақстан Республикасы халқының саны соңғы 5 жылда оң өсім үрдісін көрсетеді, ол жыл сайын орташа 1,5% артып отырған. 2013 жылы халықтың саны 17 миллионды, ал өмір ұзақтығы 70 жасты еңсерді. Сонымен қатар, туу коэффициенті 1,7 пунктке өссе, ал өлім коэффициенті 0,4 пунктке төмендеді. 2013 жылы халықтың табиғи өсімі 255 мың адамды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 17,6 мың адамға жоғары.

Еңбектің қазақстандық нарығында көптеген дамыған және дамушы елдермен салыстырғанда жаһандық экономиканың дағдарыстан кейінгі тұрақты жағдайы қалыптасты. 2013 жылы ҚР статистика агенттігінің мәліметтері бойынша экономикалық белсенді халықтың артуы, жұмысбастылықтың артуы, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалды [2]. Бұл жағдайды Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының 2008-2013 жылдардағы негізгі көрсеткіштері дәлелдейді (2 кесте)

2 кесте - Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Экономикалық белсенді халық, мың адам	8415,0	8457,9	8610,7	8774,6	8981,9	9042,4
Өткен жылға % -бен	102,3	100,5	101,8	101,9	102,4	100,7

*М.Әуезов атындағы ОКМУ ғылыми еңбектері*

Жұмысбасты халық, мың адам	7857,2	7903,4	8114,2	8301,6	8507,1	8576
Өткен жылға % -бен	103,0	100,6	102,7	102,3	102,5	100,8
Жалдамалы жұмыскерлер, мың адам	5199,4	5238,8	5409,4	5581,4	5813,7	5979,9
Өткен жылға % -бен	104,5	100,8	103,3	103,2	104,2	102,9
Өз бетінше жұмысбасты, мың адам	2657,8	2664,6	2704,8	2720,2	2693,4	2596,1
Өткен жылға % -бен	100,0	100,3	101,5	100,6	99,0	96,4
Жұмыссыз халық, мың адам	557,8	554,5	496,5	473,0	474,8	466,4
Өткен жылға % -бен	93,4	99,4	89,5	95,3	100,4	98,2
Тіркелген жұмыссыздық саны, мың адам	48,4	53,4	35,4	36,6	34,6	30,0
Жұмыссыздық деңгейі, %	6,6	6,6	5,8	5,4	5,3	5,2

Ескерту: <http://www.stat.kz> мәліметтерімен құрылған

Кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, соңғы бес жылда көрсеткіштер едәуір өзгерістерге ұшыраған, экономикалық белсенді халық саны және жұмысбасты халық саны сияқты көрсеткіштер бойынша 2013 жылы өсім сәйкесінше 0,7% және 0,8% құрады, ал өз бетінше жұмысбасты халық санының соңғы екі жылда төмендеуі байқалады, 2012 жылы 1% және 2013 жылы 3,6%.

Экономикалық іс-әрекет аясы бойынша кадрлық әлеуетті пайдалану деңгейін жеке бағалау қажет, бұл халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету үшін экономиканың мүдделі салаларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді (3 кесте).

Он жыл ағымындағы реформаларда елде кадрлар әлеуетінің біртіндеп төмендеуі байқалды. Жұмыс күшінің толық пайдаланылмауы жұмыссыздықтың сандық параметрлерінде ғана емес, жұмысбастылық сапасының төмендеуінен көрінді. Бұл арнайы статистика мәліметтерінде көрсетілмеген. Мұны толық емес жұмысбастылықтың таралуы, бөлшекті және әлсіз жұмысбастылық көлемінің едәуір болуы дәлелдейді. Еңбек табысының төмен деңгейі олардың қосымша табыс көзін іздеуге, кез-келген еңбек шартына келісуге мәжбүрлейді. Бұл мәселелер толығымен әлемдік экономикалық дағдарыстың басталуымен пайда болды..

3 кесте - ҚР экономикалық іс әрекет сферасы бойынша кадрлардың бөліну құрылымы

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013
Экономикада жұмысбастылардың барлығы	100	100	100	100
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	22,1	25,4	26,8	27,3
Өнеркәсіп	32,5	34,1	30,2	28,2
Құрылыс				
Сауда, қоғамдық тамақтану және қонақ үй бизнесі	11,4	12,8	13,7	14,1
Тасымалдау, байланыс және ақпараттық қызметтер	8,2	9,1	9,5	10,5
Қаржы және сақтандыру іс-әрекеті	10,8	9,2	9,1	8,9
Мемлекеттік басқару, қорғаныс	13,6	14,3	14,5	15,7
Білім беру	17,1	18,2	18,5	19,0
Денсаулық сақтау, әлеуметтік сфера және өнер	11,2	12,6	13,7	14,7

Ескерту: <http://www.stat.kz> мәліметтері бойынша құрылған

Кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, 2010 жылдан 2013 жылға дейін жұмысбастылардың жоғары саны ауыл, орман және балық шаруашылығына тән – 2048,8 мың адам, көтерме және бөлшекті сауда – 1272,8 және өнеркәсіп – 1029,4 мың адам. Сумен жабдықтау, құбыр және қоршаған ортаны қорғау аясында жұмысбастылар санының төмен үрдістері байқалады – 83,9 мың адам.

ОҚО қолайлы демографиялық жағдаймен, халықтың табиғи өсімінің жоғары қарқынымен, ауыл халқы санының басым болуымен сипатталады, бұл аймақтың азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуге ықпал етеді. Экономикалық белсенді халық саны облыс бойынша 2012 жылы 1243,4 мың адамды құрап өткен жылмен салыстырғанда 3,8% артты.

ОҚО бойынша өз бетінше жұмысбасты халықтың үлес салмағы 534,2 мың адамды (20,3% облыс бойынша жалпы халық санынан) құрады және Қазақстанның аймақтары арасында ең жоғарысы болып



табылады. Мұндай жағдай жеке қосалқы шаруашылықта, ауыл шаруашылығында және экономикалық іс-әрекеттің жолай түрлерінде халықтың үлкен үлесімен түсіндіріледі.

2013 жылы ОҚО статистика департаментінің мәліметтері бойынша экономикалық белсенді халық саны артты, жұмысбастылық өсті, жұмыссыздық деңгейі төмендеді [3].

Экономикалық іс-әрекет сферасы бойынша кадрлық әлеуеттің құрылымын қарастыруға болады, бұл жұмысбастылықты қамтамасыз ету үшін экономиканың басым салаларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді (4 кесте).

4 кесте - ОҚО экономикасының сфералары бойынша кадрларды бөлу құрылымы, %

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012
Облыс бойынша барлығы	100	100	100	100
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	6,4	6,4	5,4	5,4
Өнеркәсіп	41,3	34,9	34,6	33,2
Құрылыс	11,6	14,6	17,0	17,8
Көтерме және бөлшек сауда: автокөліктердің және мотоциклдердің және жеке пайдаланудағы заттардың жөндеуі	9,1	8,5	9,2	10,4
Көлік және қоймалау	11,7	11,3	11,1	11,3
Өмір сүру және тамақтану бойынша қызметтер	0,2	0,1	0,2	0,4
Ақпарат және байланыс	3,3	3,3	3,4	3,1
Қаржылық және сақтандыру іс-әрекеті	3,7	3,5	3,8	4,4
Қозғалмайтын мүлікпен операциялар	0,5	0,5	0,6	0,6
Кәсіби, ғылыми және техникалық іс-әрекет	8,0	7,9	8,5	8,4
Әкімшілік және көмекші қызмет көрсету аясындағы іс-әрекеттер	5,6	6,5	7,2	8,7
Мемлекеттік басқару, қорғаныс	28,1	29,1	29,4	30,1
Білім беру	18,3	22,6	28,3	38,1
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметте	4,4	4,8	4,6	5,8
Өнер, ойын-сауық және демалыс	5,1	4,8	4,9	5,2
Басқада қызмет түрлерін ұсыну	1,3	2,3	2,6	2,6

Ескерту - <http://www.ontustik.stat.kz> мәліметтерімен құрылған

Кестеден көріп отырғандай, кадрлық құрамның құрылымы соңғы жылдары күрт өзгерді. Өнеркәсіпте жұмысбастылар үлесі 41,3%-дан 33,2% дейін азайды, ауыл шаруашылығында жұмысбастылардың үлесі кішігірім өзгеріп, 5-6% шамасында болды. Қызмет сферасына келетін болсақ, соңғы жылдары бұл жерде жоғары өсу байқалады және жұмысбастылар саны жыл сайын артып отырды. Осылайша, Оңтүстік Қазақстан облысы едәуір ресурстарға ие бола отырып, ерекше бәсекелік артықшылықтардан тұратын әлеуеті дамыған зияткерлік капиталын және экономиканың әрі қарай дамуы үшін кәсіпкерлік талантын қолдана алады.

ОҚО-да еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру бойынша саясаты Н.А.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, 2015 жылға дейін үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында, ҚР Президентінің 17 қаңтар 2014 ж. «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» халыққа Жолдауында, Оңтүстік Қазақстан облысының 2011-2015жж. даму Бағдарламасында қойылған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған және жақын болашақта Оңтүстік аймақ халқының кадрлық әлеуетінің сапалық құрамына көңіл аудару қажет.

Осыған байланысты аймақтық деңгейде еңбек нарығының дамуының перспективалы бағыттары мен тұрақтылығын анықтайтын үлгілердің дайындалуы мен тиімді әдістерін іздеу мәселесі өзекті болады. Өнеркәсіп өндірісі өсімінің қарқынының артуы серпінінде көптеген өнеркәсіптік кәсіпорынында біліктілігі жоғары кадрлық әлеуеттің негізгі үлесі жоғалған. Аймақтағы білім беру қызметі нарығы мен еңбек нарығы еңбекке деген сұраныс өзгерісіне адекватты ықпал етуге әрқашан қабілетті емес. Аймақта кадрлық әлеуетті басқару жүйесінің тиімді дамуының қажетті шарты кадрларды жоғары оқу орындары арқылы дайындау мен қайта дайындау және кадрлық резервтің мәліметтер базасының қалыптасуы болып табылады. Біліктілікті арттыру және персоналды дамыту арқылы аймақ экономикасының өсуінің оң үрдісі кадрлардың біліктілік құрылымының және білім беру деңгейінің өзгерісінен, оқу орындарындағы студенттердің санының артуынан көрінеді. Жұмыс күшінің құрылымындағы жоғары білім алушы тұлғалардың өсімінде оң серпін байқалады. Аймақ өнеркәсібіндегі кадрлық әлеуетті басқарудың маңызды құралы кадрларды дайындауға аймақтық тапсырысты бекіту мүмкіндігі болып табылады және оның көмегімен аймақтағы кадрлық әлеуеттің

кәсіби-білікті құрылымды жергілікті экономиканың қажеттіліктеріне және аумақтың даму мақсаттарына сәйкес түзетуге болады. Оқыту және біліктілікті арттыру жүйесі персоналды басқару бойынша жұмыстың маңызды бағыттарымен тығыз байланысты болса, ол тиімді болады деп есептейміз және кадрлық резервпен жұмыс және сыйақы жүйесінен тұрады. Сонымен қатар, егер мәселе құрылымдық сипатта болса, персоналдың қажетті дағдыларының болмауы салдарынан оқу әрқашан тиімді бола бермейді. Бұл жағдайда, персоналдың «дамуы емес, оқуы» жүрегін жағдай да кездесуі мүмкін.

Аймақтық еңбек нарығының ерекшелігі кадрлық әлеуетті басқару жүйесінің қалыптасуы кезінде ескерілуі қажет, бәсекеге қабілетті жұмыс күшін қамтамасыз етудің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кадрлық әлеуетті басқару аймақтың барлық тіршілік аясында басқарудың күрделі интеграциялық үдерісінің бөлігі болып табылады және ол жинақталған білімді, дағдыларды стратегияны жүзеге асыру және экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында қолдануға мүмкіндік береді.

ҚР-да 2014 жылдан бастап еңбек ресурстарының теңгерімінің негізінде еңбек нарығын дамытудың бес жылдық болжамы жасалуда.

Еңбек ресурстарының теңгерімі (ЕРТ) – аймақтың еңбек әлеуетін бағалау құралы және оны пайдалану жөніндегі ақпарат көзі. ЕРТ еңбек нарығы жөнінде барлық ақпараттарды біріктіру үшін пайдалы құрал болып табылатын еңбек ресурстарын пайдалану мен құрамын зерттеудің кешенді әдісі [4].

Еңбек ресурстарының теңгерімінің көмегімен жұмыс күшінің, байланыстың және елдің жекелеген аймақтарының арасындағы экономикалық іс-әрекет түрлері және экономика салалары бойынша үлестірудегі пропорциялардың мәні ашылады. ЕРТ болжамы базалық және оптимистік сценарий бойынша ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тапсырысымен әзірленген және 2013-2017жж. республиканың әлеуметтік-экономикалық даму сценарийімен келісілген.

Сонымен 2013-2017жж. жалпы республикада базалық сценарий бойынша экономикалық белсенді халықтың санының болжамдалған өсімі орташа 127,8 мың адамды құрайды. Яғни, 2017 жылға қарай экономикалық белсенді халықтың саны 9,5 млн. адамды құрайды. Сонымен қатар жекелеген аймақтарда халық санының қысқаруының есебінен экономикалық белсенді халық санының едәуір қысқаруы немесе өсімі күтілуде. Мұндай аймақтарға: Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары жатады. Экономиканың және экономикалық белсенді халық санының артуы 2017 жылға қарай жұмысбасты халық санының 9,16 млн. адамға артуына алып келеді. 2012 жылдың 3 тоқсанында олардың саны 8,54 млн адамды құрады. Аймақ бойынша жұмыс бастылар санының артуы бірдей емес. Бұл күтілетін даму көрсеткіштері мен демографиялық үрдістермен байланысты. Жұмысбастылар санының неғұрлым өсімі Астанада (2017 ж. қарай - 107 мың адам), едәуір төмен көрсеткіш СҚО (2017ж. қарай -2,7 мың адам) байқалады. Экономикалық іс-әрекет бойынша жұмысбастыларды үлестіру құрылымында едәуір өзгеріс болжамдалмайды.

2013-2017жж. соңғы он жылдықта қалыптасқан, экономикалық іс-әрекет бойынша жұмысбастылардың үлестірілу құрылымының едәуір өзгеру үрдісі сақталады.

Ауыл шаруашылығында жұмысбастылар үлесінің төмендеуі жалғасуда (2011 ж. - 26,5%-дан 2017 жылы 23% дейін). Сондай-ақ, іс-әрекеттің келесідей түрлері бойынша жұмысбастылар үлесі төмендейді: «Өңдеу өнеркәсібі» (2011 ж. - 6,5%-дан 2017 жылы 6,2% дейін); «Көлік және қоймалау» (2011 ж. - 6,6%-дан 2017жылы 6,4% дейін); «Көтерме және бөлшекті сауда, автокөлік және мотоциклдерді жөндеу» (2011 ж. - 14,9%-дан 2017 жылы 14,6% дейін).

Жұмысбастылардың едәуір артуы келесі салаларда байқалады: «Қаржы және сақтандыру іс-әрекеті» (1,4%-дан 2% дейін); «Ақпарат және байланыс» (1,5%-дан 1,9% дейін).

Экономиканың өсуі мен еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және өз бетінше жұмысбасты халық үлесінің 2,4%-төмендеуі күтіледі [5].

Кадрлық әлеуетті басқарудың бірыңғай жүйесін құру бойынша шаралардың тиімділігін ескеру қажеттілігі конструктивті ыңғайынсыз және еңбек қатынасындағы барлық субъектілердің бірлескен әрекеттерінсіз мүмкін емес. Қазіргі уақытта аймақтық деңгейде кадрлық әлеуетті басқару нысанының шегараларын анықтауға мүмкіндік беретін өндірісті дамыту, нарықтық инфрақұрылым, халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және білікті кадрларға экономика салаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру өмірлік маңызды болып табылады. Аймақтың мүмкіндіктерін бағалай отырып, ОҚО-да кадрлық әлеуетті сапалы дамыту үшін алғышарттар әрекет етеді. Сәйкесінше, Республиканың өнеркәсіп салаларында кадрлық әлеуетті дамыту мен қалыптастыру, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, аймақ экономикасының тиімді және инновациялық дамуының негізі болып табылады.

Осылайша, кадрлық әлеует бәсекеге қабілеттілік үшін күресте өнеркәсіптік кәсіпорындардың өркендеуі мен дамуында әр ел мен әр аймақта шешуші фактор болып табылады. ОҚО-да аймақ экономикасының дамуының басым бағыттары сияқты өнеркәсіптік саясатын жүзеге асыруды қарастыратын, өнеркәсіпті дамытудың индустриялық-инновациялық бағдарламасының екінші кезеңіне арналған бағдарламасы әзірленді. Сонымен қатар, басқарудың бұл деңгейінде негізгі міндет бюджеттік қауырттылықты төмендету, азық-түлік, инвестициялық, әлеуметтік үлгісі түрінде экономикалық дамудың салыстырмалы тұрақты қарқынын қолдау және қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл міндетті орындау маркетинг, басқару, өндіріс, алдыңғы қатарлы технология және техника, экономика білімдері бар біліктілігі жоғары кадрлар болғанда мүмкін. Жүргізілген зерттеулер аймақтағы кәсіпорынның кадрлық әлеуетін басқару мен қалыптастыру қажеттілігінің шынайы алғышарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық деңгейде елдің және аймақтардың бәсекеге қабілеттілігі экономиканың жаһандануы шартында, бірінші кезекте әрекет етіп тұрған білім беру жүйесінен және елдегі білікті кадрлардың негізгі көзі ретінде кәсіби шеберліктен тәуелді болады. Бұл сферада әлемдік көрсеткіштер деңгейінен дамудың артта қалуы, әртүрлі бағыттары бойынша бәсекелік артықшылықтардың әлсізденуінен көрінеді: кадрларды дайындау деңгейінде; өндіріс көлемінде; ғылыми жетістіктерде; технологияларда.

Біздің пікірімізше аймақ кадрлық әлеуетті қалыптастыру мен өсірудің тиімді құралы кадрлық қатынастардың барлық субъектілерінің конструктивті бірлескен әрекеттері болып табылады. Осылайша, білікті кадрларға қажеттілік өзінің өзектілігін ұзақ уақыт сақтап, кадрлық әлеуеттің қалыптасуы және оны басқару бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізі ретінде аймақты дамытудың стратегиялық маңызды факторлары ретінде қаралады.

#### **Әдебиеттер**

1. Н.А.Назарбаев. «Қазақстан-2050 Стратегиясы» - Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 14 желтоқсан 2012 ж.
2. Қазақстан халқының экономикалық белсенділігі статистикалық жинақ, Астана 2014ж
3. Оңтүстік Қазақстан облысы және оның аймақтары, 2014 /Статистикалық жылнама/ Шымкент.
4. Ульрих Д. Эффективное управление персоналом. М., 2007.
5. 2013-2017 жылдарға ҚР-ның Еңбек ресурстарын теңгерімін болжау, ZAKON.KZ ақпараттық қызметі

#### **Резюме**

*В статье рассматриваются вопросы формирования кадрового потенциала как основы конкурентоспособности региона. Систематизированы предпосылки формирования кадрового потенциала и управления им в рамках социально-экономической модернизации развития региона. Проведен анализ показателей, характеризующих развитие регионального рынка трудовых ресурсов и выполнена оценка структуры кадров по видам экономической деятельности, представлены расчеты прогноза развития трудовых ресурсов. Авторами изучены проблемы формирования и управления кадрового потенциала региона на современном этапе модернизации экономики страны.*

#### **Summary**

*In article problems of staff potential formation are considered as basis of region competitiveness. Prerequisites of the staff potential and management them in frame of social-economic modernization the development of region are systemized. Indicators of development of labor resources regional market are analyzed and structure of staffs by the forms of economic activity are evaluated, calculation forecast of development of labor resources are presented. Problems of formation and management of regional staff potential in modern stage the modernization of country economy are studied by the authors.*

УДК336:71

**С.Ж.Жакипбеков, А.М. Мамытов, М.Ж.Токтибаева**  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан

## **ПРОБЛЕМЫ АЛЛОКАЦИИ (ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЯ) БАНКОВСКИХ ЗАТРАТ ПО ЦЕНТРАМ ПРИБЫЛИ**

### **Аннотация**

Статья посвящена проблеме аллокации (перераспределению) банковских издержек банковской «продукции». Т.е под производственной продукцией сформирован авторский взгляд на «банковские операции» и «исполнение обязанностей». В итоге определены пути себестоимости «банковских операций» и предложен специальный журнал. В результате использования каждой операции (согласно договора) заранее подсчитана «ожидаемая прибыль», достигнутая путем возможного сопоставления его показателей. Представлена классификация активных и пассивных операций путем методики подсчета себестоимости банковских операций. Рассмотрены различные пути перераспределения издержек, представлены предложения автора.

При аллокации (перераспределении) банковских издержек, автоматизации отдела определения себестоимости работы служащих, возрастании трудового производства, старая методика подсчета себестоимости оказалась неверной, поэтому доказана правильность другой методики подсчета.

**Ключевые слова:** аллокация, банковские затраты, управленческий учет, себестоимость, банковские операции.

Определение себестоимости выпущенной продукции, оказанных услуг является основным показателем для оценки деятельности предприятия в целом, а также каждого продукта, изделия, в отдельности, кроме того, она является базой для установления оптимальных ориентиров ценовой политики при их реализации. Себестоимость является также базовым показателем определения, оценке эффективности различных параметров деятельности предприятия.

Себестоимость продукции обычно определяется в производственной сфере на единицу продукции или на «калькуляционную единицу». Таковыми могут быть различные параметры выпускаемой продукции, в зависимости от функций и параметров. Например, для ткани- «погонный метр», для нефтепродуктов - «1 баррель», для кирпичей - «тысяча штук» и т.д. Поэтому для оценки уровня расходов на единицу продукции следует правильно определить «калькуляционную единицу».

Специфика банковской деятельности, в основном, заключается в оказании клиентам банковских услуг, связанных с оформлением, выдачей, и последующим сопровождением кредитов, принятием, оформлением документации, начислением процентов, выдачей процентов по депозитным операциям и т.д.

Как известно «себестоимость» определяется на единицу продукции. В этом отношении специфика «банковской продукции» в корне отличается от продукции промышленности, сельского хозяйства, строительства, торговли, где четко выделяются различные параметры: физические, химические, потребительские, моральные, материальные. В этом отношении «нематериальные активы» как продукт труда требует отдельного исследования. Между тем, если брать банковскую деятельность как банковское производство, то ее продуктом являются «банковские операции и услуги», кроме того к ним относятся различные виды банковских услуг. В целом, на практике их принято называть «банковскими операциями». Некоторые ученые в своих исследованиях по этому поводу находят больше различий, чем сходства между понятиями «банковские операции», «банковский продукт», «банковские услуги», поэтому как отмечено нами выше для оценки производственной деятельности в банковской сфере следует исследовать и другие термины, призванные характеризовать различные виды деятельности банковской технологии, вызванной производственно-хозяйственной, информационно-правовой, организационно-управленческой деятельностью банков.

«Банковская операция», из трех приведенных видов банковской деятельности, наиболее четко выделенный и выраженный объект учета затрат, на основании которого можно определить «калькуляционную единицу» затрат на производство продукции т.е. «банковскую продукцию», а следовательно основу «учета затрат» в банковской сфере.

В условиях разделения бухгалтерского учета на финансовый и управленческий в банковском секторе экономики «банковская операция» может выступить основным объектом учета затрат, а следовательно, основой управленческого учета.

Определив «банковские операции» как объект учета затрат, необходимо так же расчленив само содержание, что из себя она представляет. Традиционно банковские операции по кредитованию делятся на 3 этапа: выдача кредита, сопровождение кредита, а также погашение выданного кредита юридическими лицами. Однако необходимо учесть и такие этапы работы по выдаче кредита, возникающие в ходе их осуществления, как, например, невыполнение заемщиком своих обязательств по договору в установленные сроки.

Для определения себестоимости банковской операции следует, в первую очередь, наладить четкий учет всех кредитных операций в специальном журнале «Журнал учета кредитных операций по юридическим лицам», где следует предусмотреть: номер договора, срок и их действия, сумма договора, реквизиты сторон. В этом журнале следует предусмотреть графы для отражения фонда рабочего времени, затраченного на выполнение операции с разделением ее на две графы: с учетом и без учета естественных потерь рабочего времени. Показатели этого журнала позволят:

- а) определить все операции по кредитованию юридического лица;
- б) уточнить подразделение, выполняющее данный вид операции (центр ответственности);
- в) фактическое время, затраченное на каждый договор, основные операции по центрам ответственности за месяц (сутки);
- г) самое главное - это определение общего количества рабочего времени по подразделению.

Для определения себестоимости каждой операции необходимо использовать показатели данного журнала по клиентам. Для этого необходим учет расходов по центрам кредитования, т.е. распределить все расходы по отделу на общую сумму выданного кредита или на все кредитованные суммы юридического лица, а также на количество клиентов. После чего необходимо потери рабочего времени поделить на естественные и без учета естественных потерь. Эту методику расчета впервые предложил А. Кадыров в своей работе «Коммерческие банки и анализ их деятельности» где, естественные потери возникают при дублировании одинаковых операций различными сотрудниками банка. Важным этапом управленческого учета затрат по операциям является обоснованное распределение расходов центров ответственности, таким как: центр прибыли, бизнес-центры, центр инфраструктуры.

Некоторые банки за основу расчета себестоимости банковских операций берут расчет затрат рабочего времени. Для чего необходимо ежедневно осуществлять регистрацию рабочего времени сотрудников отдела кредитования, затраченного на выполнение банковских операций по видам деятельности. Мы предлагаем расширить и углубить данную методику распределения среднемесячный затрат времени, осуществленной центром прибыли, дополнив графами: сумма по договору, предполагаемая прибыль от договора, прибыль по видам деятельности, разделив их по факту получения, и предполагаемая прибыль. На основе их сопоставления следует осуществить расчет коэффициента риска ожидаемой прибыли, то есть риск недополученной прибыли. Таблицу завершает графы «причины и виновники риска недополучения прибыли». Таким образом, в результате можно получить полную информацию и осуществить анализ факторов, по влияющих на себестоимость банковской операции по конкретному подразделению, а также определить обоснованность расчетов по рискам ожидаемой прибыли, компетентность работников данного подразделения, осуществивших регистрацию сопровождения, погашения кредита (операции).

	Время (часы)	Сумма договора	Прибыль от договора		Коэффициент риска ожидаемой прибыли	Причины и виновники риска недополучения прибыли
			Ожидаемая прибыль	Фактич. прибыль		
Кредитование юридических лиц						
Кредитование физических лиц						
Ведение кредитных линии						
Ведение кредитных схем для оптимизации налогообложения						
Предоставление гарантии и поручительств						

Консалтинговые услуги клиентом						
Итого						

$$\begin{aligned} \Delta(y_0, \lambda) &= \frac{1}{\lambda T} [C^{-1}d - (C^{-1}A + \lambda E)x_0] - \\ &- \frac{1}{T} \int_0^T f\left(t, x(t), \int_0^t \varphi(t, s, x(s)) ds\right) dt. \end{aligned} \quad (13)$$

Ал  $x^*(t, y_0, \lambda)$  шекті функцияның  $x_m(t, y_0, \lambda)$  түріне ауысуы барлық  $m = 1, 2, \dots$  үшін

$$\|x^*(t, y_0, \lambda) - x_m(t, y_0, \lambda)\|_0 \leq Q^m (E - Q)^{-1} z_1^0 \quad (14)$$

теңсіздігі мен бағаланады, мұнда

$$z_1^0 = \|x_1(t, y_0, \lambda) - x_0\| \leq \frac{T}{2} M + \beta_1. \quad (15)$$

**Қосымша басқарушы параметр және шекаралық есептің шешілу шарттары.** Қаралып отырған (1) интегралды-дифференциалдық теңдеулер жүйесінің оң жағына қосымша басқарушы параметр енгізуге және алынған жүйе үшін белгілі Коши мәселесінің шешімі берілген шекаралық шарттарды қанағаттандыруына қол жеткізуге болады. Келесі тұжырым дұрыс.

*Теорема 2.* Айталық 1-теорема шарттары орындалатын болсын. Сонда кез-келген  $(y_0, \lambda)$ ,  $y_0 \in G$ ,  $\lambda \in I_\lambda$  жұптары үшін қосымша басқарушы  $\mu = (\mu_1, \dots, \mu_n)$  параметрдің сондай бірден-бір

$$\begin{aligned} \mu &= \frac{1}{\lambda T} [C^{-1}d - (C^{-1}A + \lambda E)x_0] - \\ &- \frac{1}{T} \int_0^T f\left(t, x^*(t, y_0, \lambda), \int_0^t \varphi(t, s, x^*(s, y_0, \lambda)) ds\right) dt \end{aligned} \quad (16)$$

табылып (мұндағы  $x^*(t, y_0, \lambda)$  - (4) тізбегінің шекті функциясы),

$$\dot{x} = f\left(t, x, \int_0^t \varphi(t, s, x(s)) ds\right) + \mu, \quad (17)$$

$$x(0) = x_0 = (x_{01}, y_0) \quad (18)$$

Коши есебінің шешімі бір уақыттың өзінде (17), (2), (3) шекаралық есептің де шешімі болады және

$$x(t) = x^*(t, y_0, \lambda) \quad (19)$$

болады.

*Дәлелдеу.* 1-теоремада (19) функциясының

$$\begin{aligned} \dot{x} &= f\left(t, x, \int_0^t \varphi(t, s, x(s)) ds\right) + \frac{1}{\lambda T} [C^{-1}d - (C^{-1}A + \lambda E)x_0] - \\ &- \frac{1}{T} \int_0^T f(t, x^*(t, y_0, \lambda)) dt, \quad x(0) = x_0 = (x_{01}, y_0) \end{aligned} \quad (20)$$

Коши есебінің шешімі екендігі, сонымен бірге, ол (17), (18) шекаралық шарттарды қанағаттандыратыны дәлелденді.

Демек (17) теңдеуде  $\mu$  қосымша басқарушы параметрдің (16) өрнекке тең бір іздеген мәнін таптық. Осы  $\mu$ -дің мәні бірден-бір екенін көрсетейік. Егер өз-ара тең емес екі  $\mu = \mu'$ ,  $\mu = \mu''$ ,



$\mu' \neq \mu''$  мәндері бар деп болжап, осы мәндерде (2), (3) Коши есебінің  $x(t, y_0, \lambda, \mu')$ ,  $x(t, y_0, \lambda, \mu'')$  шешімдері (2), (3) шекаралық шарттарды қанағаттандыратын болса, онда бұл функциялардың айырмасы үшін (20) қатынасынан келесіге ие боламыз:

$$\begin{aligned} x(t, y_0, \lambda, \mu'') - x(t, y_0, \lambda, \mu') = & \int_0^t \left\{ \left[ f \left( t, x(t, y_0, \lambda, \mu'), \int_0^t \varphi(t, s, x(s, y_0, \lambda), \mu'') ds \right) - \right. \right. \\ & \left. \left. - f \left( t, x(t, y_0, \lambda, \mu'), \int_0^t \varphi(t, s, x(s, y_0, \lambda), \mu') ds \right) \right] - \right. \\ & \left. - \frac{1}{T} \int_0^\tau \left[ f \left( \tau, x(\tau, y_0, \lambda, \mu''), \int_0^\tau \varphi(\tau, s, x(s, y_0, \lambda), \mu'') ds \right) - \right. \right. \\ & \left. \left. - f \left( \tau, x(\tau, y_0, \lambda, \mu'), \int_0^\tau \varphi(\tau, s, x(s, y_0, \lambda), \mu') ds \right) \right] ds \right\} d\tau. \end{aligned} \quad (21)$$

Бұл айырманы (6) теңсіздіктерін есепке ала отырып бағалаймыз:

$$\begin{aligned} r(t) \leq & K_1 \left[ \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^t r(\tau) d\tau + \frac{t}{T} \int_t^T r(\tau) d\tau \right] + \\ & + K_2 K_3 \left[ \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^\tau \int_0^\tau r(s) ds d\tau + \frac{t}{T} \int_t^T \int_t^\tau r(s) ds d\tau \right], \end{aligned} \quad (22)$$

мұндағы

$$r(t) = |x(t, y_0, \lambda, \mu'') - x(t, y_0, \lambda, \mu')|.$$

Енді

$$|r(t)|_0 = \left( \sup_t |r_1(t)|, \dots, \sup_t |r_n(t)| \right) \quad (23)$$

белгілеуін енгізіп, (22) теңсіздіктен төмендегі теңсіздікті аламыз:

$$\begin{aligned} r(t) \leq & \alpha_1(t) K_1 |r(t)|_0 + \alpha_1(t) \frac{3T}{4} K_2 K_3 |r(t)|_0 = \alpha_1(t) \left[ K_1 + \frac{3T}{4} K_2 K_3 \right] |r(t)|_0 \leq \\ & \leq \frac{T}{2} [K_1 + TK_2 K_3] |r(t)|_0 = Q |r(t)|_0, \end{aligned} \quad (24)$$

мұнда

$$\begin{aligned} \alpha_1(t) = & \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^t dt + \frac{t}{T} \int_t^T dt = 2t \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \leq \frac{T}{2}, \\ \alpha_1(t) \left[ K_1 + \frac{3T}{4} K_2 K_3 \right] \leq & \frac{T}{2} [K_1 + TK_2 K_3] = Q \end{aligned}$$

екендігі назарға алынды.

Енді (22) теңсіздіктің оң жағындағы  $r(t)$ -ны (24) теңсіздігінің оң жағымен алмастыратын болсақ, онда

$$\begin{aligned} r(t) \leq & K_1 \left[ \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^t Q |r(t)|_0 dt + \frac{t}{T} \int_t^T Q |r(t)|_0 dt \right] + \\ & + K_2 K_3 \left[ \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^\tau \int_0^\tau Q |r(s)|_0 ds d\tau + \frac{t}{T} \int_t^T \int_t^\tau Q |r(s)|_0 ds d\tau \right] = \\ = & K_1 Q |r(t)|_0 \left[ \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^t dt + \frac{t}{T} \int_t^T dt \right] + K_2 K_3 Q |r(t)|_0 \left[ \left( 1 - \frac{t}{T} \right) \int_0^\tau \int_0^\tau ds d\tau + \frac{t}{T} \int_t^T \int_t^\tau ds d\tau \right] = \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} &= \left[ \alpha_1(t)K_1 + \alpha_1(t)\frac{3T}{4}K_2K_3 \right] Q|r(t)|_0 \leq \alpha_1(t) \left[ K_1 + \frac{3T}{4}K_2K_3 \right] Q|r(t)|_0 \leq \\ &\leq \frac{T}{2} [K_1 + TK_2K_3] Q|r(t)|_0 = Q^2|r(t)|_0. \end{aligned}$$

Демек  $n$ -ші итерациядан кейін төмендегі теңсіздікті аламыз:

$$|r(t)|_0 \leq Q^n|r(t)|_0 \tag{25}$$

Егер (23) бірыңғай түрде нольге айланса, яғни  $\mu' = \mu''$  болса, онда (9) шартқа байланысты (25) теңсіздігі орындалады. Бұдан қарама-қарсылыққа келеміз. Теорема дәлелденді.

**Қорытынды.** Мақалада шекаралық шарттарда параметр қатысқан Вольтерра типіндегі интегралды дифференциалдық теңдеулер үшін шекаралық есепті шешу мәселесі қаралды. Шекаралық есепті шешу алгоритмі, қосымша басқарушы параметр және шекаралық есептің шешілу шарттары сипатталды. Шешім берілген шекаралық шарттарды қанағаттандыратын функциялар тізбегінің шегі түрінде берілді. Бұл тізбектің жақындасуы белгілі бір шарттар орындалғанда дәлелденді.

#### **Әдебиеттер**

1. Вольтерра В, Теория функционалов, интегральных и интегро-дифференциальных уравнений / Пер. с англ. и дополнение М.К.Керимова. М.: Наука, 1982. - 304 с. ил.
2. Самойленко А.М., Ронто Н.И. Численно-аналитические методы в теории краевых задач обыкновенных дифференциальных уравнений. –К.: Наук. думка, 1992. -280 с.

#### **Резюме**

*В статье рассмотрены краевые задачи интегро-дифференциальных уравнений типа Вольтерра с параметрами в граничных условиях.*

#### **Summary**

*The article deals with boundary value problems of integro-differential equations of Volterra type with parameters in the border conditions.*

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ  
НАУКИ О ЗЕМЛЕ, АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС**

---

**А.Н.Жылысбаева**

к.х.н., доцент, М.Ауезов атындағы ОҚМУ, АӘИУ, Шымкент қ.

**Ж.Умбетбаева**

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университет магистранты, Шымкент қ.

**О.А.Ермолаева**

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университет магистранты, Шымкент қ.

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТОПЫРАҚ ЖАБЫНЫНЫҢ ҚОРҒАСЫНМЕН ЛАСТАНУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа**

Шымкент қаласындағы бұрынғы қорғасын зауыты өндірістік зонасына жақын орналасқан Абай ауданының топырғының қорғасынмен ластануы зерттелген.

**Кілттік сөздер:** қорғасын, топырақ, антропогенді әсер, қоршаған орта, қорғасын зауыты, ауыр металдар

Қазіргі өндіріс пен техниканың қарыштап дамыған заманында қоршаған ортаға түсетін антропогенді салмақ жылдан жылға артып келеді. Соның ішінде қоршаған орта компоненттерінің металдармен, әсіресе қорғасынмен ластануы.

Қазақстан Республикасы әлем бойынша қорғасын өндіруші ірі елдердің бірі. Қорғасынның тек табиғи кен орындарынан өзге ірі қорғасын балқыту кәсіпорындары орналасқан біздің еліміз үшін қоршаған ортаның қорғасынмен ластану проблемасы ерекше өзекті.

Шымкент қаласы қазіргі таңда инфрақұрылымы қарқынды дамыған Қазақстандағы жетекші ірі өндірістік және экономикалық орталықтардың бірі. Қалада түсті металлургия, машина жасау саласы, химиялық, мұнай өңдеуші және жеңіл өнеркәсібі дамыған.

Сонымен қатар, қалада шешімін табуға кезек күттірмейтін бірқатар өзекті экологиялық мәселелер орын алып отыр. Солардың бірі, қаланың оңтүстік батысында 75 жыл қызмет атқарып келген Шымкент қорғасын зауытының қоршаған ортаға әсері. Бұл ластанушы көзден әсіресе, қаланың шамамен 250 мың тұрғыны орналасқан Абай ауданы тұрғындары зардап шегіп келеді. Сондықтан аталған ластанушы көздерден қоршаған ортаға түсіп отырған ауыр металдардың тірі ағзаларға, соның ішінде адамға әсерін зерттеп білудің маңызы зор.

Шымкент қорғасын зауыты маңындағы топырақта қорғасынның мөлшерінің нормадан бірнеше есе артық екендігі және өңірдің қорғасынмен «тарихи ластану» құбылысы орын алып отырғандығы көрсетіліп, осы мәселеге үлкен көңіл аудару керектігі көрсетіліп отыр. Бұл жөнінде тіпті 2007 жылы 7 желтоқсанда еліміздің президентінің қатысуымен өткен шетел инвесторлар кеңесінің 18-пленарлы мәжілісінде Н.Ә.Назарбаев: «...Қазақстанда қоршаған ортаның тарихи ластануы халықтың денсаулығына үлкен қауіп төндіріп отыр. Осындай Ақтөбенің хроммен, Шымкенттің қорғасынмен тарихи ластануы жойылуы қажет...»,-деп атап кеткен болатын.

Мұндай мәліметтерді жергілікті тұрғындар арасында кеңінен таратып, балалардың металдармен уланбау жолдары мен шараларын ұсыну қажеттігі орын алып отыр. Бұл экологиялық өте ауқымды мәселеден біз түпкілікті құтыла алмаймыз. Өйткені бұл уақыт пен қыруар қаржыны талап етеді, яғни проблема республикалық деңгейде көтерілуі қажет. Себебі мемлекет әрбір азаматтың таза, қолайлы қоршаған ортада өмір сүруін қамтамасыз ету қажет. Бұл жөнінде ҚР Ата Заңы Конституцияда жазылған.

Алайда, ұзақ жылдар бойы 75 жылдың көлемінде үздіксіз жұмыс істеген зауыт маңында қазір ҚР экологиялық заңнамаларында көрсетілгендей адам денсаулығына зиянды болып саналатын шектеулі рұқсат етілген мөлшерінен жоғары (стандартты норма топырақта қорғасынның ШРК-32мг/кг) қорғасынның концентрациясы жинақталған.

Алматы қаласындағы ЖШС «Денсаулық сақтау және экопроектілеу орталығының» зерттеушілері картаға аймақтың ластану шекараларын бекітті. Практикалық тұрғыда зауыт орналасқан Абай ауданының тұрғын елді мекендері мен балабақша орындары үшін бұл аймақта өмір сүру топырақтың химиялық ластану дәрежесі бойынша өте қауіпті аймақ болып табылады. Аймақтағы

топырақ құрамындағы қорғасынның мөлшері рұқсат етілген мөлшерден 31 есе асқанын (ШРК-32мг/кг, картадағы ластану шекараларында топырақта қорғасынның мөлшері 1000мг/кг) көрсетті [1].

Практикалық тұрғыда бүкіл Абай ауданы қорғасынмен өте жоғары деңгейде ластанған.

Қорғасын зауыты айналасындағы 3 км аймақ та санитарлық аймақ болып есептелінеді, онда 7 мың 7 жасқа дейінгі балалар бар, 17 балалардың мектепке дейінгі мекемелері жұмыс жасайды. Осы аймақтағы зерттелген балалардың 96%-да қанындағы қорғасын мөлшері 3 есе жоғарылағаны анықталды. ПДК 10 есе артқан жағдайлар да байқалды. 3 км аймақтан артық жерлерде балалар ағзасында қалыпты және орташа республикалық деңгейі орташа мөлшерден артық емес.

Шымкентте алқаптың топырағындағы ауыр металдарды өлшейтін қондырғы 14 км<sup>2</sup> аймақта топырақтағы қорғасын мөлшері мыңдаған есе жоғарылап кеткендігі анықталды. Кеңестік дәуірде мұнда экологиялық талаптар сақталынбаған. Кәсіпорын адамдар тұратын үйлердің аралығында орналасқан. Қазіргі таңда мыңдаған адамдар өте зақымдалған аймақты өмір сүріп отыр [2].

Зерттелінген аймақтың методологиялық бірыңғай экогеожүйесі қызметі жағынан біртұтас өзара тығыз байланысты табиғи орталарымен (топырақ жамылғысы, жер беті және жер асты сулары, әуе бассейні, биосфера) сипатталады. Оның қазіргі экологиялық күйі оған түсетін жалпы техногенді салмақпен байланысты және бұл орталарға қорғасын зауыты (қызмет істеген жылдары) онымен байланысты өндірістер шығарындыларының әсері ерекше.

Қорғасын және онымен қоршаған ортаның ластануы –негізгі жүргізіліп отырған жұмыстар аясындағы аймақтың техногенді геохимиялық аномалиялар оның көлемі, интенсивтілігі, генезисімен сипатталады.

Көптеген химиялық элементтердің ағзаларға әсер ету деңгейі түрліше және бастысы ол абсолютті концентрациясына, элементтің таралу күйіне, аккумуляциялану жағдайына тәуелді.

Қорғасын ДДҰ қабылдаған классификациясы бойынша қауіптіліктің I сыныбына жатады.

Жер қыртысындағы қорғасынның Кларкі 16 мг/кг, шөгінді жыныстардағы Кларкі-20мг/кг. ҚР қорғасынның топырақтағы (валды формалары) ШРК -32мг/кг қабылданған. Фон-14,0 мг/кг.

Шымкент қаласындағы қорғасын зауыты өндірістік зонасы қоршаған ортасының антропогенді ластануы күрделі сипатқа ие.

Бұл ауданның қорғасынмен қарқынды ластануын қосымша мына жағдайлар үдетеді:

- Оңтүстіктің құрғақ және ыстық климаттық жағдайы;
- Қарасты территорияда көгалдандыру жұмыстарының жүргізілуіне деген салғырттық;
- Қорғасын зауытынан шығатын уытты қалдықтар;
- Аудандағы жол жағдайының нашар күйі, соның салдарынан жердегі шаң ауаға көтеріліп ластайды.

Газды-шаңды шығарындылардың негізгі шоғырланатын депосы антропогенді шығарынды элементтерінің жиналуы олардың уақыт өте миграциялануын анықтайтын топырақтың беткі 1-2см тереңдігі болып отыр.


Атмосферадағы газды-шаңды шығарындылар тұнатын топырақтың беткі қабаты (слой) территория ластануының жалпы бейнесін келтіретін индикатор болып табылады және заманауи аналитикалық құралдар деңгейінде негізгі тенденцияларды жоспарлап белгілеуге, ландшафттардың топырағының табиғи құрамы мен қасиетіне сай емес өндірістік-тұрмыстық қызметтердің нәтижесінде элементтердің артуын, таралу заңдылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Шымкент қорғасын зауыты орналасқан Абай ауданы ең ластанған аудан болып табылады. Бұған зауыттың 70 жылдан астам қызметі себеп болып отыр. Сонымен қатар, бұл ауданда қала халқының едәуір көп бөлігі шоғырланған.

Көптеген элементтер қасиеттері және орта жағдайына тәуелді топыраққа түскенде оның беткі қабатында шоғырланады немесе жақын арадағы барьерлерде жиналып, жер беті және грунт суларымен шайылып, топырақ қабаттары арқылы тігінен миграцияланады.

Атқарылған жұмыстар аясында қала территориясында топырақ профилі (бағыты) бойынша қорғасынның таралуына анализ жүргізілді.

Қала бойынша қорғасын зауытынан түрлі қашықтықта 7 топырақ шурфы (қазынды) алынды. Шурфтар қорғасын зауытынан радиус бойынша (төмендегі картада, 1-сурет) түрлі қашықтықтардан алынды.



Сурет-1 Шымкент қорғасын зауытынан радиус бойынша сынамалар алынған нүктелер

Бірінші шурф өндірістік зонадан 500м қашықтықта орналасқан Карл Маркс мөлтекауданынан алынды, екіншісі-зауытқа кірер аймақ яғни 200м қашықтықтан, үшіншісі-1000м қашықтықта Абай, Гагарин көшелері қиылысындағы көп қабатты үйдің ауласынан, төртіншісі-өндірістік зонадан 2400м қашықтықта Абай көшесінің соңынан Қошқар ата өзенінің жанынан, бесіншісі-зауыттан 4000м қашықтықта орналасқан Абай саябағынан, алтыншысы-өндірістік зонадан 6500м қашықтықтағы Қазиев көшесі бойындағы жер үйлер секторынан, жетіншісі-өндірістік зонадан 9500м қашықтықтағы дендросаябағынан алынды. Шурфтардың тереңдігі 50см. Әрбір шурфтан жер бетінен төмен қарай 10см интервал сақтай отырып, 6 сынамадан алынды.


Практикалық тұрғыдан барлық шурфтарда (№2 шурфтан басқасы) қорғасынның максималды концентрациясы олардың беткі 0-10см қабатында жинақталған. Өндірістік зона аймағында орналасқан №2 шурфында қорғасынның жоғарғы концентрациясының барлық профиль бойынша жоғарылықты көрсетті. Мұнда қорғасынның максималды концентрациясы 20-30см тереңдікке дейін айқын байқалады. Қалған шурфтарда тереңдік бойынша қорғасын концентрациясының тенденциясы төмендейді. Осы аталған 7 қазынды сынамалардағы қорғасынның топырақ қабаттарындағы мөлшері салыстырмалы түрде зерттелді.

Барлық 7 қазындының 0-2 см беткі қабатында қорғасынның едәуір көп бөлігі шоғырланатындығы анықталды. Төмендегі диаграммада 7 қазындының 0-2 см топырақ қабатында қорғасынның басым бөлігі жиналатындығы ескеріле отырып, қорытынды орташа мәнді динамикасы келтірілді.

Жүргізілген жан-жақты зерттеу жұмыстарының нәтижелерін саралай келе мынадай қорытындылар жасадық:

1. Жүргізілген далалық зерттеулер Шымкент қаласының барлық территориясынан қорғасынның концентрациялық деңгейіне объективті тұрғыда сипаттама алуға мүмкіндік берді. Қорғасынмен қаланың оңтүстік-батыс бөлігі қарқынды ластанған. Қала территориясының топырағында орташа деңгейде қорғасын концентрациясы ШРК-дан 16,5 есе (533мг/кг) асатыны анықталды.

3. Топырақ профілі бойынша қорғасынның таралуын анықтау мақсатында Шымкент қорғасын зауытынан түрлі қашықтықта алынған ірі 7 сынамада практикалық тұрғыда қорғасынның максималды концентрациясы олардың беткі 0-10см қабатында жинақталған. Өндірістік зона аймағынан алынған №2 сынамада қорғасынның жоғарғы концентрациясының барлық профиль бойынша жоғарылықты көрсетті. Барлық сынамаларда топырақ профілі бойынша қорғасынның максималды концентрациясы 20-30см тереңдікке дейін айқын байқалады.



- 1-Карл Маркс №48 мектеп ойын алаңы Зауыттан 500 м қашықтықта
- 2-Абай даңғылы Зауыттан 200 м қашықтықта
- 3-Абай даңғ. Гагарин көш қиылысы Зауыттан 1000 м қашықтықта
- 4-Абай даңғ соңы Зауыттан 2400 м қашықтықта
- 5-Абай саябағы Зауыттан 4000 м қашықтықта
- 6-Қазиев көш. Рысқұлов даңғ жоғарғы бөлігі Зауыттан 6500 м қашықтықта
- 7-Дендросаябақ Зауыттан 9000 м қашықтықта

Сурет-2 Топырақ бағыты бойынша қорғасын концентрациясының максималды таралуы (салыстырмалы түрде)

Қорғасынмен қаланың Абай ауданы қарқынды ластанған. Бұл ауданның қорғасынмен қарқынды ластануын қосымша мына жағдайлар үдетеді: оңтүстіктің құрғақ және ыстық климаттық жағдайы; қарасты территорияда көгалдандыру жұмыстарының жүргізілуіне деген салғырттық; қорғасын зауытынан шығатын уытты қалдықтар; аудандағы жол жағдайының нашар күйі, соның салдарынан жердегі шаң ауаға көтеріліп ластайды.

Бұл ластаушы көзден әсіресе, қаланың шамамен 250 мың тұрғыны орналасқан Абай ауданы тұрғындары зардап шегіп келеді. Сондықтан аталған ластаушы көздерден қоршаған ортаға түсіп отырған ауыр металдардың тірі ағзаларға, соның ішінде адамға әсерін зерттеп білудің маңызы зор.

#### Әдебиеттер

1. Н. Яковлева «Дети ждать не могут» // Панорама Шымкента. Шымкент -2009г 16 октябрь.
2. Н. Хайкина «Свинцовая проблема» // Южный Казахстан. Шымкент-2010г 6 январь.

#### Резюме

*В статье приведены данные исследования по загрязнению почвы свинцом в зависимости от расстояния промышленной зоны свинцового завода. Определено сильное загрязнение свинцом почвы Абайского района г.Шымкент.*

#### Summary

*There was presented research data on soil contamination with lead, depending on the distance from the industrial zone of lead plant in the article. There was identified acute lead pollution of soil of Abay district of Shymkent.*



ӘОЖ 574 (574) (075)

А.Сқақова, А.Н. Жылысбаева

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті магистранты

### ОМЫРТҚАСЫЗ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАРАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ТҮРЛЕРІ

#### Андатпа

Қаратау қорығының территориясында мекендейтін омыртқасыз жануарлардың қызыл кітапқа енгізілген түрлерін анықтау, оларға биологиялық сипаттама беру.

**Кілттік сөздер:** омыртқасыз жануарлар, Қызыл кітап, қорық, Қаратау қорығы, фауна

Омыртқасыздарды түгелімен зерттеу мүмкін емес. Қазақстанда омыртқасыздар фаунасы жартылай анықталған. Жыл сайын мамандар жәндіктердің, өрмекшілердің, құрттардың, моллюскалар және тағы басқалардың ондаған жаңа түрін сипаттайды. Қазақстан территориясында 50 мыңға жуық омыртқасыздар түрі мекендейді деп есептеледі, соның ішінде 550 тұқымдастық, 28 отрядқа жататын жәндіктердің 30 мың түрі бар деп есептелінеді. Тек қана қоңыздардың 10 мың түрі, көбелек және жарғаққанаттылардың -5 мың түрі және т.б. бар


Жұмыстың мақсаты - Қаратау қорығының территориясында мекендейтін омыртқасыз жануарлардың қызыл кітапқа енгізілген түрлерін анықтау, оларға сипаттама беру және қазіргі кездегі ахуалына зерттеу жасау.

1-кестеде Қаратау қорығында анықталған қызыл кітапқа енгізілген омыртқасыз жануарлардың 9 түрі көрсетілген.

Кесте 1. Қызыл кітапқа енгізілген омыртқасыздар – Invertebrates

№	Қазақша атауы	Латынша атауы	Орысша атауы
1	Сұлу инелік	<i>Calopteryx virgo</i> Linnaeus	Стрекоза девушка красотка
2	Шолғыншы император	<i>Anax imperator</i> Leach.	Дозорщик император
3	Ортаазиялық дәуіт	<i>Hierodula tenuidentata</i> Saussure	Среднеазиатский древесный богомол
4	Нүктелі қанқызы	<i>Stethorus punctillum</i> Wse.	Точечная коровка
5	Шұбарқанатты көбелек	<i>Zygaena Laeta</i> Hubher	Пестрянка лета
6	Алексанор	<i>Papilio alexanor</i> Esper	Парусник Алексанор
7	Мнемозина (Қара Аполлон)	<i>Parnassius mnemosyne</i> Linnaeus	Черный Аполлон
8	Балташы ара	<i>Xylocopa valga</i> Gerstaecker	Пчела плотник
9	Үлкен торанғы алтын қоңызы	<i>Capnodis miliaris metallica</i> Ballian	Златка туранговая большая

**Сұлу инелік- *Calopteryx virgo* Linnaeus.** Таралу аймағының едәуір бөлігінде саны азайып бара жатқан түр. Ежелгі тұқымдас өкілі, бұған кіретін көпшілік түрлердің алшақ «қалдық» таралу аймақтары бар. Зоологиялық зерттеуде – қызықты нысана. Таралу аймағы Еуропа, Солтүстік Африка, ТМД – ның Еуропа бөлігі, Қазақстан, Орта Азия, Оңтүстік Сібір мен Жапонияны қамтиды. Түбі құмды және ұсақ тасты өзендер мен жылғаларда тіршілік етеді, сирек терең ағын көлдерде кездеседі. Ересектерінің ұшуы маусым басынан тамыз соңына дейін созылады. Дамуы екі жылға созылады. Ересегі үнемі су маңында болады. таралу аймағының көп жерінде ұсақ өзендердің ластануы мен ағысын реттеуге байланысты саны қысқарып отыр. Жарқыраған металл түсті ашық бояуына байланысты оңай ұсталады. Оқу коллекциясына жинау нысанасынан тез алада алып тастау керек [1].



Сурет 1. Сұлу инелік- *Calopteryx virgo* Linnaeus - Стрекоза девушка красотка

**Ортаазиялық дәуіт – *Hierodula tenuidentata* Saussure.** Саны қысқарып бара жатқан түр. Түркияның оңтүстігі, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан (Шардара), сонымен қатар Индияда таралған. Торғағы миен жиде өсетін жайылма тоғайларда тіршілік етеді, бақтарда да кездеседі. Ағаштар мен бұталарда тіршілік етеді. Өзгеріске ұшыраған тоғайда өте аз кездеседі. Қазақстанның оңтүстігіндегі бақтарда едәуір көп: бір ағашта 30-40 данаға дейін кездеседі. Ағаш пен бұтада қозғалмай отырып, жемтігін аңиды. Жұмыртқаларын оотекаға салады, оны аналықтары бұтақтарға бекітеді. Жұмыртқасы қыстайды. Өте ашқарақ дәуіт. Бірінші кезеңдегі дернәсілдері өсімдік биттерімен, ересектері кандалалармен, жарғақанаттылармен, қосқанаттылармен және тікқанаттылармен қоректенеді. Ересек даралары 55 – 60 күн тіршілік етеді. Аталықтары ерте өледі, аналықтары қазан айының соңына дейін кездеседі. Түрді сақтау үшін Сырдария өзенінің жайылымындағы тоғайларды қорғауға жағдай жасау керек.

Дәуіттер – денесі ұзыншақ, басы қозғалмалы, үлкен тасырайған көздері мен жетілген алдыңғы ұстағыш аяқтары бар ірі жәндіктер. Дәуіттер – күдікпен қарайтын жыртқыштар. Қалың шөп және бұталар арасында, кеудесі мен алдыңғы ұстағыш аяқтарын жоғары көтеріп, жемтігін аулайды. Жемтігін көре салып, оған байқатпай ұрланып жақындайды да, алдын – ала жиналған ұстағыш аяқтарын алдына тастап, жемтігін саны мен сирағының ортасына қысып ұстап алады. Әр түрлі жәндіктермен қоректенеді. Дәуіттердің ішіндегі кең таралғаны – кәдімгі дәуіт [2].




Сурет 2. Ортаазиялық дәуіт – *Hierodula tenuidentata* Saussure-Среднеазиатский древесный богомол.

**Үлкен тораңғы алтын қоңызы-*Carnodis miliaris metallica* Ballian (Қаттықанаттылар немесе қоңыздар класы).** Оқта - текте жеке дара сирек кездесетін ірі қоңыз. Табиғат әшекейі. Иран, Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Синь – Цзян провинциясы (ҚХР шөлді аймақтарындағы өзен аңғарындағы тораңғы орман алқаптарында тіршілік етеді. Дернәсілдері ағаш діңінің түбінде, ағашты кеміріп жеп дамиды. Ересектері мамыр – маусымда белсенді, қосымша жапырақтармен қоректенеді. Әлсіреген және қураған ағаштарды қоныстанады. Саны барлық жерде төмен. Қазақстанда түр нақты Сырдария өзенінің орта ағысында (Түркістан ортман шаруашылығы) және Іле өзенінің орта ағысында (Үлкен Қалқан, Айдарлы елді мекені маңында)



кездеседі. Қоныстануға ыңғайлы ағаштың жетіспеушілігінен саны қысқарып отыр. Сонымен қатар, дернәсілдерін тоқылдақ жейді. Түр Ұлттық табиғи бақ «Алтынемелде» қорғалады. Дегенмен, барлық жерде тораңғы оман алқаптарын қорғауды ұйымдастыру қажет және бұл сирек кездесетін әдемі қоңызды жасанды жолмен өсіруді қолға алу керек[15].



Сурет 3. Үлкен тораңғы алтын қоңызы-*Carpodis miliaris metallica* Ballian-Златка туранговая большая

**Нүктелі қанқызы – *Stethorus punctillum* Wse. (Қаттықанаттылар немесе қоңыздар класы).**

Кокциnellидтердің ерекше трибасының өкілі, өсімдік қоректі кенелермен қоректенуге бейімделген. Осы зиянкестердің санын бірден – бір негізгі реттеуші болып табылады. Түр Еуропа, Сібір, Орта Азия, Қазақстанда кең таралған, бірақ оның жекелеген популяциялары жоғалып кету қаупінде тұр. Негізінен егіншілікпен айналысатын аудандарда тіршілік етеді, бақтарда және егістіктерде, сонымен қатар, таулы жемісті ормандарда ағаштарда да, шөптесін өсімдіктерде де кездеседі. Қазіргі уақытта еліміздің оңтүстік аудандарындағы бақтар мен егістіктерді химиялық өңдеулер жүргізуіне байланысты, таралу аймағының жекелеген бөліктерінде жоғалып кету қаупін тудырып отыр. Түрді сақтау үшін лабораториялық жағдайда өсіру және таралу аймақ аралық жерсіндірулер жүргізу керек. Жекелеген популяцияларды қалпына келтіру үшін сұрыпталған улы химикаттарды пайдалану олардың мөлшерін азайту немесе химиялық өңдеулерді мүлдем тоқтату керек.



Сурет 4. Нүктелі қанқызы – *Stethorus punctillum* Wse.- Точечная коровка

**Александор – *Parilio alexanor* Esper (Қабыршаққанаттылар класы немесе көбелектер).**

Ежелгі Жерорта теңіздік сирек кездесетін желкенді көбелектердің түрі. Таралу аймағы үзік. ТМД жеріндегі *Parilio* туысының едәуір сирек кездесетін бес түрінің бірі. Оңтүстік Еуропада түгел, Франциядан Грецияға дейін және одан ары Түркия,Иран, Ирак арқылы Ауғанстан мен Белуджистанға дейін таралған. ТМД – да Орта Азия мен Күнгей Кавказдан белгілі. Қазақстанда қазіргі кезде тек оңтүстікте, Қаратау тауында ғана нақты белгілі. 1100-1400 м биіктіктегі ұсақ

тасты күнге жақсы қыздырылатын баурайларында кездеседі. Жылына бір рет ұрпақ береді. Жұлдызқұрттары *Ferula ugamica* – да қоректеніп, сонда тіршілік етеді. Көбелектер шілдеде ұшады. Арнайы биотопқа ғана бейімделуі және бір ғана өсімдік түрімен қоректенуі, бұл әдемі көбелектің жекелеген топтарының жойылып кету мүмкіндігін арттырады. Тіршілік ортасының бұзылуы, қоректік өсімдіктердің жойылуы – түрдің мүлдем жоғалуына әкеліп соғады. Түрлі қорғау үшін Қаратау жотасында міндетті түрде шағын қорық ұйымдастыру керек.



Сурет 5. Алексанор – *Papilio alexanor* Esper – Парусник Алексанор

**Апполон (мнемозина) – *Parnassius Mnemosyne* Linnaeus (Қабыршаққанаттылар класы немесе көбелектер).** Апполон - әдемі көбелек, желкенділер тұқымдасына жатады. Қанатының құлашы 7-9 см, ақ қанаттарының шеті мөлдір, оған қара дақтар түскен. Артқы ақ қанаттарындағы қарамен көмкерілген екі қызыл көзшесінің ортасында ақ дақтар бар. Құстар апполонның қанатындағы қызыл дақтары, ызындаған дауысы және үркітетін иісі үшін оған тиіспейді. Ызындаған дыбысты қанаттарының төменгі жағын тырналап шығарады. Бозкілем өсімдігімен қоректенеді, таралуы да осыған байланысты. Тауда теңіз деңгейінен 2000 метр биіктікте және одан да жоғарыда кездеседі.



Сурет 6. Апполон-*Parnassius mnemosyne* Linnaeus-Черный Аполлон [3].

Қорыта келе, біздің жұмысымызда Қаратау мемлекеттік табиғи қорығында кездесетін Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың түрлерін анықтай отырып мынадай қорытындылар жасауға болады.

Жалпы Қаратау қорығы территориясында мекендейтін жануарлардың Қызыл кітапқа енгізілген 26 түрі анықталды. Олардың ішінде омырқасыздардың – 9 түрі, омыртқалы жануарлардың - 17 түрі анықталды.

Омыртқасыз жануарлар дүниесі қорықта әлі де толық зерттеліп бітпеген, сондықтан Қызыл кітапқа енгізілген 9 түрден де басқалары кездесуі мүмкін. Анықталған Қызыл кітапқа енгізілген омыртқасыз жануарлар: сұлу инелік, шолғыншы император, ортаазиялық дәуіт, нүктелі қанқызы,

шұбарқанатты көбелек, Алексанор, Қара Апполон, балташы ара, үлкен торанғы алтын қоңызы. Оларға таксономиялық сипаттама берілді, латынша атаулары анықталды.

**Әдебиеттер**

1. Сәтімбетұлы Р. Қорықтар – табиғат қорғаны/Қазақстан қорықтары/ /Атамекен-1997/ 24 желтоқсан.
2. С.П.Наумов «Омыртқасыздар зоологиясы» 1 том. Алматы, 2005ж.
3. Қазақстанның Қызыл кітабы. Том 1. Жануарлар. 2-бөлім.
4. Омыртқасыздар// И.Д.Митяевтың редакциясымен 3-басылым., 2004ж.

**Резюме**

*В статье приведены данные о беспозвоночных животных занесенных в Красную книгу на территории Каратауского государственного заповедника. Определены 9 краснокнижных беспозвоночных животных, даны таксономические характеристики этих животных.*

**Summary**

*There was presented data about invertebrate animals listed in the Red Book in the Karatau State Reserve territory in the article. There was identified 9 invertebrates entering in the red book of Kazakhstan, given taxonomic characteristics of these animals.*

**МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ**

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

---

<b>УАҚЫТ ӨТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЖЫСЫЛТІЛІ ТҮТҚЫР ЗАТТАР НЕГІЗІНДЕГІ БЕТОННЫҢ БЕРІКТІГІ МЕН ҰСАҚ КӘУЕКТІ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ</b>	<b>3</b>
<b>Ж.Т.Айменов, Б.К. Сарсенбаев, Қ.Қасымбеков, Г.Р.Сауғанова</b> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан	
<b>Ж.Ш. Актуреева</b>	<b>8</b>
Шымкент көлік коммуникация және жаңа технологиялар колледжі, Шымкент <b>ЖЫЛУ ДВИГАТЕЛЬДЕРІНІҢ ПӘК -ІН АНЫҚТАУ</b>	
<b>М.А.Амандиков, К.М.Полатова, А.С.Абжанова</b>	<b>11</b>
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ КОМПЬЮТЕР ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ КӨМЕГІМЕН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ</b>	
<b>А.Аскербек</b>	<b>13</b>
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>АВТОМАТНОЕ ПРОГРАММИРОВАНИЕ В РАСПРЕДЕЛЕННОЙ СИСТЕМЕ УПРАВЛЕНИЯ АКТИВНОЙ ПОВЕРХНОСТИ ЛОПАСТИ ВЕТРОДВИГАТЕЛЯ СРЕДНЕЙ МОЩНОСТ</b>	
<b>С.А.Баширова, С.М.Коньсбеков, А.А.Турганбаева</b>	<b>16</b>
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>ИЗУЧЕНИЯ ВЛАЖНО - ТЕПЛОВОЙ ОБРАБОТКИ НА СВОЙСТВА ТЕКСТИЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПРИ ИЗГОТОВЛЕНИИ ОДЕЖДЫ</b>	
<b>А.Ергешов</b>	<b>19</b>
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>МЕХАНИЗМ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЪЕМНЫХ ЗАРЯДОВ В АТМОСФЕРЕ</b>	
<b>К.Ибрагимов, К.С.Байболов, Ж.А.Усенкулов, И.С.Бровко, Д.Ж.Артыкбаев</b>	<b>23</b>
Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>ОБ ЭФФЕКТИВНОСТИ СТРОИТЕЛЬСТВА МИКРОГЭС И ПЕРСПЕКТИВА РАЗВИТИЯ ЕЕ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ</b>	
<b>К.А.Қабылбеков, Х.А.Аширбаев, А.И.Джумағалиева, К.Ж. Рустемова</b>	<b>25</b>
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>БӨЛШЕКТЕРДІҢ ТОЛҚЫНДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЛАНКІ ҮЛГІСІ</b>	
<b>К..А.Қабылбеков, Х.А.Аширбаев, А.П.Сабалахова, К.Ж.Рустемова, А.И. Джумағалиева</b>	<b>30</b>
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>ДЕНЕНІҢ ГРАВИТАЦИЯЛЫҚ ӨРІСТЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЛАНКІ ҮЛГІСІ</b>	
<b>К.А.Ортаева, Ж.Сарсенова</b>	<b>35</b>
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	

- К Ортаева К., Алиханов Д.** 37  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ТАБИҒАТТА ТІРШЛІКТІ ҚОРШАП ТҮРҒАН ЗАТТАРДЫҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ**
- К.С.Надилов, Н.А.Приходько, М.К. Жантасов, Г.Ж.Бимбетова, А.К.Орынбасаров, Лю Цинь Цзе** 38  
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ОБОСНОВАНИЕ И ВЫБОР ПРИНЦИПИАЛЬНОГО СПОСОБА ВЕДЕНИЯ ПРОЦЕССА ОКСИЭТИЛИРОВАНИЯ ЖИРНЫХ КИСЛОТ ГОССИПОЛОВОЙ СМОЛЫ**
- А.С. Наукенова, Ж.Т.Нуртай** 41  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ОРГАНИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ ЛИКВИДАЦИЕЙ ЧС, ВЫЗВАННОЙ АВАРИЕЙ С РАЗЛИВОМ НЕФТИ**
- А.Ф. Марасулов, К.Е.Каримсаков, Ж.С. Сихынбаева, Ж.К. Бахов,** 45  
КИПУДН, ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**МОДЕЛЬ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ И ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**
- Р.Д. Оспанова, М.С Шегебаева** 51  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**BUSINESS INTELLIGENCE ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КОМПАНИЯДА ҚОЛДАНЫЛУЫ**
- Қ.Т.Сарғалдақов** 60  
Шымкент көлік коммуникация және жаңа технологиялар колледжі, Шымкент  
**ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ШЕШКІШ-ДОМКРАТТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН НЕГІЗДЕУ**
- М.Н. Сыздыкова, К.Е, Каримсаков, Т.Н Ибраев, Ж.К.Бахов** 65  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ РЕАКЦИИ МЕЙЕРВЕЙНА-ПАНДОРФА-ВЕРЛЕЯ В ПРОЦЕССЕ СИНТЕЗА КОДЕИНА ИЗ ТЕБАИНА**
- К.С.Тенгизбаев, А.Н. Боричева** 67  
Шымкентский колледж транспорта, коммуникаций и новых технологий, Шымкент, Қазақстан  
**ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРОЕКТИРОВАНИИ АТП**
- Г.Ю. Калдыбаева, Ш.К. Бейсенбаева, А.А. Батиркулова** 70  
ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**РАЗРАБОТКА МЕТОДА ВЫРАБОТКИ ПЛЮШЕВОГО ТРИКОТАЖА НА КРУГЛОВЯЗАЛЬНЫХ МАШИНАХ**
- Ж.М.Тлеуова, М.М.Зерхатбек, А.М.Сейтханов** 73  
ЮКГУ им. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**РАЗВИТИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОГО СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО МАШИНОСТРОЕНИЯ**

**ИНФОРМАТИКА, IT – ТЕХНОЛОГИЯСЫ  
ИНФОРМАТИКА, IT-ТЕХНОЛОГИИ**

<b>Н.С.Жұматаев, Р.Ж.Туребеков</b> М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан <b>НЕЙРОНДЫ ЖЕЛІЛЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ АЛГОРИТМДЕРІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b>	<b>77</b>
<b>Р.Т.Медетова , Г.А.Исахова, Ф.Ж.Аманова</b> Шымкент Университеті, Жаңа технологиялар колледжі, Шымкент, Қазақстан <b>АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ</b>	<b>80</b>
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ</b>	
<b>Ж.Ж.Айтүреева</b> М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ–ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	<b>85</b>
<b>А.А.Ауелбекова</b> №5 колледж өндірістік оқыту шебері, Шымкент, Қазақстан <b>ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ</b>	<b>90</b>
<b>Н.К. Аширбаев, А.Ж.Ерданқұлов</b> М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан <b>ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ САЛУ ЕСЕПТЕРІН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУЛЕР ЖӘРДЕМІМЕН ШЕШУ</b>	<b>92</b>
<b>Г.Н. Ахай</b> М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>ӘЛ-ФАРАБИ – ШЫҒЫС МӘДЕНИЕТІНІҢ ҰЛЫ ТҮЛҒАСЫ</b>	<b>96</b>
<b>Б.М. Бекетов, А.У. Сарсенбаева</b> <b>ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ</b>	<b>98</b>
<b>К.Д. Джаксыбаева</b> №5 колледж өндірістік оқыту шебері, Шымкент, Қазақстан <b>ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕРІ МЕН АЯҚ КИІМДЕРІ</b>	<b>102</b>
<b>В.N.Yermakhanova, S.T. Kaipova</b> M.Auezov South-Kazakhstan State University <b>DEPARTMENT OF FOREIGN LANGUAGES FOR TECHNICAL SPECIALITIES THE ROLE OF ENGLISH LANGUAGE IN THE PREPARATION OF MODERN ENGINEERS IN THE SPHERE OF OIL AND GAS INDUSTRY</b>	<b>105</b>
<b>В.N.Yermakhanova, S.T. Kaipova</b> M.Auezov South-Kazakhstan State University Department of foreign languages for technical specialities <b>THE MOST EFFECTIVE WAYS OF LEARNING OF ENGLISH LANGUAGE AT HIGHER SCHOOL ‘INFORMATION TECHNOLOGIES AND ENERGETICS’</b>	<b>107</b>

- А.О.Есенгельди, А.О. Сарсембаева, Т.М. Алсатов, А.А. Шортанова** 109  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ КІТАПХАНАЛАРДЫ  
МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ**
- А.А.Жиенбекова, А.А.Султанова** 113  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ЖЕТКІНШЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ ДЕВИАННТЫ МІНЕЗ–ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ  
ОЛАРДЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ**
- A.Zh.Iztileyova, R.N. Turtayeva** 116  
M.Aueзов South-Kazakhstan State University  
**USING VISUAL MATERIALS IN TEACHING TECHNICAL WORDS AND WORD  
COMBINATIONS IN ENGLISH AT PROFESSIONAL ENGLISH LESSONS**
- К.А. Қабылбеков, Х.А. Аширбаев, У.Т. Ержанова** 119  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан  
**ВЕКТОРЛАРДЫ ҚОСУ ЗАҢДАРЫН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК  
ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЛАНКІ ҮЛГІСІ**
- А.О.Каликулова, С.А.Абдыкаримова, А.А. Нұрымбетова** 123  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**E-LEARNING ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІС АМАЛДАРЫ**
- А.Е. Құлұмбетова, Г.Т. Хайдаркулова** 125  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**СИСТЕМНОЕ ВЫРАЖЕНИЕ ЖАНРОВОЙ ФОРМЫ  
В СТИХОТВОРЕНИЯХ В ПРОЗЕ И.С. ТУРГЕНЕВА («Старик», «Эгоист», «Без  
гнезда», «Житейское правило», «Дрозд», «Природа», «Лазурное царство», «Что я  
буду думать?»)**
- Н.К. Мадияров, Ш.М.Зубайраев** 128  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ПИФАГОР ТЕОРЕМАСЫН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ  
ҮШБҰРЫШТАРДАҒЫ МЕТРИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЕНДІРУ**
- Б.Н.Мұлдахметов** 132  
Казахского Национального университета им.Аль-Фараби, Алматы  
**ОБЪЕКТИВНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ, СИСТЕМЫ  
СКОРОСТНО-СИЛОВОЙ ПОДГОТОВКИ ЮНЫХ ФУТБОЛИСТОВ**
- А.Т.Мырзагелдиева, И.Б. Сихимбаев** 136  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ӘЛЕУМЕТТІК ШИЕЛЕНІС ТЕОРИЯ КОНТЕКСТІНДЕГІ ОТБАСЫ**
- Д.Набиқызы** 138  
МКҚК № 5 колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,  
Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЗАҚ ҒҰЛАМА АҒАРТУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ  
ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДІ ДАМУ**
- З.Р.Сарбасова** 141  
Мирас Университетінің магистранты, Шымкент қ.  
**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**
- Д.Е.Сейтімбетова, М.К. Кукеева** 143  
Кафедра «Мәдениеттану, әлеуметтік жұмыс және мұражай ісі»  
**ҚР КӨЗІ КӨРМЕЙТІН ЖӘНЕ ӘЛСІЗ КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН**

---

**АРНАЙЫ КІТАПХАНАЛАРҒА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**А.С.Оңгарова** 146  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ВОЗНИКНОВЕНИЕ СЕМЕЙНО-БРАЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ КАК ОСНОВА  
ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

**С.Е.Ташқараева, Г.М.Нарбекова** 150  
Жаңа технологиялар колледжі, Назарбаев мектебі, Шымкент, Қазақстан  
**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ - БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ**

**Р.С.Тукенова, А.Г.Исенгалиева** 153  
ЮКГУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ПРОБЛЕМЫ СПАДА ИНТЕРЕСА К ЧТЕНИЮ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

**М.Ж. Шинаилова, Н.С.Бекбосынова** 156  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ИМЕНА СОБСТВЕННЫЕ И НАРИЦАТЕЛЬНЫЕ В ЛЕКСИКО-  
СЕМАНТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ ЯЗЫКА**

**ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ  
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

---

**Ж. Б. Акшатаева, Е.А. Жумабеков** 159  
М. Әуезов атындағы, ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТТАРДЫ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБИР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Н.И. Аллаярова** 164  
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ПОДГОТОВКА ГРАЖДАНСКОГО ДЕЛА К СУДЕБНОМУ РАЗБИРАТЕЛЬСТВУ**

**М.Аманкулова** 166  
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТИ**

**С.Т. Есімқұлов, Б.А. Жумабаева** 168  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан  
**ЖЕКЕ КӘСІПкерлікті Жүзеге Асыру мен Оны Заңнамалық  
Реттеудің Мәселелері**

**А.Е.Жаксыбаева, Н.М.Салыбек, Ж.Н.Баймаханов** 171  
Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПЛАТЕЖЕЙ И ПЕРЕВОДОВ ДЕНЕГ**

**М.Дүйсебаева, Р.А.Камалдинов** 174  
**БОРЬБА С ТЕРРОРИЗМОМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Г.Н.Ортаева** 177  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ОРМАН ҚОРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**С.О. Қуанышбаева** 180  
ЮКГУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**МЕДИАЦИЯ В ПРАВЕ**



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

<b>П.Т.Байнешева, Л.Рахымбаева, Н.М.Калманова</b> М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ФАКТОРЫ</b>	<b>183</b>
<b>П.Т.Байнешева, Л.Рахымбаева</b> М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан <b>ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТЫҚ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ БАСҚАРУ</b>	<b>188</b>
<b>С.Ж.Жакипбеков, А.М. Мамытов, М.Ж.Токтибаева</b> ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан <b>ПРОБЛЕМЫ АЛЛОКАЦИИ (ПЕРЕРАСПРЕДЕЛЕНИЯ) БАНКОВСКИХ ЗАТРАТ ПО ЦЕНТРАМ ПРИБЫЛИ</b>	<b>194</b>
<b>А.Shagirbayeva</b> International Information Technology University, Almaty, Kazakhstan <b>CONFLICT MANAGEMENT IN PROJECTS</b>	<b>198</b>
<b>Д.А.Куттыбаева, А.К.Мусин, А.А.Рыскулова</b> М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент Қазақтұғынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Шымкент <b>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ</b>	<b>201</b>
<b>Д.А.Куттыбаева</b> М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент <b>А.К.Мусин, А.А.Рыскулова</b> Қазақтұғынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Шымкент <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША ЕҢБЕКАҚЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ</b>	<b>206</b>
<b>Р.К.Ниязбекова, С.А.Илашева, С.Б. Куандыков</b> Қарагандинский экономический институт Казпотребсоюза, ЮКГУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан <b>АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ РЫНКА МЕБЕЛИ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ</b>	<b>210</b>
<b>ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ТІРШІЛІК ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ</b>	
<b>П.А. Есенбекова<sup>1</sup> А. Тажиева<sup>2</sup></b> Институт зоологии КН МОН РК <sup>1</sup> , научный сотрудник., ГРПП «Сырдария-Туркестан» <sup>2</sup> <b>МАТЕРИАЛЫ К ФАУНЕ ПОЛУЖЕСТКОКРЫЛЫХ (НЕТЕРОПТЕРА) ГРПП «СЫРДАРИЯ-ТУРКЕСТАН»</b>	<b>217</b>
<b>О.М. Ибрагимов, Ұ.Денгелбаева</b> М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент <b>ШЕКАРАЛЫҚ ШАРТТАРДА ПАРАМЕТР ҚАТЫСҚАН ИНТЕГРАЛДЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ҮШІН ШЕКАРАЛЫҚ ЕСЕПТІ ШЕШУ</b>	<b>220</b>

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ  
НАУКИ О ЗЕМЛЕ, АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС**

---

- А.Н.Жылысбаева, Ж.Умбетбаева, О.А.Ермолаева** **225**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, АӘИУ, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университет  
магистранты, Шымкент қ.  
**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТОПЫРАҚ ЖАБЫНЫНЫҢ ҚОРҒАСЫНМЕН ЛАСТАНУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**
- А.Сқақова, А.Н. Жылысбаева** **229**  
Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті магистранты  
**ОМЫРТҚАСЫЗ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАРАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ТҮРЛЕРІ**

**Ғылыми журнал**

2001 жылдың тамызынан бастап шығарылуда  
Жылына 4 нөмірі шығарылады

**Редакторлары:** Махашов Е.Ж., Наурызбаев Қ.К.

**Журналды шығаруға жауапты:** Наурызбаев Қ.К.

**Техникалық редакторлар:** Наурызбаев Қ.К., Усебаева Г.Л.

**Меншік иесі:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген № 10469 – ж (12.11.2009 ж.)

Алғашқы тіркелуі және нөмірі № 2226-ж (13.08.2001 ж.)

---

**Научный журнал**

Издается с августа 2001 года

Выпускаются 4 номера в год

**Собственник:** Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова

Регистрационное свидетельство журнала №10469–ж (12.11.2009г.) выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан

Номер и дата первичной постановки на учет № 2226-ж (13.08.2001 г.)

Подписано в печать 20.04.2015 г. Объем п.л. 14.6 Тираж 300 экз.  
Бумага писчая. Печать офсетная. Заказ № 3297 НИУ ЮКГУ им. М.Ауэзова,  
г. Шымкент, пр-т Тауке-хана,5, тел: 21-06-48

